**Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп**

**Мектепалды « Б » сынып**

**Тәрбиеші: Балгалиева Ардак Амандыковна**

**Оқу жылы: 2022-2023**

Тексерілді: [signature]
Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Тлепова Ш.Ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп
Мектепалды «Б » сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09—02.09.2022 ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі 01.09.2022** | **Жұма 02.09.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | | | | Балаларды **«Көңілді күн»** музыкасымен қарсы алып, қабылдау.Көңіл-күйлерін сұрау. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br><br>**(Музыка**** , дене шынықтыру**)** | Балаларды **«Балдырған»** музыкасымен қарсы алып қабылдау. Денсаулығын, тазалығын тексеру. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br><br>**(Музыка**** , дене шынықтыру**)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | | | | Ата-аналарды биылғы жаңа оқу жылымен құттықтап, балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | Ата-аналарға мектепке келуі, тәртібі жөнінде әңгімелесу. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | | **Үстел-үсті ойын**<br>«Тостаған»<br>Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруді үйрету.<br>(**Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | **Сюжеттік ойын**<br>«Мен дәрігер боламын»<br>**Мақсаты:** Балалар бір - бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білуді үйрету.<br>(**Сөйлеуді дамыту - қарым-қатынас іс-әрекеті** |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br><br>**(түскі жаттығу)** | **Қыркүйек айы ( I – II апта )**<br>1 Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру;<br>2 Тізені жоғары көтеріп жүру;<br>3 Тепе-теңдікті сақтау: шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру;<br>4 Қатармен бір-бірден тізені жоғары көтеріп жүгіру;<br>5 Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 6 Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру;<br>7 Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею;<br>8 Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет);<br>9 Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);<br>10 Жұбымен шеңбер бойымен жүру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | | - Балалар, 1 қыркүйек – қандай күн?<br>-Барлық балалар қайда барады.<br>Қанатым талмайды,<br>Қиялым самғайды.<br>Ақын да, ғалым да,<br>Ұстазсыз болмадйы.<br>Мереке күніңмен<br>Құттықтап бүгін мен.<br>Ойыма ой қосам,<br>Сіз берген біліммен.<br><br>**(Қазақ тілі***)** | Табиғат біздің анамыз,<br>Табиғатқа баламыз.<br>Иіліп сәлем береміз,<br>Біз әдепті боламыз.<br>Армысың алтын Күн!<br>Армысың Жер Ана!<br><br>**(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | **Сауат ашу негіздері**<br>«Сөз ойла, тез ойла» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу;<br>**Қазақ тілі**<br>**«**Жалғасын тап**» ойыны**<br>**Мақсаты:** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Мен әдепті баламын» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен | **Сауат ашу негіздері**<br>«Мен сияқты айт» (доппен) **дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу;<br><br>**Көркем әдебиет** «Сыңарын тап» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру;<br><br>**Сурет салу**<br>**«Жаңбыр тамшыларын тосамыз»** ойыны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету;<br><br>**Музыка** «Менің балапандарым қайда?» **ойыны.**<br>**Мақсаты:**Балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; | **Мақсаты**: Балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру, үйретілген жаңа әдістермен сурет салғызып, алған білімдері мен іскерліктерін бекіту, дақтарды біркелкі түсіруге дағдыландыру;<br><br>**Дене шынықтыру** «Спортзалда ойнаймыз» **қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту.<br>Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.<br>Серуенге қызығушылықты арттыру, топтық ережелерді қайталау<br>Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу. | | | | |
| **Серуен** | | | | **Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау**<br>**Мақсаты:**тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы түсінік қалыптастыру.<br>Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастырып, әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы біледі.<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ жасыру** | **Күздің алғашқы белгілерін бақылау**<br>**Мақсаты:**тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы түсінік қалыптастыру.<br>Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайтып, күздің алғашқы белгілері туралы түсініктері қалыптастырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Ақ киімді біреуі,<br>Сары киімді біреуі,<br>Көк киімді біреуі,<br>Әлем, жәлем киімі,<br>Тағы бірі жүреді.<br>(жылдың төрт мезгілі)<br>Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу)<br>Қазір жылдың қай мезгілі (күз жайлы әңгімелеу)<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>-Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>-Адамдар күзде не істейді?<br>-Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>**Табиғаттағы еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>**Мақсаты:** шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.<br>**Қимылды ойын: «Күн мен түн»**<br>**Мақсаты:** қимыл қозғалыс түрлерін біледі. (шапшаңдық,ептілік)<br>**Ойын шарты:** ұзындығы 40-60 метрлік алаңның ортасында арасы 2м параллель екі сызық сызылады. Балалар екі топқа | **Бақылау барысы**<br>**«Қыркүйек» Ғ. Өкеев**<br>Бір-біріне жер, аспан,<br>Мейірлене қарасқан.<br>Төкпей-шашпай тасып дән<br>Машиналар асыққан.<br>Ұстаз, шәкірт жүздескен,<br>«Қош келіпсіз күз» дескен.<br>Берекелі алтын күз,<br>Ұмытпаймыз салтын біз<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>-Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>-Күзде ауа-райы қалай өзгереді?<br>-Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>-Адамдар күзде не істейді?<br>-Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>**Табиғаттағы еңбек**<br>**Ойын алаңындағы ұсақ тастарды жинау**<br>**Мақсаты:** өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан»**<br>**Мақсаты:** балалардың ептіліктерін, шапшаңдықтарын дамыту.<br>**Ойын шарты:** мысық рөлін ойнайтын бала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бөлініп, қарама-қарсы екі сызықтың бойына тұрады. Топтың біріне «түн», екіншісіне «күн» деп ат қояды. Тәрбиеші «күн» десе күн тобындағылар, түн тобындағыларды алаң шетіне қуып барады. Ұстап алғандарды өз тобына қосып алады. Және керісінше болып ойын жалғаса береді.<br>**Жеке баламен жұмыс**<br>Көрініп еліме<br>Күндері мереке.<br>Келді ғой жеріме<br>Күз дейтін мереке.<br><br>**Еркін ойын**<br>**Мақсаты:** балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау,ойын жаттығуларын орындауын бақылау. | тандалады.Қалған ойыншылар- «тышқан» болады. Мысық серуендеп жүргенде, тышқандар үйшікте отырады. Ал мысық ұйықтаған кезде,тышқандар серуенге шығады.Тышқандар ойын алаңында еркін ойнап жүреді. Осы уақытта мысық оянып, мяулап тышқандарды ұстайды. Тышқандар үйшіктеріне қашады.<br>**Жеке баламен жұмыс**<br>**Мақал-мәтел**<br>Көктемгі әрекет, күзгі берекет.<br>**Еркін ойын**<br>**Мақсаты:**қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен сыныпқа оралуы.<br>Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>**(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | | «Кім тапқыр?» **ойыны**<br>**Мақсаты:** интонациясы бойынша сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>**Ойын шарты:б**аларға аудио дыбыстар жібереді. Балалар ненің дыбысы екенін тез анықтап айтады. Мысалы: Желдің, қоңыраудың, ысқырықтың, мысықтың мияулауы, сиырдың мөңіреуі, барабан соғылу т.б Сөздерді көп тауып айтқан бала жеңімпаз атанады. | «Мен білгішпін» **ойыны**<br>**Мақсаты**: ауызекі сөйлеуде қарым қатынас құралы ретінде дамыту.<br>**Ойын шарты:** балалар бір-бірлеп дорбадан заттарды алады.Не алғанын атайды.Қандай дыбыс шығарады. Дыбысты естиміз, айтамыз.<br>Мысалы: қоңырау, сылдырмақ, телефон т.б<br><br>**(Қазақ тілі***)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Сөз-бір ғана заттың атауын білдіреді. Дыбысты біз естиміз, айтамыз.<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті-сөйлеуді дамыту)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы?<br><br>**Айбекұлы Әлиге** алма, қарбыз, күшік, мысық суреттерін көрсете отырып, қандай дыбыстардан тұратынын үйрету. | құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсе алады, олардың өтініштерін орындауы?<br>**Алтай Алнұр** қимылды ойынға қатыстырылды. Балалармен бірге «Пойыз» ойынын ойнап, балалардың алдында «тепловоз» болып, кейін «соңғы вагон» болып тұруға, жарысып ойнауға қызығушылығы артты. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | | | Ата-аналармен баланың мектепке бейімделуі жайында сұхбат. | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. |

Тексерілді :
Оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Тлепова Ш.Ж

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп
Мектепалды «Б» сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 5.09—09.09.2022 ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 5.09.2022** | **Сейсенбі 6.09.2022** | **Сәрсенбі 7.09.2022** | **Бейсенбі 08.09.2022** | **Жұма 09.09.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br><br>«Біз әйбат баламыз»<br>**Мақсаты:** отбасы мүшелерін атау, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық жасауға үйрету, туыстық қарым- қатынасты білдіретін сөздерді үйрету.<br><br>**(қарым – қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті сауат ашу негіздері)** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br>Әнұран айту.<br>Таңертеңгі жаттығу<br><br>**«Қайырлы таң қолым»** алақанды сипаймыз.<br>**«Оянамыз көздерім!»-** шапалақтаймыз.<br><br>**(Дене шынықтыру**)** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br><br>**Әңгімелесу:** «Мектепке келе жатырғанда не көрдің?»<br>**Мақсаты:** баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту.<br><br>**(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі***)** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br>«Оң және сол» **ойыны.**<br>**Ойынның мақсаты:** үлкен және кіші заттарды ажыратуға жаттықтыру.<br>**Ойынның мазмұны:** Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді.<br><br>**«Көңілді қояндар»** ән- ойын жаттығуы.<br>**(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет-математика негіздері, музыка****)** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br>«Ине мен жіп» **ойыны.**<br>**Мақсаты**: Балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына орай жаттығу.<br>**Жүргізуші:**Мен ине боламын, ал сендер жіпсіңдер.<br>Сендер менің артымнан бір-бірлеріңнің белдеріңнен ұстап тұрыңдар. Қазір бәріміз алдымызда тұрған кедергілер арасынан үзілмей жүреміз. Кім жіпті үзсе сол ойыннан шығады.<br><br>**(Дене шынықтыру**)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың әл-ауқаты, демалыс күндері туралы әңгімелер. | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек | Ата-аналармен балалардың күнделікті үйдегі еңбекке араласуы, қызықты сәттері туралы әңгімелесу. | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру (жеке) | Ата-аналармен жеке әңгімелесу. Мектепте сыныптағы күн тәртібін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мәселелері бойынша әңгімелесу. | | | сақтаудың маңыздылығын еске түсіру. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дидактикалық ойын:** «Суретші» Мақсаты:Есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларға кез-келген заттардың пішіндері мен бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен **(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту, Музыка**** - сурет, музыка )** | **Үстел үсті ойыны:** «Неден жасалған?» Мақсаты:Заттардың қандай материалдардан жасалғанын олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.Заттардың, ойыншықтардың адамның еңбегімен жасалғанын білу және оларға ұқыпты қарауға үйрету. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті - қоршаған ортамен таныстыру)** | **«Тәрбиеші апайлар»**<br>Ән салғызып, билетіп,<br>ылғи бізбен жүреді.<br>Тақпақты да үйретіп,<br>Ойната да біледі.<br>Қызық-қызық ертектер<br>Біздерге оқып береді.<br>Жылауық та, тентек те<br>Сол апайға көнеді<br>Кішкентаймыз әлі біз,<br>Үлкендерге сенеміз.<br>Бұл тәтені бәріміз<br>Сыйлап, жақсы көреміз.<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті-сөйлеуді дамыту, қазақ тілі***)** | **Логикалық тапсырмалар:** Ілгек жапсыру, қиындыларды ретімен жапсыру. **(шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, Дене шынықтыру**)** | «Жалпы атауын ата» **ойыны. Мақсаты**:Балаларға заттард ы жеке-жеке таныта келе, ен соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшандыққа баулу.<br><br>**(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру**) |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қыркүйек айы ( I – II апта )**<br>1 Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру;<br>2 Тізені жоғары көтеріп жүру;<br>3 Тепе-теңдікті сақтау: шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру;<br>4 Қатармен бір-бірден тізені жоғары көтеріп жүгіру;<br>5 Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою;<br>6 Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру;<br>7 Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею;<br>8 Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет);<br>9 Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);<br>10 Жұбымен шеңбер бойымен жүру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br><br>**(Қазақ тілі***, музыка**)** | Қазақ музыка өнерінің шығармаларынан ән тыңдату.<br><br>(**Музыка****)** | **Тосын сәт: Есік қағу «Сандықша»** әкелу. Балалар мына сандықтың ішінде не бар екен ?. Бұл сандықтың ішінде үлкен ватман қағаздан қиылған қиындыдан күн суретін топпен құрастыру. Бүгінгі күнге сәттілік тілеу. **«Көңілді күн»** әніне билеу. **(Музыка**)** | «Бала, бала балапан»<br>Бала, бала балапан<br>Қане қайсы алақан,<br>Саусақтарың айбат,<br>Былай-былай ойнат<br>Бір қадам алға басамыз,<br>Алақанмен соқ-соқ,соқ<br>Бір қадам артқа басамыз,<br>Аяқпенен топ-топ-топ<br><br>(**Қарым- қатынас іс –әрекеті-көркем әдебиет)** | **«Теңін тап» Мақсаты:**Балалар екі бірдей заттарды таба алады.<br><br>(**танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-математика негіздері )** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Кел танысайық » **ойыны**<br>**Мақсаты:** Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларына үйрету,бір-бірімен танысып,әңгіме құрай алу дағдысын меңгерту, жылы сөздерін арнап, жүрекше ұсыну..<br><br>**Математика негіздері**<br>«Мен мектепке дайынмын» **ойыны**<br>**Мақсаты:**Балаларға танымдық қызығушылықтарын,білуге құмарлықты,оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға деген ынтасын арттыру,мектепке қажетті құралдармен таныстыру, аттарын атап айтқызу, жасырын қораптың ішінен мамандық иелеріне қатысты құралдардың арасынан оқу құралдарын тауып атау .<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Табиғатты аяла!» **ойыны.**<br>**Мақсат:**<br>Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу, жанды табиғатқа керекті жағдайларды сәйкестендіріп үйрену. | **Сауат ашу негіздері**<br>«Сөзді өлшеп көрсетейік» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсініктерін, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулуды қалыптастыру, күн, түн, көзілдірік, ғарышкер т.б. сөздерді айтқан балалар кезекпен топқа бөлініп тұруын үйрету.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Мектепке саяхат жасаймыз» **ойыны**<br>**Мақсаты:**Танымдық қызығушылықтарын,білуге құмарлықты,оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға деген ынтасын арттыру,мектептің ішімен таныстыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Аудармашы» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытып,ойын барысында бір-бірімен сөйлесу арқылы тілдік қорларын дамыту.<br><br>**Музыка**<br>«Көңілді -мұңды» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру, тәрбишінің жіберген түрлі әуендерінен сәйкес карточканы көтереді. | **Математика негіздері**<br>«Мектепке саяхат жасаймыз» **ойыны**<br>**Мақсаты:**Танымдық қызығушылықтарын,білуге құмарлықты,оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға деген ынтасын арттыру,мектептің ішімен таныстыруды жалғастыру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**«**Адал дос»<br>**Мақсаты:** Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға,достық қарым - қатынас орнатып диоглог жүргізуге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**«**Лото ойыны » **ойыны.**<br>**Мақсаты:**<br>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру;<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Денсаулықтың құпиялары» **қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру,сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру; | **Сауат ашу негіздері**<br>**«**Сөз жарысы» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсініктерін, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулды қалыптастыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Кім көп біледі?» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытып,ойын барысында бір-бірімен сөйлесу арқылы тілдік қорларын дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Сурет құрастыру» **ойыны.**<br>**Мақсат:** Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу;<br><br>**Музыка**<br>«Үнінен таны» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру Тәрбиеші аспаптардың бірінен музкалық әуенді тыңдатады.Балалар тыңдайды және музыкалық аспаптың атын атайды. | **Сауат ашу негіздері**<br>«Сөзді өлшеп көрсетейік» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсініктерін, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулды қалыптастыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Сиқырлы сөз» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну;<br><br>**Мүсіндеу**<br>«Пішіндер» **ойыны**<br>**Мақсаты**: балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту. Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу, әртүрлі геометриялық пішіндерді мүсіндеп үйрету;<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Денсаулықтың құпиялары» **қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру,сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>«Спортзалда ойнаймыз» **қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; | (мұңды қоян, мұңды ит, көңілді құлыншақ, көңілді тиін) | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.<br>Серуенге қызығушылықты арттыру, топтық ережелерді қайталау<br>Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу. | | | | |
| **Серуен** | **Ауа райын бақылау**<br>**Мақсаты:** тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру<br>**Бақылау барысы**<br>Қ ы р к ү й е к – күн қысқарды, күн көзі жаздағыға қарағанда төмендеді, ал ауа температурасы болса тәулік ішінде бірден өзгереді. Күндіз ауа райы жылы, кейде тіпті ыстық та, бірақ түндер салқынырақ болып барады. Балалардың байқағыштықтарын дамыту, сөз белсенділігін арттыру.<br>**Жұмбақ, тақпақ**<br>Санай бер,<br>Қарай бер,<br>Бояуы – жүз,<br>Келді күз<br>Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? | **Өрмекшіні бақылау**<br>**Мақсаты:** Қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат объектілеріне қамқорлық танытады, өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдері дамып, айнала қоршаған ортаға қызығушылықтары артады.<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Шидиген ұзын сирағы,<br>Тастай кереңі құлағы.<br>Сөйтіп жүріп көп жерге<br>Аспалы торлар құрады.<br>(өрмекші)<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>Өрмекшілердің қандай пайдасы бар? (шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаларды жейді)<br>Өрмекші жәндіктерді қалай аулайды? (оларға өрмек құрады.) | **Күннің ұзақтығын бақылау**<br>**Мақсаты:**табиғат әлеміне танымдық қызығушылықтарын дамыту. Күннің ұзақтығы туралы мағлұмат алып, балалардың ойлау қабілеттерін артып ,тіл мәдениеті молаяды.<br>Бақылау барысы:<br>Жұмбақ жасыру:<br>Бұлттар төніп, жерге төгіліп,<br>Дымқыл тұман басады.<br>Шөп сарғайып, өңі тайып,<br>Дала нұры қашады.<br>Ойнай алмай,<br>Денең мұздап тоңады. (Күз )<br>Күз айында күн неге қысқа екенін тәрбиеші балалармен бірге бақылайды.Сендер жазда үйде не істедіңдер?(қыдырдық) Ал қазір..?(қыдырмаймыз, өйткені далада күн қараңғы қорқынышты және суық). | **Құмырысқаларды бақылау**<br>**Мақсаты:** жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастыра білуді үйрету. Құмырсқалардың тіршілік ету әрекеті, мекен ететін жерлерімен танысып, жәндіктердің тіршілігіне қызығушылықтары артады.<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Екі басы жұдырықтай,<br>Ортасы қылдырықтай.<br>(Құмырсқа)<br>Құмырысқалардың бір уақыттары азайып қалатынына көңіл аудару, олар жылуды сақтау үшін илеулеріне терең бойлай тығылады да кірер бетін жауып алады. Сонымен қатар, күзде олар ұзақ мезгіл – қысқа дайындалатынын жете түсіндіру. Құмырсқаның үйі неге «илеу» деп аталатынын түсіндіреді. Біреуі илеу салады, бірі илеуге кіріп – шығатын жол салады, азық тасиды)Қалай ойлайсыңдар, құмырсқалар | **Гүл егілген гүлзарды бақылау**<br>**Мақсаты:** өсімдіктерге күтім жасау әдістерін үйрету, өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Адамдардың бәрі қызығады,<br>Ұстай берсең сәні бұзылады.<br>(Гүл)<br>Балаларға сұрақтар:<br>Гүлдерде күзде қандай өзгерістер болады?<br>Келесі жылы гүлдер өсіру үшін қазір не істеу керек?<br>Қандай гүлдер күзде гүлдейді?<br>Зерттеу қызметі:<br>Қураған гүлдерді алып, оның сабақтары мен дәндерін қарау.<br>**Табиғаттағы еңбек**<br>**Гүлзардағы гүлдің дәнін жинау** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(Күз)**<br><br>**Табиғаттағы еңбек**<br>**Аланды қоқыстан тазарту**<br>**Мақсаты:** еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіндіру, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылдыру. мектеп ауласындағы қоқыстарды жинау.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Тышқан мен мысық»**<br>**Мақсаты:** Қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту. Ойынды ұйымдастыруда белсенділік танытады,жылдамдық, күш,шыдамдылық,ептілік терін көрсетеді.<br><br>**Жеке баламен жұмыс**<br>Сөздік ойын «Ауа райы туралы айтып бер»<br>Балаларды ауа райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету (жылы, ашық, құрғақ, желді, жаңбырлы, бұлтты т.б.)<br><br>**Еркін ойын**<br>**Мақсаты:** балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау. | Өрмекші өрмектерін жиі құра ма? (желмен, жаңбырмен тез бүлінеді, сондықтан күнде құрады.) Өрмекшілер жыртқыштар ма? (Иә, олар басқа жәндіктерді жейді)<br><br>**Табиғаттағы еңбек**<br>**Ауладағы гүлдерді суару**<br>**Мақсаты:** еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылдыру, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға тырысу.<br><br>**Қимылды ойын: «Жүгір де ұста!»**<br>**Мақсаты:** балалар ептілік танытады,лақтырған допты ұстап алады.<br>**Ойын шарты:** тәрбиеші қолына үлкен әрі әдемі допты алып, баланың алдында 1,5 арақашықтықта тұру қажет.Допты жоғары лақтырып қағып алады да,тәрбиеші бірнеше қадам артқа жүреді де былай дейді: «бір лақтырдым,екі лақтырдым,үш лақтырдым – жүгір де қағып ал!».Бала жүгіріп келіп допты ұстап алуға тырысады,бірақ тәрбиеші допты өзі қағып алады да былай дейді: «ұстай алмадың-кері қарай жүгір!».Бала өз орнына қайтып келеді.Ойын 2-3 рет қайталанады да, тәрбиеші балаға допты қағып алуына мүмкіндік береді. Бала шеңбер бойымен допты | Себебі, жазға қарағанда күн қысқарды.<br><br>**Табиғаттағы еңбек**<br>**Алаңнан ұсақ тастарды жинау.**<br>**Мақсаты:** өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратып үйрету.<br><br>**Қимылды ойын:«Ұшты - ұшты»**<br>**Мақсаты:** балалар ұшатын,ұшпайтын заттар түрлерін ажыратады.<br>**Ойын шарты**: Ойын бастаушы ұша алатын затты атап, ұшты деп қолын көтереді, сонда бәрі тез қолдарын көтеріп «ұшты-ұшты» деп қолдарын көтеріп қалықтап тұрады. Ал ұша алмайтын затты атап «ұшты» деп қолды көтергенде, онда сендер «ұшпайсыңдар». Ал егер ұша алмайтын затты атағанда «ұшып кеткен» ойнаушы тақпақ айтып береді.<br>**Жеке баламен жұмыс**<br>**Тақпақ: Күз.**<br>Қыс-құнар береді,<br>Көктем-дән себеді.<br>Жаз-бастап өсірсе,<br>Күз-жинап береді.<br>**Еркін ойын**<br>**Мақсаты:** балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін орынды жабдықтау, өз еркімен ойынды таңдап ойнауын қадағалау. | жалғыз тұра ма, әлде топтанып па? Құмырсқа қысқа азық жинай ма?<br>- Құмырсқаның илеуін бақылап, жауынның жауатынын қалай білуге болады?<br>**Табиғаттағы еңбек**<br>**Аула сыпырушының еңбегі**<br>**Мақсаты:** аула сыпырушының еңбегімен танысу,мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру.<br><br>**Қимылды ойын:«Шар жарылды»**<br>**Мақсаты:** Мұрын арқылы тыныс алуды , еріннің дұрыс ырғақты беттесуін дамыту.( демнің дұрыс шығуын қадағалау).<br>**Ойын шарты:** балалар жарты шеңберге отырады.Жүргізуші шарды үрлеуді ұсынады.Балалар шарды үрлеуі тиіс: қолдарын екі жаққа жайып және мұрын арқылы терең тыныстау, Демді ауыз арқылы шарға «ффф...» деп жібереді, шар астындағы алақандарын беттестіру. Кейін жүргізушінің шапалақ ұру бойынша шар жарылады-балалар алақандарын соғады.Шардан дыбыс шығады:балалар «шшш...»деп дыбыстайды, еріндерін алшақтатып және қолдарын тізеге қояды. Шарды 2-5 рет үрлейді.Кім ең жақсы үрледі, соған суреттер сыйға тартады.Жүргізуші демнің терең болуын, ал ойын кезінде | **Мақсаты:** еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіндіру, өз күші мен мүмкіндіктеріне сенім қалыптастыру.<br><br>**Қимылды ойын: «Тым - тырақай»**<br>**Мақсаты:** шапшаңдыққа, ептілікке дағдыланады.<br>**Ойын шарты:** Ойнаушы балалар шеңберге тұрады да, бір баланы санамақ айтып, ортаға шығарады. Балалар тәрбиешінің белгісімен:<br>Ал, кәнеки балалар,<br>Бір, екі, үш-деп санаңдар<br>Бір, екі, үш—<br>Ал тараңдар-деп<br>Жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң тәрбиеші бір, екі, үш деп санағанша балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады.<br><br>**Жеке баламен жұмыс**<br>Кешкілік пе, күндіз бе,<br>Өсіп тұрған гүлді үзбе.<br>Туған жерді далаға,<br>Тастай алмай жүрміз бе?<br>Жайнап өсіп далада,<br>Көздің жауын ала ма?<br>Бірде бірін жұлғызба,<br>Қасындағы балаға.<br><br>**Еркін ойын**<br>**Мақсаты:** қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | басынан асыра ұстап жүреді.<br><br>**Жеке баламен жұмыс**<br>Өрмекші алмай тынымды,<br>Күні бойы болдырып.<br>Ұстауға ұшқан шыбынды,<br>Тастады бір тор құрып.<br><br>**Еркін ойын**<br>**Мақсаты:** қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. | | балада ешқандай төтенше кері әсер болмауын бақылайды.<br>Ресурс: суреттер<br><br>**Жеке баламен жұмыс**<br>О, құмырсқа, құмырсқа,<br>Шебер-ақсың жұмысқа<br>Азық жинап қуысқа,<br>Қол жаймайсың «туысқа»<br><br>**Еркін ойын**<br>**Мақсаты:** ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Балалар бұрын соңды ойнап жүрген ойындарын естеріне түсіреді немесе қиялдарына шабыт беру арқылы жаңа бір ойын түрін ойлап шығарады. | ұйымдастыруға мүмкіндік беру. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен сыныпқа оралуы.<br>Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дербес ойын:**«Қуыршақты тамақтандыр».<br>**Мақсаты:** балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру, балалардың түрлі әрекеттерінде бір- бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, қуыршаққа беретін тамақтардың түрін ермексаздан мүсіндеп көрсету.<br><br>**(шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті -мүсіндеу)** | **Танымдық-қимылды ойын:**«Аңдар жүрісі»<br>**Мақсаты:**табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты дамыту. Балалар аңдардың жүрісін салады, аңдар мен құстардың іздерінің суреттерін инетрактивті тақтадан қарап жапсыру.<br><br>**(Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті -жапсыру, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру)** | **Дидактикалық ойын:** «Менің үйім»<br>**Мақсаты:** Өз үйлері туралы әңгімелету, ана тіліндегі айтылуы, дыбысталуы ұқсас дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.Үйлердің үлгісін қарай отырып, өзіне ұнаған үйдің үлгісін бояу.<br>**(Қазақ тілі***, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- сурет салу)** | **«Үй жануарлары»**<br>**Ойын мақсаты**: Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. Балаларға әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға, толық жауап беруге үйрету.<br>**Ойын шарты**: Дөңгелене отырып, ғажайып қалтадан үй жануарларын алып, алған жануардың төлдерімен құрастыру, олар туралы мейірімді сөздер айту.<br>Балалар малдың төлдері қандай? (әдемі, сүйкімді.)<br>Қалай еркелетеміз? (ботақан, қошақан.) | **Табиғи материалдармен жұмыс:** Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екенін бақылау. Асқабақ дәнінен түймедақ гүлін жасау. Асқабақ өсімдігінің пайдасы туралы түсіндіру.<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Төлдер қалай ойнайды. (секіреді, жүгіреді.) **(Қазақ тілі***, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті-құрастыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы? **Аманжол Нұралиге** алма, қарбыз, күшік, мысық суреттерін көрсете отырып, қандай дыбыстардан тұратынын үйрету. | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы? **Баки Нұржанға** алма, қарбыз, күшік, мысық суреттерін көрсете отырып, қандай дыбыстардан тұратынын үйрету. | құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсе алады, олардың өтініштерін орындауы? **Аманұлы Әбілқасым** балалармен бірге топтық жұмысқа қатысып, бірлесе тапсырманы орындауға жаттықты. | құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсе алады, олардың өтініштерін орындауы? **Амантай Райяна** «Сиқырлы пішіндер» дидактикалық ойынында балалармен бірге сызбамен сәйкестендіріп, пішіндердің түсіне қарай бөлініп, жұп болып ойынға қатысты. Ахметжан ашылып, балалармен әңгімелесіп, ортаға қосылды. | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы? **Горький Ерқанатқа** алма, қарбыз, күшік, мысық, гүл, кітап, орындық суреттерін көрсете отырып, қандай дыбыстардан тұратынын үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен баланың мектепке бейімделуі жайында сұхбат. | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. | Үйде ойнайтын ойыны мен ойыншығы туралы пікір алмасу. | Үйде балаларының кітапшалары бар ма? Пікірлесу. | Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру. |

Тексерілді:
Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Тлепова Ш.Ж

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп
Мектепалды «Б» сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 12.09—16.09.2022 ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 12.09.2022** | **Сейсенбі 13.09.2022** | **Сәрсенбі 14.09.2022** | **Бейсенбі 15.09.2022** | **Жұма 16.09.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **«Кім шапшаң?»**<br>**Мақсаты:** Балалар топтасып ойнай алады, ойнай жүріп, дауысты дыбыстан басталған буын мен дауыссыз дыбыстан басталған буынды өзінің түсіне қарай секіріп өтіп шығу. Сөздерді буынға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері, дене шынықтыру**)** | Балаларды қабылдау.<br>Әнұран айту.<br>***«Жыл мезгілдері»***<br>***Жаз, күз белгілері»***<br>**Мақсаты:** Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау. Балаларға жыл мезгілдері жайлы жалпы түсінік беру. Жыл мезгілдерінің құбылыстарына сипаттама беру.<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру)** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.<br>Мектепке не үшін барамыз? Мектеп бізге не үйретеді? А дыбысы мен әрпі<br>**Мақсаты:** Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау. Суретті кітаптардан ақпаратты табу (сурет арқылы).<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері)** | **«Күз бояуы»**<br>**Мақсаты:** Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану.<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті-сөйлеуді дамыту)** | Балаларды қабылдау.<br>**«Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?»**<br>**Мақсаты:** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым қатынасын білдіруге ұмтылдыру.<br>Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату.<br>Саңырауқұлақ, саңырауқұлақ,<br>Басында қалпағы бар.<br>Ормандағы жәндіктерге,<br>Жауын жауса пана болар.<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі*** )** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме**<br><br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**<br><br>Ата- аналарға балаларын жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме**<br><br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінімізді сездіру. | **Ата-аналармен әңгіме**<br><br>Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. | **Ата –аналармен әңгіме**<br>«Дұрыс тамақтануға баулу»<br>Үйдегі тамақтануы, телефонды қаншалықты ұстайтыны, үйде белгілі күн тәртібімен жүруін бақылауға алуына кеңес беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Мен білетін жақсы сөздер. Сөз» **ойын жаттығуы.** **Мақсаты:** Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну. Жазу бетін бағдарлау, жазу жолын, жоларалық кеңістікті ажырату, жануарлар бейнесіндегі сызықтарды толтыру., әріп элементтерін жазу.Музыка әуенімен әнге қосылып шырқау. **(қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет- сауат ашу негіздері, музыка****)** | «Мен шымыр боламын» **ойыны.** **Мақсаты:** дене шынықтыруға баулу, дененің күшін, жылдамдығын, шыдамдылық, икемділігін дамыту. **(Дене шынықтыру**)** | «Бәріміз тақпақ айтамыз. Буын» **үстел үсті ойыны.** **Мақсаты:** Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Сөз/сөйлем сызбасын оқу. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, 8 әріп элементтерін жазу. **(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет- сауат ашу негіздері)** | «Біз – өнерлі баламыз. Сөйлем түрлері» **ойыны.** **Мақсаты:** Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы, сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдану. **(қазақ тілі***)** | **Үстел үсті ойыны:** «Домино» **Мақсаты:** Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Домино ойынында қарсы мағыналы заттардың суретін қойып орналастыру. Сөздердің атауларын білу, сөйлем құрату. **(Қарым- қатынас іс –әрекеті- сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қыркүйек айы ( ІІІ – ІҮ апта )**<br>1 Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру;<br>2 Қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру;<br>3 Қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;<br>4 Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру;<br>5 Заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу;<br>6 Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру;<br>7 Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу;<br>8 Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер**<br>Біз бақытты баламыз,<br>Оқып білім аламыз,<br>Әріптерді үйреніп,<br>Білімді бала боламыз.<br>**Қимылды ойын:** «Сапқа тұр»<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті- көркем әдебиет, дене шынықтыру**)** | **Шаттық шеңбері:**<br>Нұрға бөлеп өмірді,<br>Жырға бөлеп көңілді,<br>Жарқыраған сәулелі<br>Күз әуені төгілді.<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті- көркем әдебиет)** | **Отбасы мүшелерін атау.** Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. «Сиқыршы бір тілегіңді орындайтын болса, сен отбасыңа не тілер едің?» **(Қарым- қатынас іс –әрекеті- сөйлеуді дамыту)** | **«Ойыншықтар» әні**<br>**Мақсаты:** Әнді бірге қосылып айтып, би қимылдарын жасау.<br>Біздерде бар қуыршақ,<br>Бұзау, қозы, құлыншақ.<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Әмір беріп бұйырсақ.<br>Қуыршақтар ұйықтайды,<br>Айтқаныңнан шықпайды.<br>Ал,қозы мен қуыршақ,<br>Ұйықта десек ұқпайды<br>**(Музыка****, дене шынықтыру**)** | **«Не артық?»**<br>**Мақсаты:** Балаларға танымдық, зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту. Суретте көрсетілген артық суретті тауып, дәрігерге керекті заттардың суретін атау. **(Танымдық және зерттеу іс-әрекеті -математика негіздері)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Мектептегі алғашқы күн»<br>**Мақсаты:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п дыбыстарды | **Сауат ашу негіздері**<br>«Кім шапшаң сөйлем құрайды?» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді | **Математика негіздері**<br>«Сипаттап табу» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Геометриялық фигураларды (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш шаршы, | **Сауат ашу негіздері**<br>«Кім шапшаң сөйлем құрайды?» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді | **Сауат ашу негіздері**<br>«Сөз ойла» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дұрыс, анық айтуды үйрету;<br><br>**Математика негіздері**<br>«Сиқырлы пішіндер»<br>**ойыны**<br>**Мақсаты:** Геометриялық фигураларды (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш) дұрыс атап, оларды ажырата білуге үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Отбасына сыйлықтар»<br>**ойыны.**<br>**Мақсат:**<br>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу;<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Күлкі сыйла**» қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Жүру:сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; | қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Не өзгерді?» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Геометриялық фигураларды (шаршы, тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды ажырата білуге үйрету,геометриялық пішінді көру және сипап-сезу арқылы зерттеу,есте сақтау арқылы жоғалған пішінді табуды үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Менің ойыншықтарым**»**<br>**ойыны**<br>**Мақсаты:**Тілдік және артикуляциялық жаттығуды, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту арқылы білімдерін жетілдіру.<br><br>**Музыка**<br>«Музыкалық сағат» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу; | тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды ажырата білуге үйрету, кез- келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттауды үйрету.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Дыбысты дұрыс айтамыз»<br>**ойыны**<br>**Мақсаты:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Сөзді аяқта» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Біз күшті ержүрекпіз»<br>**қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Жүру:сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; | қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**«**Менің сүйікті ойыншығым»<br>**дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:**Тілдік және артикуляциялық жаттығуды жасау арқылы, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту арқылы,ойн-тапсырма негізінде білімдерін жетілдеру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** «Менің анам қандай?» **ойыны.**<br>**Мақсаты:**<br>Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу;<br><br>**Музыка**<br>«Көңілді паровоз» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру; | анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру.<br><br>**Көркем әдебиет** «Кім кімнен кейін?**» ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен кітапқа деген қызығушылығын дамыту;<br><br>**Жапсыру**<br>«Қателесіп қалма!» **ойыны.**<br>**Мақсаты**: Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Жапсырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану, түрлі материалдардан жапсыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Мен ойнағанды жақсы көремін **» қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Жүру:сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау.<br>Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.<br>Балалардан бүгінгі ауа райы туралы әңгімелетіп, ойларын айтуын бақылау. | | | | |
| **Серуен** | **Топырақты бақылау**<br>**Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары | **Ұшып кететін құстарды бақылау** | **Қайың ағашын бақылау**<br>**Мақсаты:** Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін | **Күннің ұзақтығын бақылау** | **Тастарды бақылау**<br>**Мақсаты: Ө**лі табиғат заттарын адамның қолымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру Балаларды топырақтың ауа райына байланысты өзгеретінін, Ойлау , талқылау, дәлелдей алуы дамып, туған жерге ұқыптылық қатынасына тәрбиеленеді.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Зер, зер кілем, зер кілем,<br>Көтерейін десем зор кілем. (жер)<br>Балалар назарын аяқ астына, жерге аудару. Құрғақ жылы күні топырақ жылы болады, қолға алсаң шашылғыш, түсі ашық сұр болады.<br>Жаңбырлы күні ол қара түсті, тығыз, ылғалды болады.<br>Алғашқы суық түсісімен топырақ тас сияқты болып қатып қалады. Топырақ дегеніміз - жердің бетіндегі өсімдік өсетін жұмсақ қабаты.Яғни, топырақ құрамына өсімдіктердің, жан - жануарлардың, қалдықтарының араласуы арқылы пайда болады.<br>Топырақ - құнарлы топырақ, құнарсыз болады екен.<br>Құнарлы топырақ арқылы еліміздің ауыл шаруашылығы өсіп өркендейді. Т ә ж і р и б е.<br>Ауа райы жылы болғанда топырақты қолмен ұстап көру.<br><br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Гүлзардағы жұмыс (тәрбиешімен бірге) | **Мақсаты:** Жануарлардың, құстардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату, ұшып кететін құстар туралы түсініктері кеңейіп, құстарға деген танымдық қызығушылықтары артады.<br>Бақылау барысы<br>Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:<br>Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді?(құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады)<br>Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, қоректендіреді)<br>Құстар жемі күзде қайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер қурайды, дәндер мен тұқымдар азаяды)<br>Құстардың ұшу мерзімі **неге** байланысты деп ойлайсыңдар, ең әуелі қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндәктермен қоректенетін құстар, сонан соң дәнмен, тұқыммен, астықпен қоректенетін құстар ұшып кетеді.<br><br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>**Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау.**<br>**Мақсаты:** Бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, жауапкершілікке баулу. | бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату, күзгі қайың ағашын бақылап, қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйренеді.<br>Бақылау барысы:<br>Балаларға сұрақтар:<br>Күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды?<br>Олардың жапырақтары неге сарғаяды?<br>Ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды?<br>Ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар?<br>Зерттеу жұмысы: қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу.<br><br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау.<br>**Мақсаты:** өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: «Сақина салу»**<br>Мақсаты: балалар байқайды, жылдам және ұжыммен тату, қарым-қатынасты жасай алады.<br>Ойын шарты: балалар дөңгеленіп екі-екіден қатарласып отырады. Ойын бастаушы бала ортаға шығады, оның қолында сақинасы болуға тиіс. Ол сол сақинаны бір шеттен бастап қолдан-қолға жүгіртіп, отырғандардың біреуінің | **Мақсаты:** Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Күннің ұзақтығы туралы мағлұмат алып, балалардың ойлау қабілеттерін артып ,тіл мәдениеті молаяды.<br>Бақылау барысы:<br>Жұмбақ жасыру:<br>Бұлттар төніп, жерге төгіліп,<br>Дымқыл тұман басады.<br>Шөп сарғайып, өңі тайып,<br>Дала нұры қашады.<br>Ойнай алмай,<br>Денең мұздап тоңады. (Күз )<br>Күз айында күн неге қысқа екенін тәрбиеші балалармен бірге бақылайды.Сендер жазда үйде не істедіңдер?(қыдырдық) Ал қазір..?(қыдырмаймыз, өйткені далада күн қараңғы қорқынышты және суық).<br>Себебі, жазға **қарағанда күн қысқарады.**<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>**Алаңнан ұсақ тастарды жинау.**<br>**Мақсаты:** Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға баулу.<br>**Қимылды ойын: «Ұшты - ұшты»**<br>**Мақсаты: балалар ұшатын,ұшпайтын заттар түрлерін ажыратады.**<br>**Ойын шарты: Ойын бастаушы ұша алатын затты атап, ұшты деп қолын көтереді, сонда бәрі тез қолдарын көтеріп «ұшты-ұшты» деп қолдарын көтеріп** | жасалған заттардан ажырата білу, тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білімдері қалыптасады.<br>Бақылау барысы:<br>Балаларға сұрақтар:<br>Табиғат нешеге бөлінеді?<br>Қандай-қандай?<br>Өлі табиғатқа нелер жатады?<br>Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты)<br>Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит)<br>Қатты тастарды атаңдар?<br>Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\<br>Неге? (ол жұмсақ, жұғады)<br>Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі)<br>Көмір не үшін керек? (отынға)<br>Асыл тастар деген не? (қымбат тастар)<br>Қалай ойлайсыңдар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.)<br>Зерттеу жұмысы:<br>Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды )<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау.<br>**Мақсаты:** Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Т ә ж і р и б е. Ауа райы жылы болғанда топырақты қолмен ұстап көру.<br>**Мақсаты:** Бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, жауапкершілікке баулу.<br><br>**Қимылды ойын: «Қаздар мен аққулар»**<br>Мақсаты: балалар топтасады,рөлдерге бөліне ойнай алады.<br>Ойын шарты: ойыншылардың ішінен қасқыр, бақташы таңдап алынады. Басқа балалар қаздар болады. Ортадан бір сызық сызылады. Ол қаздардың тұратын жері. Қасына шығыршық қойылады. Ол қасқырдың үйі болады. Бақташы қаздарды жайып шығады. Олар далада жайылып жүреді.<br>Бақташы: Қаздар-қаздар.<br>Қаздар: Га,га,га<br>Бақташы:Тамақ жейсіндер ме?<br>Қаздар: Иа,иа,иа<br>Бақташы.Ендеше ұшыңдар!<br>Қаздар: Жоқ,аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда.<br>Бақташы: Тез, ұшыңдар қалайда.<br>Осы кезде қанаттарын қағып ұшып, бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын шығыршықтың ішіне кіргізіп қояды. 2 рет ойнағандар ауысып, басқа балаларға кезек береді.<br><br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Мақал-мәтел | **Қимылды ойындар: «Торғайлар мен автомобильдер»**<br>Мақсаты: балалар жылдам,шапшаң қимылдай алады.<br>Ойын шарты: Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып отырындықтада отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді, торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.<br><br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Ырым-тыйымдар:<br>Құстың ұясын бұзба,құстың баласына тиіспе қарғысына қаласың.<br>Бозторғай ән салса, күн ашық болады.<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.<br>Балалар бұрын соңды ойнап жүрген ойындарын естеріне түсіреді немесе қиялдарына шабыт беру арқылы жаңа бір ойын түрін ойлап шығарады. | алақанына салуы керек. Алақанына сақина түскен бала мұны жанындағы көршісіне сездірмейді. Осыдан кейін ойын бастаушы ортаға шығып,<br>Алтын сақинам жоғалды,<br>Алыстан ешкім келген жоқ<br>Жоғалғанда кім алды<br>Осы топтан бірі алды-дейді. Сонда сақинасы бар бала көршісіне білдірмей орнынан шапшаң тұруы керек. Егер ол тұра алмай көршісіне өзін ұстатып қойса, айып төлейді.<br>Жеке баламен жұмыс:<br>Сырғалы қайың, ақ қайың.<br>Сырыңды сенің жаттайын.<br>Өсе берші жайқалып,<br>Мен ерінбей баптайын.<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. | **қалықтап тұрады. Ал ұша алмайтын затты атап «ұшты» деп қолды көтергенде, онда сендер «ұшпайсыңдар». Ал егер ұша алмайтын затты атағанда «ұшып кеткен» ойнаушы тақпақ айтып береді.**<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>**Тақпақ: Күз.**<br>**Қыс-құнар береді,**<br>**Көктем-дән себеді.**<br>**Жаз-бастап өсірсе,**<br>**Күз-жинап береді.**<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. | **Қимылды ойын: «Көги-көк »**<br>Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулиды.<br>Ойын шарты: Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап:<br>Гөк, гөк, көги көк,<br>Гөк, гөк, көги гөк.<br>Гөк, гөк, көги гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді.<br>Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады.<br>Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. «Кемпір» Әлгің қайда?<br>Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей.<br>Әлгің қайда?-<br>Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің біріңді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін **« кемпір» қасына алып қала береді.**<br><br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Мақал-мәтел:<br>Асыл тастан шығады,<br>Ақыл жастан шығады.<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Туған жердің топырағы жұмсақ, ауасы шипа.<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау. | | | | ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.<br>Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты орналастыруын қадағалау. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Күзгі орман» **ойыны**<br>**Мақсаты:**Күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру.<br>Күзгі орманның суретіне аңдар мен ағаштарды тауып, тақтаға жапсыру.Аттарын атап, буынға бөлу.Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету.<br><br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті- танымдық, іс-әрекет- сауат ашу негіздері)** | «Аспазшы» **үстел үсті ойыны.**<br>**Мақсаты:** балалар аспазшы мамандығы туралы түсіндіре алады, үстел үстіндегі араласқан тағамдар суреті мен аспазшының ас пісіретін құралдарын тақтаға жапсыру. Қазақ тіліне тән ə, ө, қ дыбыстары келетін сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br><br>**(Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті -жапсыру, қазақ тілі***)** | **Дербес ойын:**«Мозайка»<br>**Мақсаты:**балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады. Мозаика бөліктеріндегі суреттердегі жануарлардың даусын салып, әріптерді дұрыс айтуға жаттығады.<br>Қарға қарқ, қарқ<br>Айдаһар һа, һа<br>Бұзау мө, мө т.б.<br><br>**(қазақ тілі***, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті құрастыру)** | **Баяу қимылды ойын: «Сипап сезу арқылы санау»**<br>**Мақсаты: 5 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Құрастырғыштардан пішін құрастырып, қол моторикасын дамыту.**<br>Ойын шарты: Тәрбиеші үстелінің үстінде орамалмен жабылған заттардың екі тобы қойылады, сол санды атап, екі орамалдың астындағы затты салыстыру керек. **Ойын барысында басқа балалар «5» санын құрастырады.**<br>**(Танымдық және зерттеу іс-әрекеті -математика негіздері, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- мүсіндеу)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** Санамақ айтып жаттығу, отбасы мүшелерін құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу. Туыстық атауларды білдіретін сөздерді айтқанда допты досына лақтырып,өлең жолдарын тез жаттауға бейімдеу.<br>**Отбасы туралы санамақты айтайық.**<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық, екеуміз.<br>Бас бармағым – әкем,<br>Балаң үйрек - анам,<br>Ортан терек – ағам,<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкене бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(Қазақ тілі***, дене шынықтыру**)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы?<br><br>**Аманұлы Әбілқасымға** алма, қарбыз, күшік, мысық, гүл, кітап, орындық суреттерімен сөйлем | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы?<br>**Горький Ерқанатқа**<br>алма, қарбыз, күшік, мысық, гүл, кітап, орындық суреттерімен сөйлем құрауды үйрету. Қосымша сұрақтар: | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы?<br>**Алтай Алнұрға** алма, қарбыз, күшік, мысық, гүл, кітап, орындық суреттерімен сөйлем құрауды үйрету. Қосымша сұрақтар: | негізгі қимылдарды орындаудың қимылдық дағдыларына және техникасына ие болуы?<br>**Айбекұлы Әли**<br>-скамейканың үстіне | негізгі қимылдарды орындаудың қимылдық дағдыларына және техникасына ие болуы?<br><br>**Аманжол Нұрали**<br>-скамейканың үстіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрауды үйрету. Қосымша сұрақтар:<br>-Алманы не істейсің?<br>-Үйде алманы кім әкеледі?<br>-Алманың түсі қандай?<br>-Күшік үлкен бе, кішкентай ма?<br>-Күшік нені жақсы көреді?(сүйек суретін көрсетіп)<br>-Гүлді кімге сыйлаймыз?<br>-Гүлдің түсі қандай? | -Алманы не істейсің?<br>-Үйде алманы кім әкеледі?<br>-Алманың түсі қандай?<br>-Күшік, үлкен бе кішкентай ма?<br>-Күшік нені жақсы көреді?(сүйек суретін көрсетіп)<br>-Гүлді кімге сыйлаймыз?<br>-Гүлдің түсі қандай? | -Алманы не істейсің?<br>-Үйде алманы кім әкеледі?<br>-Алманың түсі қандай?<br>-Күшік, үлкен бе кішкентай ма?<br>-Күшік нені жақсы көреді?(сүйек суретін көрсетіп)<br>-Гүлді кімге сыйлаймыз?<br>-Гүлдің түсі қандай? | -қойылған текшелерден аттап жүру;<br>-әртүрлі тәсілдермен заттардан еңбектеп өтеді; -кедергілердің<br>арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру,<br>-допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; жалпы дамыту жаттығуларын орындату арқылы баланың негізгі қимыл түрлерін орындауына ықпал жасау. | -қойылған текшелерден аттап жүру;<br>-әртүрлі тәсілдермен заттардан еңбектеп өтеді; -кедергілердің<br>арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру,<br>-допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; жалпы дамыту жаттығуларын орындату арқылы баланың негізгі қимыл түрлерін орындауына ықпал жасау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға кеңес:<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Психологтың кеңесі:<br>Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу.<br>Балалардың жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | Ата-аналармен әңгімелесу.<br>Балаларды қайтару. | Кеңес: «Бала мен қоғам»<br>Отбасындағы әңгімлердің балаға көңіл бөлуін, сыныпта, қоғамдық орында өздерін ұстауға үйретуге ата-анаға кеңес беру, ойларын тыңдау. |

Тексерілді:
Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Тлепова Ш.Ж

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп
Мектепалды «Б» сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 19.09—23.09.2022 ж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 19.09.2022 | Сейсенбі 20.09.2022 | Сәрсенбі 21.09.2022 | Бейсенбі 22.09.2022 | Жұма 23.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу. Мектепке саяхат **Сюжеттік ойын:**«Менің мектебім» **Мақсаты:** өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді танып, білуге ықпал ету. Балаларға мектеп туралы түсінік беру, олардың үлкенді сыйлауға үйрету, қызметкерлердің жұмысымен таныстыру. **(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру)** | Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу. Әнұран айту **«Көңілді текшелер» ойыны.** **Мақсаты:** текшенің алты бұрышында орналасқан табиғат құбылысына байланысты суреттерді қарап, қай мезгілде болатын өзгерістер екенін айтып түсінеді. **(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру)** | **Әнұран.** **Қимылды ойын:**«Кім жылдам?» **Мақсаты:**денешынықтырудың әр түрлі нысандарында шығармашылық , танымдық қабілеттерін дамыту. Түрлі-түсті стакандардан биік ғимарат құрастыру. Стакандардың санын білу, оң бағытқа, сол бағытқа орналастырғанын анықтау. **(Дене шынықтыру**, музыка****)** | **Сөздік ойын** «Жаңылтпаш» **Мақсаты:** заттарды сипаттауға, қарым қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану.Тәрбиешінің сөзін балалар жалғастыру.Сөйлеу тілін дамыту. **(Қарым- қатынас іс –әрекеті- сөйлеуді дамыту)** | Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу. «Табиғат неткен көрікті» ән әуеніне қарай билету. **Мақсаты**: табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән белгілерін бақылау, талдау. Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз. **(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру, музыка****)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме** Ата-аналарға балалардың тәртібі, өздерін ұстауы жөнінде қадағалап отыруларын айту. | **Ата-аналармен әңгіме** ата аналарға балалардың ұялы байланыс телефондарын аз қолдануын, көзге зияндығы туралы пікір білдіру. | **Ата-аналармен әңгіме** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме** Бекарыстың ата-анасына қаламды сол қолына ұстайтындығын айту. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,** | «Тостаған» **ойыны.** **Мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, | **«Ойыншық домбыра»** **Мақсаты:** Домбыра құрастыруға үйрету, ой – қиялын дамыту, олардың негізгі | **«Менің сүйікті ойыншығым»** **Мақсаты:** Ойыншықтардың суретіне қарап әңгіме құрастыра білуге ,«д», «т» | «Жоғарыда–төменде, биік-аласа» **үстел үсті ойыны.** **Мақсаты:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту, жоғары- | **Сюжетті ойын:** «Аурухана» **Мақсаты:** Өздіктерінен рөлдерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Шығарманы рөлге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруді үйрету. Қазақ халқының қолөнер шеберлерінің жасалған бұйымдарының атауларымен, тұрмыстық заттарды білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру. (тостаған, тостақ, кебеже, сандық, жүкаяқ, кілем, алаша, арқан, ши, бау)<br>**(қазақ тілі ***, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- сурет салу)** | бөліктері мен ұсақ бөлшектерін ажырата алуға және өздерінің іс – әрекетін алдын ала жоспарлап дамыта алу дағдыларын қалыптастыру.<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті-көркем әдебиет, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті жапсыру)** | дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету,тілдерін дамыту; ойыншықтарды бөлісіп,ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.<br>**(Қазақ тілі***)** | төмен, биік-аласа ұғымдарын пысықтау.<br>**(танымдық және зерттеу іс-әрекеті -математика негіздері, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті жапсыру)** | бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез құлқын жеткізе білуге баулу.Бір - біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті- көркем әдебиет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қыркүйек айы ( ІІІ – ІҮ апта )**<br>1 Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру;<br>2 Қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру;<br>3 Қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;<br>4 Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру<br>5 Заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу,<br>6 Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру,<br>7 Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу.<br>8 Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Бақа, бақа балпақ»** әуенін теледидардан көрсету.<br>**(Музыка****)** | **«Ойыншықтар» əні**<br>Біздерде бар қуыршақ,<br>Бұзау, қозы, құлыншақ.<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Өмір беріп бұйырсақ.<br>Қуыршақтар ұйықтайды,<br>Айтқаныңнан шықпайды.<br>Ал,қозы мен қуыршақ,<br>Ұйықта десек ұқпайды.<br>**(Музыка****)** | **«Аяқпенен топ-топ-топ»**<br>Аяқпенен топ-топ-топ<br>Алқыммменен қоп-қоп-қоп<br>Бір оңға, бір солға,<br>Айналайық кел мұнда.<br>Қолымызды бір сілтеп,<br>Басымызды шайқайық.<br>Бір оңға, бір солға,<br>Ойнайықшы кел мұнда.<br>Секіреміз жоғары,<br>Қиын емес секіру.<br>Бір оңға, бір солға,<br>Секірейік кел мұнда.<br>**(дене шынықтыру**, музыка****)** | **«Ойыншықтар»**<br>Оянғанда ұйқымнан күн сайын,<br>Қуанамын алақай әрдайым.<br>Ойыншықтардың әлемі нәр алам,<br>Аққу болып аспанда самғайық.<br>Ойыншықтарым әдемі,<br>Балақайлар әлемі.<br>Тербетеді сәнімен,<br>Гүлдері, әндері.<br>**(қазақ тілі***, музыка****)** | **«Көңілді күн»**<br>Теріп едік жемісін сезім бақтың,<br>Сыйластықтың алауыцн өзің жақтың.<br>Сенің думан тойыңның әнін естіп,<br>Есігіңді шыдамай өзім қақтым.<br>Бүгін қандай тамаша көңілді күн.<br>Көңілді күн, көңілді күн.<br>Сені қуанышыңмен құттықтаймын,<br>Бақытты бол жан досым.<br>**(Музыка****)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Мен бәрін білемін» **ойыны** | **Сауат ашу негіздері**<br>«Сөйлемді толықтыр»**ойыны** | **Математика негіздері**<br>«Не қайда тұр?» **ойыны** | **Сауат ашу негіздері**<br>«Сөйлемді жалғастыр» **дидактикалық ойыны** | **Сауат ашу негіздері**<br>«Сөйлемді жалғастыр» **дидактикалық ойыны** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен,заттардың қасиеттері олардың еңбекке қатынасын білдіретін түсіндіру;<br><br>**Математика негіздері** «Қайда барасың, нені табасың?» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту,заттарды кеңістікте орналастыру,(солжақта, оң жақта, жоғарыда, төменде)ойын негізінде негізгі кеңістіктік бағыттарды анықтауды және сөзбен айтуға баулу.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Бес саусақ» **ойыны.**<br>**Мақсаты:**<br>Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу;<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Мен ойнағанды жақсы көремін **» қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып | **Мақсаты:** Сөйлемді ауызша талдау,жай сөйлемдерді сөздерге бөлуге дағдыландыруға баулу.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Фигура қайда жасырынды?» **ойыны. дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту,заттарды кеңістікте орналастыру,(солжақта, оң жақта, жоғарыда, төменде)ойын негізінде фигуралардың бағыттарын анықтауды және орналасуын сипаттап айтуға баулу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Менің отбасым**» ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларға туыстық қарым-қатынасты(«бауыр»,«немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету;<br><br>**Музыка «**Музыкадағы үш кит» **ойыны**<br>**Мақсаты**:Музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу; | **Мақсаты:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту,заттарды кеңістікте орналастыру,(солжақта, оң жақта, жоғарыда, төменде)ойын негізінде заттардың қалай орналасқанын айта білуге үйрету.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Мен бәрін білемін» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен,заттардың қасиеттері олардың еңбекке қатынасын білдіретін түсіндіру;<br><br>**Көркем әдебиет** «Сиқырлы таяқ » **ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру;<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Жұбыңды тап**» ойыны**<br>**Мақсаты:** Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, | **Мақсаты:** Сөйлемді ауызша талдау,жай сөйлемдерді сөздерге бөлуге дағдыландыруға баулу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**«**Ғажайып алаң» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларға туыстық қарым-қатынасты («бауыр»,«немере»,«шөбере», «ағайын»,«туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді ойын ойнату арқылы,сөздік қорларына енгізіп,айта білуге үйрету;<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Болады, болмайды» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету;<br><br>**Музыка** «Музыкалық моншақтар» **ойыны.**<br>**Мақсаты**:Балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; | **Мақсаты:** Сөйлемді ауызша талдау,жай сөйлемдерді сөздерге бөлуге дағдыландыруға баулу.<br><br>**Көркем әдебиет** «Ертегідегі сиқырлы жолдар» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру;<br><br>**Құрастыру**<br>«Не өзгерді?» **ойыны.**<br>**Мақсаты**: Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыруға баулу; балалардың логикалық ойлауын дамыту, құрылыс бөлшегінің<br>қанша және қалай тұратынын есінде сақтап, бұрап бөлшекті алып тастау, оларды орындармен ауыстыру, не өзгергенін айту;<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Күлімде досым» **ойыны-жаттығуы**<br>**Мақсаты:** Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; | | әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; | | жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.<br>Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.<br>Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. | | | | |
| **Серуен** | **Бұлтты бақылау**<br>**Мақсаты:** Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты дамыту.Бұлттар қозғалысының жел күшімен байланысын айтуды үйренеді.<br>Бақылау барысы:<br>Жұмбақ жасыру:<br>Аспанға ұшар бу болып,<br>Жерге қайтар су болып(Бұлт)<br>Балаларға бұлттар деген не екенін, олардың неліктен аспанда бірде ақырын, бірде тез жылжитынын түсіндіру. Ерте күзде аспан көбінесе көгілдір, таза болып аспанда бұлттар ақырын жүйткиді.<br><br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>**Өз өзіне қызмет ету,** еңбек етуде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылдыру. Серуен соңында ойыншықтарды жинау.<br>**Қимылды ойын:** | **Жаңбырды бақылау**<br>**Мақсаты:** Қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу, табиғаттағы маусымдық өзгерістерді есте сақтайды.<br>Бақылау барысы:<br>Жұмбақ жасыру:<br>1) Тырс - тырс тамады,<br>Сайға қарай ағады.<br>(жаңбыр)<br><br>2) Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,<br>Дабылдатып дабылын ол қағып тұр.<br>От жағып, дабыл қағып тұрғанында,<br>Сабалап төмен қарай су ағып тұр. (Жаңбыр, найзағай)<br>Балаларға жаңбырдың неден болатынын түсіндіру, жаңбырдың қандай түрлері болатыны туралы түсіндіру (жылы, суық). Жаңбырдан | **Ауа райын бақылау**<br>**Мақсаты:** Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау. Табиғаттағы күзгі өзгерістер туралы балалардың білімдері қалыптасады.<br>Бақылау барысы:<br>Қ ы р к ү й е к – күн қысқарды, күн көзі жаздағыға қарағанда төмендеді, ал ауа температурасы болса тәулік ішінде бірден өзгереді. Күндіз ауа райы жылы, кейде тіпті ыстық та, бірақ түндер салқынырақ болып барады. Балалардың байқағыштықтарын дамыту, сөз белсенділігін арттыру.<br>Жұмбақ тақпақ<br>Санай бер,<br>Қарай бер,<br>Бояуы – жүз,<br>Келді күз | **Аспанды бақылау**<br>**Мақсаты:** Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау. Табиғаттың күзгі құбылыстары жайлы балалардың ұғымы кеңиді, балалардың сөздік қоры дамиды.<br>Бақылау барысы:<br>Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аудару, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. Аспан, аспан күмбезі – бақылаушыға киіз үйдің төбесі сияқты болып көрінетін күмбез. Күн, Ай, жұлдыздар, т.б. аспан шырақтары бізден өте қашықта болғандықтан, олардың ара қашықтығының айырмашылығы бізге сезілмейді. Ауа қабаты көгілдір, көк, | **Желді бақылау**<br>**Мақсаты:** Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты қалыптастыру. Желдің күшін анықтауды үйренеді, өлі табиғат туралы білімдері қалыптасады.<br>Бақылау барысы:<br>Жұмбақ:<br>Аяғы жоқ ұшады,<br>Аузы жоқ ән салады.<br>Кездескен жеңіл нәрсені<br>Аспанға ұшырады<br>(жел)<br>Сұрақтар:<br>♦ Жел қайдан пайда болады? (жерден қызған ауа жоғары көтеріледі, ал суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.)<br>♦ Күшіне қарай желдің қандай түрлері болады?(күшті және әлсіз)<br>♦ Күшті желдер қалай аталады? (дауыл, құйын.) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Сақина салу»<br>Мақсаты: балалар байқайды, жылдам және ұжыммен тату, қарым-қатынасты жасай алады.<br>Ойын шарты: балалар дөңгеленіп екі-екіден қатарласып отырады. Ойын бастаушы бала ортаға шығады, оның қолында сақинасы болуға тиіс. Ол сол сақинаны бір шеттен бастап қолдан-қолға жүгіртіп, отырғандардың біреуінің алақанына салуы керек. Алақанына сақина түскен бала мұны жанындағы көршісіне сездірмейді. Осыдан кейін ойын бастаушы ортаға шығып,<br>Алтын сақинам жоғалды,<br>Алыстан ешкім келген жоқ<br>Жоғалғанда кім алды<br>Осы топтан бірі алды-дейді. Сонда сақинасы бар бала көршісіне білдірмей орнынан шапшаң тұруы керек. Егер ол тұра алмай көршісіне өзін ұстатып қойса, айып төлейді.<br><br>Жеке баламен жұмыс:<br>Ақсың, сұрсың қарасың<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br><br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын | кейін күн салқындайтынын, шалшықтар ақырын кеуіп кетінін атап айту.<br><br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Табиғи материалдардан қолдан жасалатын зат дайындау.<br>**Мақсаты:** Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну**.**<br>**Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»**<br>Мақсаты: табиғат құбылыстарын біледі, атай алады(күн,жаңбыр).<br>Ойын шарты: Бір бала күн, екінші бала жаңбыр болады. Күн болып тұрған бала «Күн» деп орнынан тұрғанда балалар жүгіреді, ойнайды. «Жаңбыр» деп екінші бала орнынан тұрғанда барлық бала бастарын жасырып тығылады. Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Жау,жау, жаңбыр,<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер көп болсын!<br>Жауған жерің шөп болсын!<br>Мақал:<br>Жаңбырмен жер көгерер,<br>Батамен ел көгерер.<br><br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Балалар бұрын соңды ойнап жүрген ойындарын естеріне түсіреді немесе | Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(Күз)<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>**Алаңды қоқыстан тазарту.**<br>**Мақсаты:** Өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға баулу.<br>**Қимылды ойын: «Қарлығаш»**<br>**Ойын мақсаты**: балалардың бойындағы ұйымшылдық, ептілік сияқты қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Балалар бір жерді меже етіп белгілейді. Кезегін бірінші алған топ аулағырақ барып жасырынады. Екінші топ оларды іздеп келе жатып, «Қарлығаш орныңнан тұра қаш» деп үздіксіз дауыстайды. Олар жақындап қалғанда жасырынған топтың балалары межеге қарай жүгіреді. Іздеген топ жасырынған топтың ойыншыларының біреуін ұстап алса, онда қашушылар қуушыларды межеге дейін арқалап апаратын болған. Ойыншылар арасында қыз балалар болса, айып орнына өлең айтып, би билейтін болған.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Сөздік ойын «Ауа райы туралы айтып бер» | күлгін сәулелерді күштірек шашырататындықтан аспан күмбезі көк түсті болып келеді.<br>Жұмбақ жасыру:<br>1)Бір түкті кілем,<br>Бірі түксіз кілем. /Аспан,жер/.<br>2) Тең, тең,тең киіз, Екі ортасы кең киіз. (Аспан, Жер)<br><br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>**Құрғақ жапырақ жинайық.**<br>**Мақсаты:** Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу, тәрбиешімен бірге құрғақ жапырақтарды жинау. Учаскедегі құрғақ жапырақтарды жинау, оларды шаруашылық аулаға шығару.<br><br>**Қимылды ойын: «Тату - тәтті отбасы»**<br>Мақсаты: Балалар отбасы деген түсінікке ие(оларды атайды,суреттен таба алады,әңгімелейді)тәрбиешінің берген белгісіне орай бірігеді. Отбасы мүшелерін дұрыс атайды.<br>Ойын шарты: Алаңда әсем әуен ырғағымен жеңіл билеп жүреді. Тәрбиеші әуенді тоқтатып, хабарлама жасайды: «Тату-тәтті жанұяда» 3 адам тұрады. Балалар үштен, екіден, төрттен бірігеді.Жанұяда кімдер тұрады?. Ойын осылайша жалғаса береді.<br>Жеке баламен жұмыс:<br>Таза ауада сурет бояуға қызығушылығын тудыру.<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше | ♦ Бүгін жел бар ма? Ол күші бойынша қандай?<br>Зерттеу жұмысы:<br>Компастың немесе флюгердің көмегімен желдің бағытын анықтау (флюгер қай жаққа бұрылды-жел сол жақтан)<br>Желдің күшін қалай анықтауға болады? (секундамермен және қағазбен.)<br>Желдің қай жақтан соғып тұрғанын қалай анықтайды? (компас көмегімен-солтүстіктен болса-суық жел, оңтүстіктен болса жылы жел.)<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>**Алаңды сыпырып тазалау.**<br>**Мақсаты:** Шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылдыру.<br><br>**Қимылды ойын: «Ақ қоян»**<br>Мақсаты: балалар топпен ұйымшыл болып ойнай алады.<br>Ойын шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады, ал бір бала ортада «Қоян» болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып, қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян<br>Ұйқыдан тұрсаңшы<br>Бетіңді жусаңшы<br>Шашыңды тарасаішы.<br>Әй-әй көйлек кисеңші<br>Біреудің қолын үзсеңші-дегенде, қоян болған бала тақпақтағы қимылды түгел істеп, өлең бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығуларын орындауын бақылау. | қиялдарына шабыт беру арқылы жаңа бір ойын түрін ойлап шығарады. | Балаларды ауа райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету (жылы, ашық, құрғақ, желді, жаңбырлы, бұлтты т.б.)<br>**Еркін ойын.**<br>**Мақсаты:** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. | ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау. | тырысады. егер бала шеңберді үзсе, өзі шеңберге қосылып тұрады. Үзілген жердің оң жағындағы бала «қоян» болады.<br><br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Мақал:<br>Жел дауылды шақырады,<br>Бұлт жауынды шақырады.<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Балалар бұрын соңды ойнап жүрген ойындарын естеріне түсіреді немесе қиялдарына шабыт беру арқылы жаңа бір ойын түрін ойлап шығарады. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.<br>Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Сұрақ-жауап»**<br>**Мақсаты:**Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету.<br>**Ойын шарты**: Балалар диалог түрінде сөйлеседі.<br>Мысалы:<br>-Сенің атың кім?<br>-Менің атым Айзере<br>Сен нешедесің?<br>Мен жасым 5-те т.б Өз ойларынан сөз тауып диалогқа түскен бала жеңімпаз атанады. | **Тіл ұстарту жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** Қазақ тіліне тән ү, қ дыбыстарын, осы дыбыстарға келетін сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен орындау арқылы кедергілерден айналып өтіп, жапырақ жинау.<br>Үз – үз – үз,<br>Жаңбырлы Күз.<br>Рақ – рақ – рақ,<br>Саулайды жапырақ. | **Суреттік боямалар** «Не қайда өмір сүреді?»<br>**Мақсаты:** Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. Суреттер бойынша мекен ететін жерлерін, оның үлкендігі, кішілігі,биікте орналасқаны жайында ойларын нақтылап сұрау.<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-** | **Ұлттық ойын:** «Асық ату»<br>**Мақсаты:** балаларды ептілікке, мергендікке баулу.<br><br>**(Дене шынықтыру**)** | **Ұлттық ойын:** «Асық ату»<br>**Мақсаты:** балаларды ептілікке, мергендікке баулу.Асықтарды тура санап, кері санау. Асықтармен есептеулер жүргізу. «Қанша? Нешінші?» сұрақтарын ажыратып, оларға дұрыс жауап беруге баулу.<br><br>**( Танымдық және зерттеу іс-әрекеті -математика негіздері, дене шынықтыру**)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(Қарым- қатынас іс –әрекеті- сөйлеуді дамыту)** | **(Қазақ тілі***, дене шынықтыру**)** | **қоршаған ортамен таныстыру,шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- сурет салу)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы? **Көпенғали Мәнер** «Автобуста» ойынын ойнатып, көліктің бір түрі екенін, автобус макетінің құрылысын орналастырып, сыртқы қорабы . дөңгелектері, жүргізуші, адамдарды жапсырды. Атобус түрлерін интертақтадан көрсету арқылы сөздік қорын байытуға жеке жұмыстар жүргізілді. | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы? **Есенқұл Дильназ** «Автобуста» ойынын ойнатып, көліктің бір түрі екенін, автобус макетінің құрылысын орналастырып, сыртқы қорабы . дөңгелектері, жүргізуші, адамдарды жапсырды. Атобус түрлерін интертақтадан көрсету арқылы сөздік қорын байытуға жеке жұмыстар жүргізілді. | таныс ертегілердің мазмұнын айтып беруі; таныс бірнеше шығармаларды атауы? **Жандосұлы Алпамыс** Балаларға «Бауырсақ» ертегісі кейіпкерлерінің жеке суреттерін атау, интерактивті тақтадан ертегіні көру, есте сақтау үшін сыныптағы балаларға сахналап көрсету жұмыстары жүргізілді. | негізгі қимылдарды орындаудың қимылдық дағдыларына және техникасына ие болуы? **Камзаева Дильназ** - баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіреді; -белгілі бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, өрмелейді; -әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай гимнастикалық скамейка бойымен жүру; | негізгі қимылдарды орындаудың қимылдық дағдыларына және техникасына ие болуы? **Қайратқызы Азиза** - баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіреді; -белгілі бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, өрмелейді; -әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай гимнастикалық скамейка бойымен жүру жаттығуларын орындайды. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | Психологтің кеңесі: Өз құралдарын күтіп ұстау керектігін жиі айтып тұру. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Биханның ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару. | Балалардың тазалығымен ұқыптылығы туралы пікір айту. |

Тексерілді:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Тлепова Ш.Ж

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп
Мектепалды «Б » сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 26.09—30.09.2022 ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 26.09.2022** | **Сейсенбі 27.09.2022** | **Сәрсенбі 28.09.2022** | **Бейсенбі 29.09.2022** | **Жұма 30.09.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.<br>**Мектепке жол**<br>**Л дыбысы мен әрпі.**<br>**Мақсаты:** Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстыларды) ажыратып, дұрыс дыбыстау.<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері)** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.<br>Табиғатпен танысу<br>Табиғат неткен көрікті,<br>Жапырақтай жайқалып,<br>Гүлдей жайнап өсеміз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Билеп-билеп аламыз.<br><br>**(Қарым - қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру, музыка****)** | Балаларды алаңда қабылдау.<br>**Мектепке жол.**<br>**Л дыбысы мен әрпі.**<br>**Мақсаты:** Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Өзіне таныс тақырып аясында диалогке қатысу. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері, қазақ тілі***)** | **Дидактикалық ойын: «Қолымда не бар?»**<br>**Мақсаты:** (5-ке дейінгі заттардың) заттарды санап, тура, кері санап, санаған заттарды орналастыру, өзі қалаған санды мүсіндеп үйрену.<br><br>**(Танымдық және зерттеу іс-әрекеті -математика негіздері, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті-мүіндеу)** | **«Күз бояуы»**<br>**Мақсаты:** Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау. Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. Музыка әуеніне сай билеу.<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану. | **Ата-аналармен әңгіме**<br>Ата- аналарға балалардың қатысын ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме**<br>Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме**<br>Ата –аналарға керекті құрал –жабдықтарды әкелуін өтіну. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,** | **«Қай зат неден жасалған?»**<br>**Мақсаты:** Заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. | **«Дәмді жемістер»**<br>**Мақсаты:** Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді үйрету. Картоннан қиылған дайын үлгіге, ағаш бұтағы мен матадан | **«Көңілді бояулар»**<br>**Мақсаты:** Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру. Суреттерді бояу. Балаларға | **«Үйшік» ертегісі**<br>**Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету. Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту. | **«Жұбын тап»** ойыны<br>**Мақсаты:** Заттардың әр түрлі белгілері бойынша салыстыруға үйрету. Балалардың алдына екі бөлікке бөлінген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Ойынның шарты:** мақта егістігі суреті- көйлек, темір-гайка мен болт, ағаш- парта, ағаш- кітап, ағаш -қайық, темір- кеме суреттерін сызбамен қосып, өз ойларын айту.<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру)** | қиылған жапырақты орналастырып, құрастырып шығару.<br>**Қимылды ойын: «Сапқа тұр»**<br>**Мақсаты:** Балаларды қатарға, сапқа тұруды көрсету. Салауатты өмір салты дағдыларын дамыту.<br>**(Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- құрастыру, дене шынықтыру**)** | қарындашты оң қолмен ұстай білуге дағдыландыру.<br><br>**(Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- сурет салу)** | Атрибутпен ертегіні айтып беру.<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті- көркем әдебиет)** | жұмыртқаларды беріп, түстерін тауып сәйкестендіруге үйрету.<br><br>**(Танымдық және зерттеу іс-әрекеті -математика негіздері)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қыркүйек айы ( IY- Y апта )**<br>**1** Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру;<br>2 Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру;<br>3 Қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;<br>4 Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;<br>5 Бірнеше заттардан еңбектеп өту;<br>6 Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу;<br>7 Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу;<br>8 Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру; | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері**<br>Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз.<br>**«Жемістерді тер»**<br>**Мақсаты:** Жемістерді себеттерге салып, топқа бөлініп жарысу.<br><br>**(Қазақ тілі***, дене шынықтыру**)** | **Шаттық шеңбері**<br><br>Ашық менің жүрегім<br>Ылғи күліп жүремін.<br>Бірге ойнап, бір жүрер<br>Достарым көп, білемін!<br><br>**(Қазақ тілі***)** | **Шаттық шеңбері**<br><br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br><br>**(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру)** | **Қимылды ойын:** «Не жүреді және ұшады?»<br>**Мақсаты:** Әртүрлі қимылдар жасауға машықтану, қимылдардың үйлесімділігін дамыту, зейін және есту анализаторларын, қол мен аяқ-қимылдарын дамыту. Әуезді әнмен қимылдар жасау.<br><br>**(Дене шынықтыру**, музыка****)** | **Қимылды ойын:**«Шарларды жина»<br>**Ойын мақсаты:** Балаларды жарыс элементі бар ойынға қатысуға баулу. Балалардың шарлардың түсін, формасын айыра білуге үйрету.<br><br>**(Дене шынықтыру** )** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Менің сүйіті ойыншығым» **ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, | **Сауат ашу негіздері**<br>«Ауада жазамыз » **ойыны**<br>**Мақсаты:** Сауат ашудың алғы шарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау,жазу кезінде | **Математика негіздері**<br>«Кім тапқыр» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы бойынша заттардан) құру, | **Сауат ашу негіздері**<br>«Ауада жазамыз» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Сауат ашудың алғы шарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау,жазу кезінде арқаны | **Сауат ашу негіздері**<br>«Ауада жазамыз » **ойыны**<br>**Мақсаты:** Сауат ашудың алғы шарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау,жазу кезінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білдіретін сөздерді дұрыс таңдап қолдануға үйрету;<br><br>**Математика негіздері**<br>«Менің қолымнан келеді?» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету;<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Жақсы мен жаман» **дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табыстыболуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету;<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Мұқият бол » **ойыны-жаттығуы**<br>**Мақсаты:** Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру үйрету; | арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру;<br><br>**Математика негіздері**<br>«Анамызға дастарқан жаюға көмектесеміз» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні бойынша) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру арқылы көкөністер мен жемістерді себетке жиынды топтастастыруға үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Күзгі өнім» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:**Ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету,диологты сөйлеу алу дағдысын дамыту.<br><br>**Музыка**<br>«Өз аспабыңды тап» **дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты**:Музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу; | жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру,ойын негізінде дыбысы,түсі,пішіні бойынша жиын жинауды меңгерту.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**«**Күз бояуы**» ойыны**<br>**Мақсаты:**Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдап қолдануға үйрету;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Қай кейіпкер артық?» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну;<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Мұқият бол » **ойын-жаттығуы**<br>**Мақсаты:** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою; | дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру;<br><br>**Қазақ тілі**<br>**«**Күз сыйы бізді қуантты» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету,диологты сөйлеу алу дағдысын дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>«Адам және табиғат» **ойыны.**<br>**Мақсаты:**<br>Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br><br>**Музыка**<br>«Айырмашылығын тап!» **ойыны.**<br>**Мақсаты:**<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру; | арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Қай кейіпкер артық? » **ойыны**<br>**Мақсаты:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну;<br><br>**Сурет салу**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Кемпірқосақ»<br>**Мақсаты**: Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу; Бейнені түсіне қарай таңдап алу іскерліктерін дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Бос орын**» ойыны**<br>**Мақсаты:** Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру; |
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.<br>Серуенге ойын құралдарын дайындау.<br>Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Күнді бақылау**<br>**Мақсаты:** Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.<br>Балалар назарын күзгі күн көзінің қалай шығатынына, қалай қыздыратынына аударып,табиғатқа деген байқағыштығын, сүйіспеншілігін дамытады.<br>Күннің қай уақытында күн көзі қатты қыздырады және неліктен?<br>Күннің орны мен күздегі күн ұзақтығының арасындағы өзара байланысты айту (күн жоғары көтерілмейді, күндер қысқарып барады).<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды**.**<br>**(күн)**<br>**Табиғаттағы еңбек**<br>**Гүлзардағы еңбек.**<br>**Мақсаты:** Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу. Гүлзарды солған өсімдіктерден тазарту .Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру.<br>**Қимылды ойын: «Жер, су, ауа»**<br>**Мақсаты:** балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойын шарты: балалар екі жаққа тең бөлініп тұрады. Бастаушы ортаға шығады. ол ойынға қатысушылардың кез-келгеніне допты лақтырып жібереді де, | **Көбелектерді бақылау**<br>**Мақсаты:** Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату**.** Балалар жәндіктерге зиян келтірмеуді, жердегі барлық тіршілік иелерінің әсемдігін көріп қуана біледі.<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Гүл ұшып гүлге қонады,<br>Гүл бақшам гүлге толады.<br>(көбелек)<br>«Көбелектер жазық далада, гүлден гүлге қонып, өсімдіктердің жапырақтарына жұмыртқалайды.<br>Жұмыртқалары жұлдызқұртқа айналады.<br>Олар жұпты аяқтарымен қозғалады.<br>Жіпке оранып, қуыршақ пайда болады. Ол көбелектің үйі.<br>Біраз уақыттан соң көбелек шығып, қанаттарын кептіріп, ұшады.<br>Мұрттарымен иіс сезінеді Көбелектердің сыртқы тұрпаты, қозғалыс тәсілі, қоректенуі жайлы балалардың білімдерін бекіту. Жазда көбелектердің көп болатынын еске түсіру. Олардың енді аз қалғанын атап өту. Неліктен? (Ауа температурасы төмендейді – жәндіктер тығылады).<br>**Табиғаттағы еңбек**<br>**Аула сыпырушыға көмектеу.**<br>**Мақсаты:** Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне | **Ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты:** Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі туралы түсінік беру. Күз мезгілі туралы ұғым алып, қайың мен терек ағашын діңдері мен жапырақтарына қарап айыра білу, ағаш бөліктері туралы білімдері қалыптасады (діңі, бұтағы, тамыры);<br>Бақылау барысы:<br>Жұмбақ жасыру:<br>Қозғалмай бір орнында қарап тұрар,<br>Адамның қажетіне жарап тұрар.<br>Қаншалық жәбір көрсе, сабыр етіп,<br>Және де көбеймекке талап қылар.<br>Сұраққа жауап беріңдер:<br>Басқа ағаштар арасынан қайыңды қалай табамыз?<br>Қайың діңі қандай? (ақ қара дақтармен.)<br>Қайыңның тағы қандай бөліктері бар? (діңі, тамыры, бұтағы)<br>Ағашқа тамыр не үшін керек?<br>Күзде қайың жапырағының түсі қандай? (сары.)<br>Жазда қандай еді? (жасыл.)(терекпен де осындай жұмыс жүргізіледі) | **Шықты бақылау**<br>**Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру Балалардың эстетикалық қабылдауы дамып, табиғатқа деген сүйіспеншілігіне тәрбиеленеді.<br>**Бақылау барысы**<br>Күзде шықтың жиі түсетінін, оның барлық жерлерде күмістей болып жарқырап жататынын атап айту. Күзде неліктен таңғы мезгілде шық мол түсетінін және ақырындап жоғалып кететінін, ал кей кезде күні бойы сақталатынын балалармен бірге еске түсіру.<br>Табиғат құбылыстарының өзара байланысын көрсету: күн шықты – шық жоғалды. Балалардың эстетикалық қабылдауын дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.<br>**Жұмбақ жасыру**<br>**1**)Күзде болар, Қыста жоқ.<br>Таңертең бар, Кешке жоқ.<br>Кеш түгілі, Түсте жоқ. (Шық)<br>2)Мөлдіреген жүзімді,<br>Ұстап едім, езілді. (Шық)<br>**Табиғаттағы еңбек**<br>**Табиғи материалдарды жинау.**<br>**Мақсаты:** Адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау.<br>**Қимылды ойын: «Не жүреді және ұшады?»**<br>**Мақсаты:** қимыл үйлесімділігі, зейін және есту анализаторлары, қол мен аяқ-қимылдары дамиды. | **Арнайы көліктерді бақылау**<br>**Мақсаты:** Жол қозғалысының қарапайым ережелерін түсіндіру.<br>Арнайы көліктер туралы білімдері кеңіп,<br>сөздік қорлары молаяды.<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ:<br>Май жейді,<br>Су ішеді.<br>Бұл не екен балалар?(Машина)<br>Сұрақтар:<br>Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер? («Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.)<br>Бұл машиналар не үшін керек? (адамдарға көмектесу үшін.)<br>Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? (зардап шеккендерге көмектесу үшін.)<br>Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? (иә)<br>Неге? (Олар адамдарға көмекке асығады.)<br>Оларды атаңдар. («Жедел жәрдем», өртсөндіру және полиция)<br><br>**Табиғаттағы еңбек**<br>Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау.<br>**Мақсаты:** Бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «жер», «су», «ауа» деген үш сөздің біреуін айтады. Егер бастаушы «жер» десе,допты қағып алған бала жерде өсетін өсімдіктің немесе жер бетінде тіршілік ететін тіршілік иесін тез айтуы керек. Ал «су» сөзі айтылса, суда мекендейтін тіршілік иелерінің аты айтылады. «ауа» дегенде ауада жүретін көлік түрлерін немесе құстың атауын айтылуы керек. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**Жеке баламен жұмыс**<br>«Анамыздай мейірлі күн,<br>Аймалайды шында тұрып».<br>Май берейін, құрт берейін,<br>Күннің көзі шық, шық!<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br><br>**Еркін ойын**<br>**Мақсаты:** Ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Балалар бұрын соңды ойнап жүрген ойындарын естеріне түсіреді немесе қиялдарына шабыт беру арқылы жаңа бір ойын түрін ойлап шығарады. | қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге талпындыру.<br>**Қимылды ойын: «Алға жылдам жүр, тек жүгірме»**<br>**Мақсаты:** Өкпені тыныс алуын, жалпы дене қимылын,ептілігін дамыту.<br>**Ойын шарты:** Балалар бірінің артынан бірі екі қатарға түзіледі. Әр қатардың алдында тұрған баланың алдына старт сызығын сызады. 20-30 м қашықтықта мәре сызығы сызылады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар мәре сызығына жылдам жетулері керек. Жүгіруге болмайды: домалануға, айналуға, тіземен және төрт аяқтап жүруге болады және т.б. Мәреге жеткен соң балалар дағдылы жүріспен орындарына қайтып келеді.<br>**Жеке баламен жұмыс**<br>Көбелек - ау, көбелек,<br>Әдемісің керемет.<br>Гүлге барып қона ғой,<br>Өзің де гүл бола ғой.<br><br>**Еркін ойын**<br>**Мақсаты:** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. | Қысқа ең алғашқы дайындалатын қай ағаш? (қайың)<br>**Табиғаттағы еңбек Ағаштар айналасын тазалау.**<br>**Мақсаты:** Өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға<br>**Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан»**<br>**Мақсаты:**Ойында қолданылатын өлең жолдары балалардың тілін жаттықтырып, әрі сөзді бірлесіп анық айтуға дағдыланады.<br>**Ойын шарты:** Балалар екі топқа бөлініп үлкендер « қақпа » екіншісі « қасқырлар » болады. Үлкен топтағы балалар қол ұстаса шеңбер құра жүріп өлең айтады.<br>Қасқыр түссе қораға,ұстамаса бола ма<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>қасқыр қақпан құрайық<br>Қане қақпан берік бол,<br>қасқырды тұр жолатпай<br>Қасқыр, қасқыр келіп көр,<br>Қақпан, қақпан берік бол!-дегеннен кейін қолдарын жоғары көтереді, осы сәтте «қасқырлар » шеңбер тасасындағы « қой » қораға лап қояды. Егер ойын басқарушының «жап » деген сөзінен кейін барлығы тез қолдарын түсіріп, отыра қойса, ортада қалған «қасқырлар» «қақпан» тобына қосылады. Ал өтіп | Ресурс: Әртүрлі жануарлар, құстар,жәндіктерді суреттері бейнеленген карточкалар.<br>**Ойын шарты:** Жүргізуші әртүрлі суреттерді көрсетіп, ненің қалай жүретінін талқылайды. Кейін ойынды бастайды. Карточканы көрсетіп сұрайды: «Ол қалай қозғалады?» Бала қимылдарымен жауап береді:жорғалайды, секіреді және басқа да тәсілдермен кілем үстінде қимыл жасайды.<br>**Жеке баламен жұмыс**<br>Түн қысқа — сол қырсық,<br>Таң келіп үлгерді.<br>... Жуады мөлдір шық<br>Әдемі гүлдерді.<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. | **Қимылды ойын: «Паравоз»**<br>**Мақсаты:** Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып жүруге паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйренеді.<br>**Ойын шарты:** Қатар-қатар тұрайық,<br>Кәне, кәне, сұрайық<br>Кімнің болса бойы ұзын<br>Паравозы пойыздың<br>Кімнің, апай, бойы ұзын<br>Паравозы ол пойыздың?!<br>Тәрбиеші бойы ұзын баланы көрсетеді. Сол бала паравоз болып алда тұрады. Ал қалғандары соның артынан ұстап тұра бастайды.<br>Ал, паравоз баста алға,<br>Бәрімізді басқар да!<br>Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік<br>Жүрісті біз гулетіп<br>Жүрісті біз гулетіп<br>Гу-гу, гу-гу, гуілдеп<br>Қалып қойма бірінде<br>Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік<br>жүрісті біз үдеттік.<br>**Жеке баламен жұмыс**<br>Үлкен болдым десем де,<br>Ешкім маған сенбейді.<br>«Жалғыз жүрме көшеде,<br>Кішкентайсың сен»-дейді.<br>Үлкенмін ғой міне мен,<br>Ойыншықтарды жинаймын.<br>Машинаға мінер ем,<br>Кабинаға сыймаймын.<br>**Еркін ойын**<br>**Мақсаты:** Ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Балалар бұрын соңды ойнап жүрген ойындарын естеріне түсіреді немесе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | кеткендері ойынды жалғастырады.<br>**Жеке баламен жұмыс**<br>**Мақал**<br>Ағаш тамырымен,адам досымен мықты.<br>Тыйым сөздер:<br>Ағашты кеспе.<br>Ағаш бұтағын сындырма,<br>Ағаш жапыраған жұлма.<br>**Еркін ойын**<br>**Мақсаты:** Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау. | | қиялдарына шабыт беру арқылы жаңа бір ойын түрін ойлап шығарады. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. **«Ұқыпты бала»** әңгімесі<br>Балалардың саппен сыныпқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Пішіндерді орналастыр» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау.<br>**Ойын шарты:** Пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады. Дөңгелек пішінді мүсіндеу.<br>Пішіндерге арналған әнді тыңдау.<br><br>**(Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- мүсіндеу, музыка**** )** | «Ақымақ қасқыр» **ертегісі**<br>**Мақсаты:** Ертегі мазмұны бойынша негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, бірізді айтуын дамыту.Дауыс қарқынын реттеу. Тыныс алуды , таза дикцияны дамыту.<br>**Ойын шарты:** Балалар «Ақымақ қасқыр» ертегісін теледидардан көріп, балалар өздері рөлдерге бөлініп ойнайды.<br>Қасқыр, қасқыр жолама,<br>Кірме біздің қораға.<br>Аңдып келген қасқырды,<br>Қойшы былай басқа ұрды.<br>Буын ұйқас.<br>Ю-ю-ю- аңқау аю.<br>Қыр –қыр –қыр –көкжал қасқыр.<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті- көркем әдебиет)** | **«Өз түсіңді тап» ойыны.**<br>**Мақсаты:** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.<br>Ойынның шарты: Балаларға үш түрлі түстерді беріп, музыка ойнағанда араласып билеп, музыка тоқтағанда өз түстерін тауып тұра қалады.<br><br>**(Дене шынықтыру**, музыка ***)** | **Дидактикалық ойын: «Сөйлеп тұрған кім?»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі мамандық иелері туралы ұғымдарын қалыптастыру.Балалардың өзінің қарым қатынасын білдіруге, көркем сөздерді қолдануына ынталандыру.<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті- сөйлеуді дамыту, қазақ тілі***)** | **«Сөздерді ата» (суреттермен) ойыны.**<br>**Мақсаты:** Дыбыстарды айтылуы және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға баулу.<br>Бірнеше суреттерді атау, бірінші дыбысын атап, дауысты, дауыссызды ажыратып, дыбыстық талдау жасау.<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері, қазақ тілі***)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы?<br>**Нұрлан Нұрали**<br>«Құмырадағы гүл» ойыны ойнатылды. Құмырадағы гүлдің сұлбасына гүл күлтешесін өзінің бірінші дыбысына сәйкес суретті жапсыру тапсырылды..<br> | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы?<br><br>**Онгарова Малика**<br>«Құмырадағы гүл» ойыны ойнатылды. Құмырадағы гүлдің сұлбасына гүл күлтешесін өзінің бірінші дыбысына сәйкес суретті жапсыру тапсырылды..<br> | таныс ертегілердің мазмұнын айтып беруі;<br>таныс бірнеше шығармаларды атауы?<br><br>**Марат Нұрхан**<br>Балаларға «Бауырсақ» ертегісі кейіпкерлерінің жеке суреттерін атау, интерактивті тақтадан ертегіні көру, есте сақтау үшін сыныптағы балаларға сахналап көрсету жұмыстары жүргізілді. | таныс ертегілердің мазмұнын айтып беруі;<br>таныс бірнеше шығармаларды атауы?<br><br>**Қуанай Замира**<br>Балаларға «Бауырсақ» ертегісі кейіпкерлерінің жеке суреттерін атау, интерактивті тақтадан ертегіні көру, есте сақтау үшін сыныптағы балаларға сахналап көрсету жұмыстары жүргізілді. | негізгі қимылдарды орындаудың қимылдық дағдыларына және техникасына ие болуы?<br><br>**Наурызбекқызы Айзере**<br>**-** баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіреді;<br>-белгілі бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, өрмелейді;<br>-әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай гимнастикалық скамейка бойымен жүру жаттығуларын орындайды. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға кеңес<br><br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Психологтың кеңесі<br><br>Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу.<br>Ата аналармен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | Ата-аналармен әңгімелесу.<br>Балаларды қайтару. | Кеңес: «Бала болашағы»<br><br>Газды сусындар мен тез дайындалатын тағамдардың мөлшерін азайту. |

Тексерілді:
Оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Тлепова Ш.Ж

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім  беру  ұйымы: № 9 жалпы орта  білім беретін  мектеп
Мектепалды «Б» сынып
Балалардың  жасы:  5 жас
Жоспардың  құрылу  кезеңі: 03.10—07.10.2022 ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 03.10.2022** | **Сейсенбі 04.10.2022** | **Сәрсенбі 05.10.2022** | **Бейсенбі 06.10.2022** | **Жұма 07.10.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Әнұран айту.<br>Еліміздің рәміздері жайлы әңгіме жүргізу. Көк байрақтың кескінін жапсыру.<br><br>**(Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- жапсыру, музыка**** )** | **Тілұстарту жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** Қазақ тіліне тән ү, қ дыбыстарын, осы дыбыстарға келетін сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен орындау арқылы кедергілерден айналып өтіп, жапырақ жинау.<br>Үз – үз – үз,<br>Жаңбырлы Күз.<br>Рақ – рақ – рақ,<br>Саулайды жапырақ.<br><br>**(қазақ тілі***, дене шынықтыру**)** | **Қимылды ойын** «Ұшты-ұшты»<br>**Мақсаты:** Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету, жарыса қол көтеріп ойнауға бейімдеу.<br><br>**(Дене шынықтыру**)** | Балаларды қабылдау.<br>**«Көңілді шеңбер»**<br>**Мақсаты:** Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, қарым қатынас жасауға қажетті сөздерді  қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар шеңбер жасап отырады. Бір – біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі бергенде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балаларға әр түрлі заттарды қыстырып қояды.(гүл, орамал, көзілдірік т.с.с.). Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? – деп сұрайды. Ең зейінді балаға сыйлық беруге болады.<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті- сөйлеуді дамыту)** | **«Орныңды тап»**<br>**Мақсаты:** Ынта мен шығармашлық таныта отырып, таныс қимылды ойынды ойнауға үйрету.<br>**Ойын шарты:** Балалар шеңберге тұрады. Әр бала өзінің жанындағы баланы есінде сақтап, қарап алуы керек. Жүргізушінің бірінші белгісі бойынша, бөлменің жан – жағына тарап кетеді (белгі: шапалақтау, барабанмен беріледі ). Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, кімнің қасында тұрғанын есінде сақтап, қайта шеңбер түзеді. Өз орынын таппаған балалар ойыннан шығарылады.<br><br>**(Дене шынықтыру**)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:<br>Ата- аналарға балаларын жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінімізді сездіру. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Ата-аналарға балалардың мектептегі тәртібі туралы пікір айту. | **Ата –аналармен әңгіме**:<br>«Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті** | «Мен – үлгілі баламын» Р дыбысы мен әрпі. **Лото ойыны.** | «Дүкенші» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу. Балалар мағынасын | «Жалпы атауын ата» **ойыны.**<br>**Мақсаты:**  Адамның табиғаттың бір бөлігі екенін | **«Санамақ»**<br>**Мақсаты:** Танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты арттыру. | **«Не  артық?» ойыны.**<br>**Мақсаты:** Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Мақсаты:** Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау. Қорапта жасырынған заттарды, ойыншықтарды ашып ортақ дыбыс не екенін табу.<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері, қазақ тілі***)** | түсініп топтасып ойнауды түсінеді, дүкен адамдарға өте қажет екенін, дүкеннен азық - түлік, ойыншық, аяқ киімдер, ыдыстар т. б. ақшаға алатыны туралы түсіндіру.<br>**Ойын шарты:** Әр бала өзінің таңдаған құрылыс дүкені мен ойыншықтар дүкеніндегі заттың суретін қиып алып, қағазға жапсырады.<br>(**Қарым- қатынас іс – әрекеті-көркем әдебиет, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті-жапсыру)** | және табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу керектігін үйрету.<br>Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшандыққа баулу, аталған заттардың суретін қағаз қиындыларынан құрастыру.<br>**(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті-құрастыру)** | 1, 2, 3, 4, 5-еу,<br>Қолымда сонда саусағым нешеу?<br>**Мынау, мынау, бас бармақ,<br>Санамақ содан басталмақ.<br>Мүйіз қалпақ басында,<br>Төрт серігі қасында.<br>(Танымдық және зерттеу іс-әрекеті -математика негіздері)** | құстар, балықтар, жануарлар, аңдар,<br><br>жәндіктер, мекендеу орны бойынша таныту.<br>**Мақсаты: қима суреттердің артық бөлігін табу, есте сақтауды дамыту.<br>(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қазан айы ( I апта )**<br>**1** Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру;<br>2 Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру;<br>3 Қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;<br>4 Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;<br>5 Бірнеше заттардан еңбектеп өту;<br>6 Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу;<br>7 Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу;<br>8 Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру; | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Құлақ – мұрын»**<br>Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші: құлақ – деп мұрнын ұстайды. Ал балалар айтылған мүшені дұрыс көрсетулері тиіс. Жүргізуші балалардың зейіні мен қабылдауын тексеру мақсатында оларды шатастырып атайды.<br>**(Дене шынықтыру**)** | Қазақ музыка өнерінің шығармаларынан ән тыңдату;<br>(**Музыка****)** | **«Сөзді есіңде сақта»**<br>Жүргізуші балаларға қосарлы сөздерді оқиды. Балаларға мұқият тыңдау ұсынылады. Бірінші сөзді жүргізуші айтады, балалар келесі сөзді есінде сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді түгел айтып шығу керек.<br>көктем – жаңбыр<br>жаз – күн шықты<br>аспан – бұлт<br>жер – шөп<br>**(Қарым- қатынас** | **«Не артық?»**<br>Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады.<br>**(Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті-құрастыру)** | **«Өз орныңды тап»**<br>Балалар қатармен тұрады. Әр баланың қолында әр түрлі сандар. Жүргізуші белгі берген уақытта балалар сандардың реті бойынша тұруға тиісті.<br>**(Танымдық және зерттеу іс-әрекеті -математика негіздері, дене шынықтыру**)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері, қазақ тілі***)** | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Жасырынған ойыншықты тап»<br>**Мақсаты:** Балаларға заттарды сипаттауға, қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті етіп жеткізуге үйрету;<br><br>**Математика негіздері**<br>«Қай цифр жоқ» **ойын**<br>**Мақсаты:** Балаларды 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.Көрнекілік арқылы 6, 7, сандарымен таныстыру;<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>«Менің мекенжайым» **ойыны.**<br>**Мақсат:**<br>Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу;<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Мен спортшымын» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен | **Сауат ашу негіздері**<br>**«**Суреттегідей сал **»ойыны**<br>**Мақсаты:** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу үйрету;<br><br>**Математика негіздері**<br>«Жоқ санды анықта» **ойын**<br>**Мақсаты:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 7, 8, 9 сандарымен таныстыру;<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Дүкен**» ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларға қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп бір-бірімен еркін диалог құруға үйрету;<br><br>**Музыка** «Соқыр теке» **ойыны.**<br>**Мақсаты**: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық | **Математика негіздері**<br>«Сонша жина» **ойын**<br>**Мақсаты:** Балаларға 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.Көрнекілік арқылы 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру;<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Жасырынған ойыншықты тап» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балаларға заттарды сипаттауға, қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті етіп жеткізуге үйрету;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**«**Жақсы деген немене? Жаман деген немене?» **ойыны**<br>**Мақсат:** Тілдің көркемдігін сезіну шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау; Диалогтік сөйлеуді дамыту;<br>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну;<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**«**Суреттегідей сал **»ойыны**<br>**Мақсаты:** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу үйрету;<br><br>**Қазақ тілі**<br>Ғажайып қоржын»<br>**дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырып, затты сипаттай білу дағдыларын дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Мақсат:** «Қалаға саяхат» **ойыны.**<br>Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу, қаланың көрікті, атаулы жерлерін айтып үйренуге жаттықтыру;<br><br>**Музыка**<br>«Балақан да алақан» **ойыны.**<br>**Мақсаты**: Балаларды шығармалардың эмоционалды | **Сауат ашу негіздері**<br>**«**Суреттегідей сал **»ойыны**<br>**Мақсаты:** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу үйрету;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Түсті таңда» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Тілдің көркемдігін сезіну шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау;<br><br>**Мүсіндеу**<br>«Ғажайып қалта»<br>**дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты**: Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру; Балаларға көгөністердің пішінін, түрін, түсін зерттеуге жаттықтыру;<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Қалай спортшы болуға болады?» **ойыны** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу; | ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету; | **«**Қалай спортшы болуға болады?» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу; | мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету; | **Мақсаты:** Дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. | | | | |
| **Серуен** | **Тұманды бақылау**<br>**Мақсаты:** Қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу, б**алалар неліктен тұман болатынын түсініп, тұман қалай пайда болатынын, қашан болатынын, қандай пайда келтіретінін еске түсіреді.**<br>**Бақылау барысы:**<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>**Қаратаудың басында**<br>**Киік кетіп барады.**<br>**Қол-аяғы бауырына**<br>**Тиіп кетіп барады. (Тұман)**<br>**Екеуі де ұсақ, кішкене су тамшыларынан тұратындықтан бұлттар мен тұман – егіздер. Тұман қалың болғанда айналадағы заттар көрінбейді. Тұман әсіресе, таңертеңгі мезгілде, жер қатты суық болған кезде қалың болады.** | **Күз көрністерін бақылау**<br>**Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылайды және түсінеді, **күз туралы білімдерін молайып, күз көрністерін бақылауды жалғастырады.**<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>**Қазір жылдың қай мезгілі?**<br>**Неге күз деп ойлайсыңдар?**<br>**Күзде ауа-райы қандай болады?**<br>**Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер?**<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>**Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді** | **Торғайларды бақылау**<br>**Мақсаты:** Жануарлардың, құстардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату, **торғай туралы білімдері нақтыланып,күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре біліп; зейіндері мен есте сақтаулары қалыптасады.**<br>**Бақылау барысы:**<br>**Жұмбақ шешу**<br>**Тал басында ағаш үй,**<br>**Терезесіз тамаша үй.**<br>**Соны мекен етеді,**<br>**Қыста алысқа кетеді.**<br>**/Қара торғай/.**<br>**Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді.**<br>**Торғай қандай болып көрінеді? (Бұл кішкентай пысық құс.)** | **Жапырақтардың түсуін бақылау**<br>**Мақсаты:** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «**табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктері кеңейіп, бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабілеттері қалыптасады.**<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>**Бейне бір жас балақан,**<br>**Шапалақтап алақан,**<br>**Жазда тұрып жоғары,**<br>**Күзде жерге қонады,**<br>**Қыста түсі оңады,**<br>**Бұл қандай зат болады?**<br>**Жауабы: Жапырақ**<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>**Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме?** | **Жәндіктердің жиналатын орнын бақылау**<br>**Мақсаты:** Жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді өсетіні, көбейетіні туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Жәндіктердің түрлерімен танысып, жәндіктердің жиналатын орнын бақылап, жәндіктерді қорғап, оларға қамқор болуға дағдыланады.**<br>**Бақылау барысы:**<br>**1)Гүлдерге қонады**<br>**Шырынын сорады**<br>**Түр – түсі сары – ала. Бұл не? (көбелек)**<br>**2) Ызыңдап ән салады**<br>**Жұп – жұқа қанаты**<br>**Тәттіге тамсанып**<br>**Қоқысқа қонады Ол не? (ара)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Табиғаттағы еңбек:**<br>**Табиғат бұрышына әдемі жапырақтардан гүл шоғын жинау.**<br>**Мақсаты:** Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға баулу.<br>**Қимылды ойын: «Қабырғалы тақтайдан өт»**<br>**Мақсаты:** балалардың денелерін тік ұстап, тепе-теңдікті сақтайды, мұрынмен демалады.<br>**Ойын шарты:** Балалар орындықта отырады. Тәрбиеші белгі берген кезде ол қабырғалы тақтайдан өтіп,оның арғы жағындағы ойыншықты тәрбиешіге әкелу керек. Тәрбиеші олардың кеуделерін тік ұстап,<br>мұрынмен демалуын қадағалау қажет.<br>Ресурс : қабырғалы тақтай,әртүрлі ойыншықтар.<br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>**Мақал-мәтел.**<br>Таза болса- табиғат,<br>Аман болар –адамзат.<br>**Ырым: Егер тұман күн сәулесімен тез тарап кетсе, ауа райы тұрақты жылы болады.**<br>**Қыркүйекте таңертеңгі тұман болса, жылы болады.**<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау. | **Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр)**<br>**Табиғаттағы еңбек: Ойнаған ойын құралдарын жинау.**<br>**Мақсаты:** Дербестік пен жауапкершілікке баулу.<br>**Қимылды ойын: «Кім шапшаң»**<br>**Мақсаты: балалар тез,шапшаң қимылдай алады.**<br>**Ойын шарты: Ортаға отырғыштар қойылады. Музыка әуені ойнап тұрады. Музыка тоқтағанда балалар отырғышқа отырып қалулары керек. Отырғышқа отырып үлгермеген бала ойыннан шығады. Ойын сайын бір отырғыштан кемітіп отырады. ең соңында бір отырғыш қалады. Отырғышқа отырған бала жеңімпаз болады.**<br><br>**Жеке баламен жұмыс: «КҮЗ» Қ . Ыдырысов**<br>**Күзім-ау, күзім-ау,**<br>**Мінезің бұзық-ау.**<br>**Жаңбырың сіркіреп,**<br>**Келгенің қызық-ау.**<br>**Жап-жасыл тал мынау,**<br>**Сары шапан киіпті-ау**<br>**Айнала тұнжырап,**<br>**Қабағын аспан түйіпті-ау.**<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақстаы:** Балалар бұрын соңды ойнап жүрген ойындарын естеріне түсіреді немесе қиялдарына шабыт беру арқылы жаңа бір ойын түрін ойлап шығарады. | **Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар)**<br>**Ал қанаты мен құйрығы қандай? (құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген)**<br>**Ал басының түсі қандай? (Сұр)**<br>**Торғайлар қайда өмір сүреді? (қалада және ауылда.)**<br>**Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? (адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.)**<br>**Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? (подъездің немесе балконның күнқағарларына.)**<br>**Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен?**<br>**Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек)**<br>**Күзде торғайлар немен қоректенеді?** | **Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді? Күздің келуімен олар қалай өзгерді?**<br>**Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)**<br>**Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың)**<br>**Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда )**<br>**Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады)**<br>**Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)**<br>**Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)**<br>**Табиғаттағы еңбек: Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу.**<br>**Мақсаты:** Бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға баулу.<br>**Қимылды ойын: «Соқыртеке»**<br>**Мақсаты: Балалар бірлесіп ойнай алады,шапшаңдық танытады.**<br>**Ойын шарты: Балалар белгіленген жерге орналасады. Олардың біреуінің көзін байлайды, бұл-соқыртеке. Тәрбиешінің сигналы бойынша балалар ептеп алақандарын шапалақтап жүгіреді. Соқыртеке ұстайды.** | **3) Қылдай белі бүгілген Өзінен де жүгі үлкен. Ол не? (құмырсқа)**<br>**Серуен кезінде тәрбиеші балалардың назарын жәндіктердің жоқтығына аударады.**<br>**Сұрақ: Балалар, жәндіктер қайда жоғалып кетті?**<br>**Балаларға жәндіктерді ойын алаңынан іздеуді ұсынады. жәндіктердің үйілуі көбінесе тастың астында; бұтақтың ұшындағы иіріліп тұрған кепкен жапырақтың ішінде.Олар тормен қаптаулы және ішінде ақ жібек құрттары тәріздес келеді. Оның ішінде көбелектің кішкентай шынжыр табаны қыстайды.**<br>**Жәндіктер неге тығылып қалады? (күн суық, жер сыз тартты, өсімдіктер солды. Олар аш қалмас үшін қыс бойы тығылып ұйқымен өткізеді.**<br>**Балалар!**<br>**«Құмырсқаларды ренжітпендер, оларды ренжіту оңай, өйткені құмырсқалар – өте кішкентай!»**<br>**Табиғаттағы еңбек: Ағаштардан кепкен бұтақтарды алып тастау, жапырақтарды жинау.**<br>**Мақсаты:** Жоспарланған нәтижеге жетуге ұмтылдыру.<br>**Қимылды ойын: «Тышқан мен қонжық»**<br>**Мақсаты: Терең ырғақты дем алып шығаруға** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды)**<br>**Табиғаттағы еңбек: Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.**<br>**Мақсаты:** Құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Мекиен және балапандар»**<br>**Мақсаты: балаларды епті, жылдам әрі зейінді болуды дамыту.**<br>**Ойын шарты: Балалар отырады немесе тұрады. Екінші жағында жіппен бөлінген бөлігінде балапандар мен мекиендер жүреді.Бір жағында үлкен тауық (балалардың біреуі) болады. Мекиен жіптің бері жағына шығып, өзіне тамақ іздеуге шығады. Мекиен балапандарды өзіне шақырады: «Ко-ко-ко». Жіптің бер жағына олар серуендеуге шығады. Тәрбиеші белгі берген кезде: « үлкен құс ұшып келеді!», балапандар үйлеріне қарай жүгіреді. Ұсталған балапандар ойыннан шығады.**<br>**Жеке баламен жұмыс: Мақал:** | **Соқыртеке біреуін ұстап алса, ойын тоқтатылады да жаңа соқыртеке сайланады. Егер соқыртеке көпке дейін ұстай алмаса ауыстырылады. ойында балалар шеңбер бойымен тұрады, ортада екі ойыншы-соқыртеке мен қолында кішкене қоңырауы бар бала, бала шеңберді айнала қоңырауын сылдырлата жүгіреді,, ал соқыртеке оны қуып ұстайды.**<br>**Жеке баламен жұмыс: Күзгі жапырақтар. Қ. Шаңғытбаев**<br>**Алтын сары, қызыл, көк,**<br>**Алуан-алуан жапырақ.**<br>**Күзгі бақта күлімдеп,**<br>**Көз тартады атырап.**<br>**Күн шуақта маужырап,**<br>**Жатыр еді атырап.**<br>**Ағаштардан жамырап,**<br>**Үшты кенет жапырақ.**<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау. | **жаттықтыру,қимылдың дұрыстығын дамыту,омыртқа бұлшық етін дамыту.**<br>**Ойын шарты: Жүргізуші қимылдар көрсетіп, сөздер айтады:**<br>**Қонжықтың үйі үлкен.(тіктеліп, аяқ ұшына тұру,қолдарды жоғары көтеріп, созу, қолдың ұшына қарап, дем алу)**<br>**Тышқанның үйі өте кішкентай.(тізені құшақтап отыру, басты төмен қарай түсіріп, «шшш» деген дыбыс шығару)**<br>**Тышқан қонжықтың үйіне қонаққа барады. Ал қонжық тышқанның үйіне кіре алмайды, себебі сыймайы.(залды айнала жүру)Өлең қимылдармен 4-6 рет қайталанады. Жүргізуші әр қимылдыңанық және дұрыс болуын мұқият қадағалайды.**<br>**Жеке баламен жұмыс: «Көбелек» Ж.Смақов**<br>**Гүлдер, гүлдер көктесін,**<br>**Көбелектер көп келсін.**<br>**Ақ қанатты көбелек,**<br>**Ауламыздан кетпесін.**<br>**Көбелек-ау, көбелек,**<br>**Ауламызға келе кет.**<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Торғай жаңбыр жауса баласын қорғар,<br>Бұршақ жауса, басын қорғар.<br>Тыйым сөздер:<br>Құстың ұясын бұзба, құстың жұмыртқасын жарма.<br>**Еркін ойын**<br>**Мақсаты:** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. | | |
| **Серуеннен оралу** | Сыныпқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Қане, сапқа тұр!» **баяу қимылды ойыны.**<br>**Мақсаты:** Сапта бір бірден, екеуден, үшеуден жүруді үйрету.<br>Әуезді әнмен қимылдар жасау.<br><br>**(Дене шынықтыру**)** | **«Төрт құбылыс» ойыны.**<br>**Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.<br>Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші «су» — десе қолдарын алдына созады, «ауа» десе жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса ойыннан шығарылады.<br><br>**(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру)** | Бала, бала балапан<br>Қане қайсы алақан,<br>Саусақтарың айбат,<br>Былай-былай ойнат<br>Бір қадам алға басамыз,<br>Алақанмен соқ-соқ,соқ<br>Бір қадам артқа басамыз,<br>Аяқпенен топ-топ-топ<br><br>**(Музыка****)** | **«Сөз ойла тез ойла»**<br>**Мақсаты:** Қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну,оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Шарты:**Бастаушы бір сөз айтады,балалар жалғасын тез ойлап табады.<br>Мен гүл... (жасадым) Гүлді анама ...(сыйладым) Атам газет ...(оқыды) Әкем балғамен ...(шеге қақты)т.б.<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері)** | **«Менің досым»**<br>**Мақсаты:** Балаларды қоршаған ортаға өзінің қарым қатынасын білдіруге ұмтылдыру. Дос туралы түсінік беру.<br>**Ойын барысы:**<br>Менің досым қандай?<br>Досыңа не сыйлайсың?<br>Досты ренжітуге бола ма?<br>Әр сұраққа жауап берген сайын, гүл күлтешесін құрастыру.<br>«Достық туралы ән» әуеніне бірге қосылып айту.<br><br>**(Қазақ тілі, музыка****)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | таныс ертегілердің мазмұнын айтып беруі; таныс бірнеше шығармаларды атауы?<br>**Сүлеймен Альфия** | таныс ертегілердің мазмұнын айтып беруі; таныс бірнеше шығармаларды атауы?<br>**Чапай Айзре** | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы?<br>**Шабарова Амина** | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы?<br><br>**Тұрлан Әбубәкір**<br>«Құмырадағы гүл» ойыны ойнату. Құмыраның | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы?<br>**Серікұлы Парасат**<br><br>«Дыбысты танимыз» ойынына қатыстыру. Тік төртбұрышты қима |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Ертегілер пойызы» ойынын ойнату. Пойыздың макетіне вагондарында екі ертегінің суреті салынған. Суреттің астындағы қалташаға ертегінің кейіпкерлерін суреттердің ішінен тауып, атап орналастыру. Ертегіні баяндауға үйрету. | «Ертегілер пойызы» ойынын ойнау. Пойыздың макетіне вагондарында екі ертегінің суреті салынған. Суреттің астындағы қалташаға ертегінің кейіпкерлерін суреттердің ішінен тауып, атап орналастыру. Ертегіні баяндауға үйрету. | «Құмырадағы гүл» ойыны ойнату. Құмыраның сыртындағы дыбысты танытып, гүлдің сұлбасына гүл күлтешесіндегі бірінші дыбысы сол дыбыс болатын суретті жапсыру тапсырылды.   | сыртындағы дыбысты танытып, гүлдің сұлбасына гүл күлтешесіндегі бірінші дыбысы сол дыбыс болатын суретті жапсыру тапсырылды.   | суреттен заттың пішінін құрастырып, бөліктің астындағы дыбысты атап, оқып жаттығу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу**.** | «Бала денсаулығының маңыздылығы» ата-аналарға арналған кеңестер. | Қазақ ертегісін оқып беруін ұсыну. | Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру. | Берілген тақпақты жаттап, күзге сурет салу, қолөнер жасауды тапсыру. |

Тексерілді:
Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Тлепова Ш.Ж

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп
Мектепалды «Б» сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 10.10—14.10.2022 ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 10.10.2022** | **Сейсенбі 11.10.2022** | **Сәрсенбі 12.10.2022** | **Бейсенбі 13.10.2022** | **Жұма 14.10.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Қайырлы күн!<br>«Нейро» жаттығуы арқылы қабылдау.<br><br>**(Дене шынықтыру**)** | Қайырлы күн!<br>Сазды әуенмен қабылдау.<br><br>(**Музыка******) | **«Көңілді күн»**<br>Теріп едік жемісін сезім бақтың,<br>Сыйластықтың алауын өзің жақтың.<br>Сенің думан тойыңның әнін естіп,<br>Есігіңді шыдамай өзім қақтым.<br>Бүгін қандай тамаша көңілді күн.<br>Көңілді күн, көңілді күн<br>Сені қуанышыңмен құттықтаймын,<br>Бақытты бол жан досым.<br><br>(**Музыка******) | Қайырлы күн!<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Шаршы құрастыр»<br>**Мақсаты:** Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.<br><br>**(Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті-құрастыру)** | Қайырлы күн, балалар!<br>«Табиғатта қандай өзгерістер болады?» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.<br>Балаларға жыл мезгілдерін қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы суреттерді ажыратып айту.<br><br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата – аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану. | Ата- аналарға балаларын жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. | Ата –аналарға керекті құрал –жабдықтарды әкелуін өтіну. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Күзгі орман» ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Орманда кездескен жануарлар мен өсімдіктерді буынға бөліп, сызықпен қосу.Буындардан сөздер құрастыруға үйрету. | **«Күзгі орман» ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларға тілдің көркемдігін сезіну.<br>Күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру.<br>Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру.Күзгі орман көрінісінен боямақтағы | **«Көңілді текшелер »**<br>**Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.<br>Заттардан аттап жүру қимылын жетілдіру.<br>**Ойын шарты: Текшелерді пайдаланып, санап, құрастыра алады.** | **«Тапқыр болсаң, тауып көр»**<br>**Мақсаты:** «Бауырсақ» ертегісінде сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, оқиғаның барысын ретімен орналастыру.жануарлардың қимылдарын, қол аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу.<br>Ертегіні кезекпен, жұптасып | **«Бұл қашан болады?»**<br>**Мақсаты:** Тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.Таңертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Әр қимылды көрсеткен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(Қарым-қатынас іс-әрекеті- танымдық, іс-әрекет- сауат ашу негіздері)** | түскен ағаш жапырақтарының түсін таңдап бояп, түстерді атап, осы түспен тағы қандай заттарды бояуға болатынын сұрау.<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті- көркем әдебиет, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- сурет салу)** | **Текшелердегі табиғат құбылысына байланысты суреттерді қарап, тамашалап, қай мезгілде болатын өзгерістер екенін айтып, қайталайды.Текшені көтере жүріп, арқан үстімен тепе теңдік жаттығуын орындау.**<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру**)** | баяндау. Басқа балалар ертегідегі бір кейіпкерді ермексаздан түстерін таңдап мүсіндеу.<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті- көркем әдебиет, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- мүсіндеу)** | баланың суретін әр уақыт мезгіліне орналастыру, айту.<br>(**Танымдық және зерттеу іс-әрекеті -математика негіздері)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қазан айы ( II -III апта )**<br>**1** Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру;<br>2 Заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру;<br>3 Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу:<br>4 Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу;<br>5 Бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.<br>6 Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу:<br>7 Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу:<br>8 Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Достық туралы ән» әуеніне бірге қосылып айту.<br>**(Музыка****)** | **«Сөздер тізбегі» ойыны**<br>**Ойын барысы :**<br>Балалар бір заттың атын атап, қасына бір сөз қосып айтады. Шелек су, орман аң, велосипед бала, жол машина.<br>**(Қазақ тілі***)** | **Үстел- үсті ойындары.**<br>«Мозайкалы жапырақтар» Логикалық ойлауын дамыту.Топпен жұмыс.<br>**(Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- құрастыру)** . | «Біз бақытты баламыз» **Әнін тыңдау.** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>**(Музыка****)** | **« Паравоз » ойыны.**<br>**Мақсаты: Балалардың қозғалыс бағытын өзгертуіне, заттардың арасымен жүруіне үйрету.**<br>**Ойын шарты:**<br>Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп өлең жолдарын айтуға үйрету.<br>**Мазмұны:** Қатар-қатар тұрайық,<br>Кәне, кәне, сұрайық.<br>Кімнің болса бойы ұзын<br>Паравозы пойыздың<br>Кімнің, апай, бойы ұзын<br>Паравозы ол пойыздың?!<br>Гу-гу, гу-гу, гуілдеп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік жүрісті біз үдеттік.<br>**(Дене шынықтыру**)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Қандай дыбыс екенін анықта» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балаларға айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету, сөздік қорларын дамыту.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Қандай пішін шықты?» **ойын**<br>**Мақсаты:** балаларға заттардың әртүрлі белгілері бойынша түсі, пішіндері арқылы салыстыра білуге, пішіндерді атай білуді үйрету;<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>«Автобуста» **ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту; | **Сауат ашу негіздері**<br>«Тиісті текшені көтер» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөздерді дыбыстық талдау,сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету;<br><br>**Математика негіздері**<br>«Ұқсас затты тап» **ойын**<br>**Мақсаты:** балаларға әртүрлі заттарды белгілері бойынша пішінін, өлшемін, материалын салыстыра білуге және ұқсас заттарды табуға үйрету;<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Бір сөзбен айт» **ойыны**<br>**Мақсаты:** балаларға ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету;<br><br>**Музыка**<br>«Ән салған кім?» **ойыны.**<br>**Мақсаты**: Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту; | **Математика негіздері**<br>«Сипаттап табу» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларға әртүрлі белгілері бойынша заттардың түсіне, пішініне, өлшеміне, материалдарын сиппаттау арқылы салыстыраға үйрету;<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Тиісті белгіні көтер»<br>**Мақсаты:** Балаларға ана тіліндегі дыбысталуы ұқсас дауыссыз г-ғ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету, сөздік қорларын дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Ертегі кейіпкерлерін ата» **ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Диалогтік сөйлеуді дамыту;<br>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Дене қабілеттерін дамыту» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен | **Сауат ашу негіздері**<br>«Дауысты дыбыстан басталатын сөз қос» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөздерді дыбыстық талдау,сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету;<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Ғажайып сөздер» **ойыны**<br>**Мақсаты:** балалар берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап тауып, шағын мәтін құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>«Бағдаршам» **ойыны**<br>**Мақсат:**<br>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту; | **Сауат ашу негіздері**<br>«Тиісті түсті көрсет» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөздерді дыбыстық талдау,сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету;<br><br>**Көркем әдебиет** «Ертегіні көрсет» **ойыны**<br>**Мақсат:** Диалогтік сөйлеуді дамыту;<br>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну;<br><br>**Жапсыру**<br>**«**Бауда ма, әлде бақшада ма?» **ойыны.**<br>**Мақсаты**: Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Қысқы дайындық»<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен,заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен толықтыру.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Тауып көріңдерші, қайсысы түсіп қалды?» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Заңдылығын тап»**<br>**Мақсаты:** Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастағанісін аяғынадейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу; Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы | **Сауат ашу негіздері**<br>«Буынға буын қос» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтауға үйрету;<br><br>**Математика негіздері**<br>«Қайсысы артық?» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Дұрыс ата»<br>**дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент). Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. | **Математика негіздері**<br>«Не жетпей тұр екен?»<br>**дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды үйрету.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**«**Шаштараз **»ойыны**<br>**Мақсаты:** Адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту,әңгімелеп айт білу дағдысын дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Суретті жандандыр» **ойыны**<br>**Мақсат:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту, өлең мазмұнын айтуға жаттықтыру; Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу,айтыс өнеріне баулу; | **Сауат ашу негіздері**<br>«Бір сөзбен айт»<br>**дидактикалық ойыны**<br><br>**Мақсаты:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу;<br><br>**Қазақ тілі**<br>**«**Сандық» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Балалардың шағын өлеңдерді, санамақтарды, жаңылтпаштарды, тақпақтарды жаттатуға, жұмбақтар шешкізу арқылы тіл байлықтарын дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Қала қонақтары» **ойыны.**<br>**Мақсаты:**<br>Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту; | **Сауат ашу негіздері**<br>«Берілген дыбысқа сөз ойлап айт» **ойыны**<br><br>**Мақсаты:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Бұл кімнің сөзі?» **ойыны**<br>**Мақсат:**<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу;<br>Айналасында болып жатқан оқиғаларғаөзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту;<br><br>**Сурет салу**<br>«Түсі бойынша жина» **ойыны.**<br>**Мақсаты:**<br>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тіршілік иелеріне күтім жасауға баулу;<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Біздің стадион» **» қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу; | **Музыка**<br>«Аңшы мен қояндар» **ойыны.**<br>**Мақсаты**: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру; | **Дене шынықтыру**<br>«Біз – болашақ әскерміз!» **қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; | **Музыка**<br>«Сылдырмақ» **ойыны.**<br>**Мақсаты**: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар, шығармаларымен таныстыру; | орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Тым-тырақай» **қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Серуен** | **Бақшадағы үлкендердің еңбегін бақылау**<br>**Мақсаты:** Адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, **бақылауға қызығушылықтары артып, танымдық іс-шараларын іске қосып; белсенді өнімді жинауға да5дыланады;**<br>**Бақылау барысы:**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:**<br>**Дәмім тілді үйірген**<br>**Мен тұздалған күйімде!**<br>**Жаңа піскен кезімде**<br>**Жейді бәрі сүйсіне! (Қияр)**<br>**Қалың киім ұнатады,** | **«Күзгі желдің бағытын бақылау»**<br>**Мақсаты:** Табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. **Балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын,қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік алып,ойлау, есте сақтау, көру қабілеттері артады.**<br>**Бақылау барысы:**<br>**Жұмбақ:**<br>**Аяқсыз жетіп барады,**<br>**Қолсыз есік қағады.**<br>**(Жел)**<br>**Жел атмосфера қабаттарында біркелкі таралмауынан пайда** | **Алғашқы қарды бақылау**<br>**Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылайды және түсінеді, **табиғат өзгерістерін көре білуді әдемілікті сезінеді.**<br>**Бақылау барысы:**<br>**Жұмбақ:**<br>**Қыста ғана болады,Ұстасаң қолың тоңады.(Қар)**<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>**Алғашқы қар қанша уақыт ерімей жатады? (екі – үш күн)**<br>**Ол ұстағанда қандай болып сезіледі? (ылғал)** | **Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>**Мақсаты:** Табиғатты қорғау, сақтау, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы үйрету. **Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктері қалыптасып, (күн қысқарады, түн ұзарады); қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білуұжәне өлең жолдарынан таба біледі.**<br>**Бақылау барысы:**<br>**Жұмбақ**<br>**Аяз қысып,**<br>**Өрнек сызып,**<br>**Терезені торлайды.**<br>**Қарға омбығып,** | **Ауа-райын бақылау**<br>**Мақсаты:** Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты арттыру. **Қыс мезгіліндегі ауа райындағы өзгерістермен таныстыру. Жансыз табиғатта балаларға қыс жөніндегі өзгеріс туралы түсінігін қалыптастыру.Қыс табиғатының әсемдігіне, сүйіспеншілікке тәрбиелеуге талаптандыру.**<br>**Бақылау барысы:**<br>**Желтоқсанда ең қысқа күн, күннің көзі сирек қонақ, ауа-райы бұлыңғыр, жиі қар жауады, бірақ ол ерімейді. Бірақ қар терең емес, одан** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Шешіндірсең жылатады. (Жуа)**<br>**Біздің бақшада қандай көкөністер өседі?**<br>**Тәрбиешімен бірге сендер қандай жұмыс істедіңдер?**<br>**Үлкендер бақшада не істейді?**<br>**Табиғаттағы еңбек: Гүлдердің тұқымын жинау.**<br>**Мақсаты:** Еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.<br>**Қимылды ойын: «Бақшада»**<br>**Мақсаты: ептілікке, еңбектеуге ынталанады.**<br>**Ойын шарты: Үлкен шеңбер сызылады. Ол-бақша, оның ішінде шеткеректе орындықта күзетші отырады. Шеңбердің екінші жағында екі орындықтың үстінде таяқ қойылады- бұл бақшаның қоршауы. Балалар таяқ астынан еңбектеп өтіп, «баққа» кіреді.**<br>**Жақсы-ау қауын жинаған**<br>**Жақсы-ау қарбыз жинаған**<br>**Бәрінен де дұрысы**<br>**Үлкеннің сөзін тыңдаған,- деп қауын, қарбыз жиып жүреді. Бір кезде « күзетші» келіп « қарақтарым көмектеріңерахмет»-дейді. Балалар қайтадан таяқтың астынан еңбектеп өтіп, үйлеріне қайтады.**<br>**Жеке баламен жұмыс:** | **болады әрі жоғары қысымнан төменгі қысымға қарай бағытталады уақыт тұрақ ты болмайтындықтан желдің жылдамдығы мен бағыты үнемі өзгеріп отырады.**<br>**Табиғаттағы еңбек: Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату.**<br>**Мақсаты:** Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.<br>**Қимылды ойын: «Ақ серек, көк серек»**<br>**Мақсаты:** Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>**Ойын шарты:**Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып тізіліп тұрады.<br>Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады:<br>Ақ серек те көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар бір ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе | **Алғашқы қар күннің қай мезгілінде жауады? (түнде)**<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>**Қар ұшқынын алақанға қағып алып, оған қарау.**<br>**Екі қарды салыстыру.**<br>**Қай жердегі қардың тез еритінін анықтау.**<br>**Әлі қар ерімеген жерді табу.**<br>**Табиғаттағы еңбек: Ағаш түптерін қармен жабу.**<br>**Мақсаты:**Шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, 94 қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу<br>**Қимылды ойын: «Ит пен қоян»**<br>**Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке шыңдалады..**<br>**Ойын шарты: Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін « ит», « қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді.**<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>**Қар жауыпты далаға,**<br>**Қар жауыпты қалаға.**<br>**Сырғанаймыз енді біз,**<br>**Отырып ап шанаға.**<br>**Ойынқұмар көп бала,**<br>**Шұрқырасып топтала,** | **Бет домбығып,**<br>**Сырғанап балалар ойнайды. /Қыс/**<br>**Желтоқсан - қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз сығалайды. Сондықтан да қысты «тұнжыр қыс деп атайды». Күн қысқа, түн ұзақ, бұл айда күн көзі сирек көрінеді. Желтоқсанда түнде қатты аяз болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады.**<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>**♦ желтоқсан айы қай айдан соң келеді?**<br>**♦ қараша айына қарағанда балабақша ауласында қандай өзгерістер болды?**<br>**Күз мезгілімен салыстырғанда адамдар киімінде қандай өзгерістер пайда болды?**<br>**Біздің ауладан қыс белгілерін іздеп табыңдар?**<br>**Табиғаттағы еңбек: Ағаштар түбін қармен көму.**<br>**Мақсаты:** Еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға баулу.<br>**Қимылды ойын: «Қарлы әткеншек»**<br>**Мақсаты: балаларды әрбір ортаға бейімделуге жаттықтыру.**<br>**Ойын шарты: Балалар аққаланың жанында қолдарынан ұстап шеңбер болып тұрады.Тәрбиешінің белгісімен балалар жай, одан кейін қаттырақ, ақырында жүгіреді.Балалар бірнеше рет айналғаннан кейін тәрбиеші** | **түскен жапырақтар және құрғақ өсімдіктер көрінеді. Ауаның температурасы нөлден төмен.**<br>**Табиғаттағы еңбек: Демалыс орнын қардан тазарту.**<br>**Мақсаты:** Жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға<br>**Тапсырма. Балаларға қар бетінде жүріп өтуді және аяқ астында қалай сықырлайтынын тыңдауды ұсыну.**<br>**Қимылды ойын: «Ақсүйек»**<br>**Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйренеді.**<br>**Ойын шарты: Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылдарды дамыту. Допты екі қолмен жерге соғуды үйрету.**<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау. | алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Енді кезек бойынша ойынды екінші топ әлгі әдіспен бастайды. Осылайша ойын кезекпен жалғаса береді. Қай топ өз ойыншыларынан көп айырылып қалса, жеңілген боп есептеледі.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Жел де ауа кәдімгі,<br>Жел дегенің тек бірақ.<br>Ойға-қырға шапқылап,<br>Байыз таппас ауа ғой.<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Балалар бұрын соңды ойнап жүрген ойындарын естеріне түсіреді немесе қиялдарына шабыт беру арқылы жаңа бір ойын түрін ойлап шығарады. | **Аппақ қардан жасаймыз, Әп-әдемі аққала.**<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. | **айтады: «Жел өзгерді,қарлар басқа бағытқа ұша бастады.» Балалар тоқтап кері қарай жай жүреді және қаттырақ, ақырында жүгіреді.Бірнеше рет айналған соңтәрбиеші: «Жел басылды, қарлар жерге жаймен жауып жатыр.»Қарлы әткеншектің қимылдары жайлап балалар тоқтап қолдарын жібереді. Кішкене дем алғаннан кейін ойын қайталанады.**<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>**О, алақай қыс келді,**<br>**Бізге қуаныш әкелді.**<br>**Дала қарға оранды,**<br>**Бала біткен қуанды.**<br>**Елемейді ешкімде,**<br>**Суық пенен боранды.**<br>**Күні бойы тынбайды,**<br>**Суығына тоңбайды.**<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау. | **беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.**<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>**Жаңылтпаш**<br>**Қыс қыспаса қыс па,**<br>**Құс ұшпаса құс па?**<br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. |
| **Серуеннен оралу** | Сыныпқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Сыныпта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Сиқырлы сандық» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын, фонетика - фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілік пен тез әрекет етуге үйрету.<br>**Шарты:** Сиқырлы сандықтың ішінен дөңгелекшелерді алып, онда бейнеленген суретті атап, ондағы басқы және соңғы дыбысты атап, соңғы дыбыстан басталатындай | «Алма ағашы» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Қ, Ғ, ң дыбыстарын дифференцсациялау. Дыбыстарды бір - бірінен ажыратуға үйрету.<br>**Шарты:** себеттегі алмада бейнеленген суретті атап дыбыстарды бір - бірінен ажыратып, алма ағаштарын алмаға толтыру. Ән әукініне қимылдар жасап, билеу.<br>**(Қазақ тілі***, музыка****)** | **«Балық аулайық»**<br>**Мақсаты:** Ө,Ұ,Ү дыбыстарын дифференцсациялау. Туыстықты білдіретін суреттерді атап, балықты аулау.<br>**«Асыл әжем»** әніне қосылып, ән шырқау.<br>**(Қазақ тілі***, музыка****)** | «Мен жақсы сөйлеймін» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға жаттықтыру. Кейіпкерлерге және олардың әрекетін өз көзқарасын білдіру.<br>**Шарты:** ертегіні электрондық қазақ үй құралынан тыңдап, желісі бойынша әңгімелеу.<br>**(Қазақ тілі***)** | «Алма ағашы» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Ә, Ө, І, Ұ, Ү дыбыстарын дифференцсациялау. Дыбыстарды бір - бірінен ажыратуға үйрету.<br>**Шарты:** себеттегі алмада бейнеленген суретті атап дыбыстарды бір - бірінен ажыратып, алма ағаштарын алмаға толтыру. Ән әукініне қимылдар жасап, билеу.<br>**(Қазақ тілі***, музыка****)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | етіп сөздерді ретімен орналастырып жұлдызды құртты құру. **(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері, шығармашылық іс - әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- құрастыру)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін, үй құстарын атауы? **Горький Ерқанат** «Ғажайып ілгек» ойыны арқылы үй жануарлары мен төлдерін және мекен ететін жерін, жабайы аңдарды атау, түрлерін ұмытпай әңгімелеуге жаттықтыру. | үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін, үй құстарын атауы? **Аманұлы Әбілқасым** «Ғажайып ілгек» ойыны арқылы үй жануарлары мен төлдерін және мекен ететін жерін, жабайы аңдарды атау, түрлерін ұмытпай әңгімелеуге жаттықтыру. | қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуы? **Аманұлы Әбілқасым** Сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру мақсатында «Математикалық гүлдер» ойынын ойнату. Гүл күлтешелерін ретімен қойып, гүлдесте жинау. Өз бетімен тура, кері санауға үйрету. | қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуы? **Баки Нұржан** Сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру мақсатында «Математикалық гүлдер» ойынын ойнату. Гүл күлтешелерін ретімен қойып, гүлдесте жинау. Өз бетімен тура, кері санауға үйрету. Сандарды реті бойынша орналастыруға, санап үйренуге жаттықты. Қарапайым мысалдарды орындауға жаттыға бастады. | таныс бірнеше шығармаларды атауы? **Амантай Райяна** «Түлкі мен қасқыр» ертегісін жіптің бойына кейіпкерлерді тізіп қыстырғышпен орналастыру. Ертегіде кездесетін заттарды да (балық, шана, мұз ойығы, суға келген ауыл адамдары, ауыл суреті) орналастырып, ертегіні баяндау. Нәтижесінде балалар ертегіні мазмұндап, танып, ертегі кейіпкерлерін атап үйренді. Өз беттерімен ертегі желісін баяндауға жаттықты. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. | «Аурудың алдын алу» жөнінде ата-аналарға арналған кеңес. | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. | Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін ескеру және кеңес беру. | Үйге тапсырма желтоқсанға сурет салу, қолөнер жасауға ат салысуға шақыру. |

Тексерілді:
Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Тлепова Ш.Ж.

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп
Мектепалды «Б» сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 5.12—09.12.2022 ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі<br>5.12.2022** | **Сейсенбі<br>6.12.2022** | **Сәрсенбі<br>7.12.2022** | **Бейсенбі<br>08.12.2022** | **Жұма<br>09.12.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Аюды құрастыр»<br>Мақсаты: балалардың зейінділік пен байқағыштығын дамыту және музыкалық жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау үйрету.<br>**(Құрастыру- музыка ****- шығармашылық іс-әрекеті)** | Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Күліп шықты күн бүгін,<br>Қайырлы таң! Қайырлы күн!<br>Балалардың қызуын өлшеп, тазалығын тексеріп,арнайы журналға тіркеу.<br>**(Сөйлеуді дамыту- қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br>**«Түсін тап»**<br>Мақсаты:түстерді сәйкестіндіру. Есімін атағанда жауап беруге, өзін айнадан және фотосуреттер-ден тануға дағдыландыру;<br>**(қоршаған ортамен танысу, музыка ****- танымдық іс әрекет, зерттеу іс әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** | **«Кітап бұрышына саяхат»**<br>Мақсаты: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әркеттерінде бейнелеген суреттері бойынша әңгімелер құрастыруға баулу.<br>**(Сөйлеуді дамыту- қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Қайырлы күн!<br>Жаңа жылым құтты болсын!<br>Балалардың қызуын өлшеп, тазалығын тексеріп,арнайы журналға тіркеу.<br>Демалыс күндері қалай өткізгендері туралы әңгімелесу.<br>**( (Сөйлеуді дамыту- Қазақ тілі***, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,<br>кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың әл-ауқаты, демалыс күндері туралы әңгімелер. | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу. | Ата-аналармен балаларының балабақша деген көзқарастары туралы әңгімелесу. | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру (жеке) | Ата-аналармен жеке әңгімелесу. балабақшаның күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіріңіз. |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br><br>**(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау** | **Үстел-үсті ойын**<br>«Тостаған»<br><br>Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін | **Сюжеттік ойын**<br>«Мен дәрігер боламын»<br>**Мақсаты:** Балалар бір – бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты | **Үстел-үсті ойын**<br>«Әдемі үйшік»<br>**Мақсаты**:Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады, және бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру. | **Сюжеттік ойын**<br>«Шаштараз»<br>**Мақсаты:**Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді.<br>(**Көркем әдебиет -** | **Дидактикалық ойын**<br>**«Сандар тізбегі»**<br>**Мақсаты:** Сандарды тура және кері санай білуге үйрету<br>(**Математика негіздері-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және тағы басқа әрекеттер)** | жетілдіру, қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруді үйрету.<br>(**Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | байланыстырып құра білуді үйрету.<br>(**Сөйлеуді дамыту - қарым-қатынас іс-әрекеті** | **(құрастыру, қазақ тілі-Қазақ тілі***, Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | **қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Желтоқсан айы ( I – II апта )<br>1. Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру, аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру;<br>2 . белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру, заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру.<br>3. Тепе-теңдікті сақтау: скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру.<br>4. Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>5 . кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу жүгіру.<br>6 . Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу.<br>7. кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.<br>8. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу<br>9. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері:**<br>Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз, | **Шаттық шеңбері:**<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз.<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Ренжісуді білмейміз. | **Ойын – жаттығу**<br>Шаршасаңдар, балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Саусақтармен ойнаңдар,<br>Қолдарыңды сермеңдер.<br>Денелерің шынықсын,<br>Саналарың тынықсын. | **Шаттық шеңбер.**<br>Қуанышы баланың,<br>Қуанышы ананың.<br>Бізді өсірген апатай,<br>Еңбегің де зор екен.<br>Құтты болсын «апатай»,<br>Құтты болсын мерекең! | **Саусақ ойыны:**<br>**«Не қалай дыбыстайды?» .**<br>Мақсаты: кейіпкерлерді (ит, мысық, тышқан, әтеш)<br>көрсетіп дыбысын салуға үйрету. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Бәрін білемін » **ойыны**<br>**Мақсаты:** Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен көрнекі материалдарды таңдау дағдысын дамыту;<br><br>**Математика негіздері**<br>«Ретке келтіреміз» ойыны<br>**Мақсаты:** балаларға заттың шартты өлшемнің | **Сауат ашу негіздері**<br>«Сөйлемді толықтыр»<br>**дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты:** Сөйлемді ауызша талдауға үйрету;<br><br>**Математика негіздері**<br>«Тең заттар» ойыны<br>**Мақсаты:** заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстырудың көмегімен тең заттарды табуды үйрету; | **Математика негіздері**<br>«Сонша жина»<br>**дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты:** шартты өлшемнің көмегімен, заттарды шамасы бойынша санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**«**Су торғайы **» әңгімесі**<br>**Мақсаты:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы | **Сауат ашу негіздері**<br>«Сөйлемді толықтыр»<br>**дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөйлемді ауызша талдауға үйрету;<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Аудармашы» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларға сөйлем құратуда, сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, | **Сауат ашу негіздері**<br>**«Буынға буын қос» дид/қ ойыны**<br>**Мақсаты:** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**«Сөз айт , көп айт»** ойыны<br>**Мақсат:** Сахналық қойылымдарға қызыға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және өсуі мен кемуі бойынша бірнеше заттарды салыстыру;<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Текшенің қай тұсы? » ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту;<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Күшті, батыл және үлкен боламын!» **қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру; | **Қазақ тілі**<br>«Сөз ойла, тез ойла»<br>**Мақсаты:** Сөздерді жіктеп, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып айта білуге, сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру;<br><br>**Музыка**<br>**«Сиқырлы текше»**<br>**Мақсаты:**<br>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдауға үйрету;<br>Әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білугеии үйрету; | және дыбысталуы ұқсас дауыссыз ж-ш дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету;<br>**Көркем әдебиет**<br>**«Сөз ойла, көп ойла»** ойыны<br>**Мақсат:**<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Күшті, батыл және үлкен боламын!» **қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру; | ажыратып айта білуді үйрету;<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Табиғат құбылыстарын ажырат » ойыны.**<br>**Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту;<br><br>**Музыка**<br>**«Не қалай дыбыстайды?»**<br>**Мақсаты:**<br>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдауға үйрету;<br>Әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білугеии үйрету; | қатысуға баулу, ертегі кейіпкерлерін сипатау.<br><br>**Мүсіндеу:**<br>«Түрлі-түсті доп» **ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану;<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Жүгіру» **қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру; |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. ( өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| **Серуен** | **Торғайларды бақылау**<br>Мақсаты: Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтырып, Қыс мезгіліндегі құстардың мінез – құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастырады. | **Ауа - райын бақылау**<br>**Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі ауа райындағы өзгерістермен таныстыру. Жансыз табиғатта балаларға қыс жөніндегі өзгеріс туралы түсінігін қалыптастыру.Қыс табиғатының әсемдігіне, | **Қара қарғаны бақылау**<br>Мақсаты: Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылап, басқа құстардан айырмашылығын табады. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі).<br>**Бақылау барысы**<br>Балаларға сұрақтар: | **Көпшілік көліктерін бақылау**<br>Мақсаты: көпшілік көліктері туралы білімдері бекіп, жолда жүру ережелерін біледі; үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылықтары артады. | **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? бақылау**<br>Мақсаты:<br>Балаларды ағашты күтуге үйреніп,қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұратынын, ол қалың қарды ақырындап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Табиғаттағы еңбек:**<br>**Құстарға қамқорлық**<br>Мақсаты: құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау.<br><br>**Қимылды ойын:**<br>«Торғайлар мен автомобиль»<br>**Мақсаты:** балалар жылдам,шапшаң қимылдай алады.<br>**Ойын шарты:** Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып отырындықтада отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді, торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады<br><br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>«Торғайларды қорғаңдар» Ө. Ақыпбекұлы<br>Шыр - шыр еткен торғайды<br>Қорғамасаң болмайды.<br>Кіп - кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Таспен атып торғайды,<br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br><br>**Еркін ойын:**<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шанамен сырғанау ойындарына жағдай жасау. | сүйіспеншілікке тәрбиелеуге талаптандыру.<br><br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Тапсырма. Балаларға қар бетінде жүріп өтуді және аяқ астында қалай сықырлайтынын тыңдауды ұсыну.<br>**Қимылды ойын :**<br>«Ақсүйек»<br>Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйренеді.<br>**Ойын шарты:** Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br><br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>Жаңылтпаш<br>Қыс қыспаса қыс па,<br>Құс ұшпаса құс па? | Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар). Қарғаның түсі қандай? Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар? Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді.<br><br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>**Мақсаты:** Аула тазалаушыға көмектесу. Алаңды қардан тазалау.<br><br>**Қимылды ойын:**<br>«Айдаһардың құйрығы»<br>**Мақсаты:** Балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға, ауызбіршілікке жетелейді.<br>**Ойын шарты:** Ойынға қатысушылар бірінің артынан бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған адам – «айдаһардың басы».<br>Ең соңғысы - «құйрығы» болады.Ойын кезінде көңілді музыка қойылады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады. Оның мақсаты – ұстап алу, | **Бақылау барысы:**<br>Жұмбақ жасыру:<br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ:<br>Май жейді,<br>Су ішеді.<br>Бұл не екен балалар?<br>(Машина)<br>Балалармен әңгімелесу өткізу.<br><br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>**Мақсаты:** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін сақтау.<br><br>**Қимылды ойын:**<br>**«Трамвай»**<br>**Мақсаты:** жол ережесін сақтап, шапшаңдыққа баулиды.<br>Ойын шарты: Балалар бір-бірімен қол ұстасып, екі-екіден алаңның бір жағында калоннамен сапқа тұрады, жіптің шеті байланған. Тәрбиеші жасыл түсті жалаушаны көтереді, балалардың бәрі жүгіреді трамвай қозғалып, жүре бастайды. Балалар тәрбиешіге дейін жүгіріп келеді де жалауша алмаспады екен деп қарайды, егер жасыл жалау көтерілген күйінде тұрса, трамвайдың жүрісі жалғастырыла береді, егер сары | түсіру керек екенін түсініп, балалар табиғатты сүюге үйренеді.<br><br>**Табиғаттағы еңбек :**<br>Мақсаты: Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды қоректендіру.<br><br>**Қимылды ойын:**<br>«Қарағайлы ормандағы аю»<br>**Мақсаты:**<br>Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиеленеді.<br>Ойын шарты: Алаңның бір жағына аюдың іңі сызылады. Екінші жағына үй белгіленеді, онда балалар тұрады. Тәрбиеші « балалар», серуендеуге барыңдар! –дегенде балалар үйден шығып орманға барады. Олар хормен мына өлеңді айтады.<br>Аю жүрген орманнан<br>Жидек тере мен барғам<br>Аю отыр гүрілдеп,<br>Жарамайды мұның,-деп<br>« Гүрілдеп» дегенде аю балаларды қуады.<br><br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>Жаңылпаштар:<br>Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ....<br>Қыс қыспаса, қыс па?<br>Құс ұшпаса, құс па?<br><br>**Еркін ойын :** Қимылды ойынның дамуына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Еркін ойын:**<br>Мақсаты: Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. | «құйрықтың» мақсаты – ұстатпау.<br><br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Құстар қыста тоңады<br>Ө. Ақыпбеков<br>Құстар қыста тоңады,<br>Жоқ киетін ішігі.<br>Желде қатты соғады,<br>Қарды көзге ұшырып.<br>Қалатындай қайта ұшпай,<br>Ұя тапса шаттанып.<br>Жем іздейді байғұстар,<br>Қардың астын ақтарып.<br>**Еркін ойын:** Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын жетілдіру және байыту; өз пікірін айтуын жетілдіру, өз құрбылары пікірлерімен келіспеу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру. | немесе қызыл жалауша көтерілсе, балалар тоқтап, жасыл түсті жалаушаның көтерілгенін күтеді. Егер ойнауға талапкер көп болса, онда аялдама жасауға болады,<br><br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>**«Автобус»** Е.Елубай.<br>Автобус іші көңілді,<br>Автобус алға зырлайды,<br>Көлік қой ол сенімді.<br>Бағытынан еш аумайды.<br>Вокзал, театр, мектепке<br>Зыр айналар дөңгелек,<br>Жолаушылар мінгізіп,<br>**Еркін ойын:**<br>Мақсаты : балалардың қимыл белсенділігін ұйымдастыруда ойнайтын орынды жабдықтап беру. | ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстел үсті ойыны:**<br>«Аққала соққан бала»<br>Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінде аққала соғып ойнайтындығын түсіндіру. Аққаланы мүсіндеуге үйрету.<br>Ермексазбен жұмыс жасау дағдыларын қалптастыру. Саусақ моторикасын дамыту.<br><br>**(Мүсіндеу-Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | **Логикалық тапсырмалар:**<br>Ілгек жапсыру, қиындыларды ретімен жапсыру.<br><br>**(Дене шынықтыру**, шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | **«Пазл құрастырамыз».**<br>Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды; түрлі сызықтарды салады.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері»**<br>Мақсаты: бір-бірімен еркін диалог құрады; өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады;<br><br>Ойын шарты: Балалар жыл мезгілдеріне сәйкес түстерді шеңберге тізбектеп, ретімен жүйелі құрастырады. Оған қатысты суреттер салу. | **Дидактикалық ойын: «Моншақ тізейік»**<br>Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлініп, жұмыс жасайды. Бірінші топ моншақтарды түстеріне сай жалғастырып суретін салады, екінші топ заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыра отырып тізбектерді санауға үйрету.<br><br>**(шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту,** |

| | | | | (Қазақ тілі*** , қарым-қатынас іс-әрекеті) | танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы? **Алтай Алнұр**<br><br>«Дыбысты танимыз» ойынына қатыстыру. Тік төртбұрышты қима суреттен заттың пішінін құрастырып, бөліктің астындағы дыбысты атап, оқып жаттығу. | таныс ертегілердің мазмұнын айтып беруі; таныс бірнеше шығармаларды атауы? **Алтай Алнұр**<br><br>«Ертегілер пойызы» ойынын ойнату. Пойыздың макетіне вагондарында екі ертегінің суреті салынған. Суреттің астындағы қалташаға ертегінің кейіпкерлерін суреттердің ішінен тауып, атап орналастыру. Ертегіні баяндауға үйрету. | таныс ертегілердің мазмұнын айтып беруі; таныс бірнеше шығармаларды атауы? **Аманжол Нұрали**<br><br>«Ертегілер пойызы» ойынын ойнау. Пойыздың макетіне вагондарында екі ертегінің суреті салынған. Суреттің астындағы қалташаға ертегінің кейіпкерлерін суреттердің ішінен тауып, атап орналастыру. Ертегіні баяндауға үйрету. | адамның табиғаттың бір бөлігі екендігін білеме? **Аманжол Нұрали**<br><br>үлестірмелі көрнекіліктердің көмегімен «Адам және табиғат» атты ойыны аркылы адам табиғаттың бір бөлігі екенін ұғындыру. | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы? **Алтай Алнұр**<br><br>«Құмырадағы гүл» ойыны ойнату. Құмыраның сыртындағы дыбысты танытып, гүлдің сұлбасына гүл күлтешесіндегі бірінші дыбысын жапсыруды тапсырылды. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата –аналар, балалармен бірігіп қысқа арнап қол өнерлерін жасап әкелу.<br>Үйде ойнайтын ойыны мен ойыншығы туралы пікір алмасу. | | | | |

Тексерілді:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Тлепова Ш.Ж

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп

Мектепалды «Б» сынып

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 12.12—15.12.2022 ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 12.12.2022** | **Сейсенбі 13.12.2022** | **Сәрсенбі 14.12.2022** | **Бейсенбі 15.12.2022** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Күндей жадырап,<br>Айдай арайлап,<br>Жұлдыздай жарқырап,<br>Судай таза көңілмен<br>Бүгінгі күнімізді бастаймыз.<br>Қайырлы таң, балалар!<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті-көркем әдебиет )** | Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу.<br>«Тәуелсіз Қазақстан» (өлеңмен таныстыру)<br>Мақсаты: Тәуелсіз Қазақстан өлеңімен таныстыру. Өлең арқылы туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Тәуелсіздігімізге арналған жыр-шумақ, мақалдарды жатқа айтқызуға үйрету.<br><br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті Қазақ тілі***-қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі)** | Армысың, Алтын Күн!<br>Армысың, Жер Ана!<br>Армысыңдар, достарым,<br>Армысыздар, балалар!<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті дағдыларды дамыту, Дене шынықтыру**)** | «Менің Отаным» (өлең)<br>Мақсаты: Балаларды Отан сүйгіштікке баулу, өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту.Балалардың сөздік қорын молайту, Тәуелсіздігімізге арналған жыр-шумақ, мақалдарды жатқа айтқызуға үйрету.<br><br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті- көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыр )** | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың әл-ауқаты, демалыс күндері туралы әңгімелер. | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу. | Ата-аналармен балаларының мектепке деген көзқарастары туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен жеке әңгімелесу. мектептегі күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіріңіз. | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дидактикалық ойын:**<br>«Суретші»<br>Мақсаты:Есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларға кез-келген заттардың пішіндері мен бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. | **Үстел үсті ойыны:**<br>«Неден жасалған?»<br>Мақсаты:Заттардың қандай материалдардан жасалғанын олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.Заттардың, ойыншықтардың адамның еңбегімен жасалғанын білу | **«Аңдар қысқа қалай дайындалады?»**<br>Мақсаты: Жануарлардың қысқа қалай дайындалатынын әңгімелеу.<br><br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті - Сөйлеуді дамыту, Қазақ тілі***, )** | **Логикалық тапсырмалар:**<br>Ілгек жапсыру, қиындыларды ретімен жапсыру.<br><br>**(шығармашылық дағдыларын, зерттеу** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен.<br><br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту, Музыка**** - сурет, музыка )** | және оларға ұқыпты қарауға үйрету.<br><br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті - қоршаған ортамен таныстыру)** | | **іс-әрекетін дамыту, Дене шынықтыру**)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Желтоқсан айы ( I – II апта )<br>1. Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру, аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру;<br>2 . белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру, заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру.<br>3. Тепе-теңдікті сақтау: скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру.<br>4. Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>5 . кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу жүгіру.<br>6 . Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу.<br>7. кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.<br>8. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу<br>9. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Қоңырау біздің сиқырлы,<br>Сыңғырлап тағы ән салды.<br>Шақырды түріп ұйқыңды,<br>Шеңберге тұр-деп баршаңды! | **Тосын сәт: «Сиқырлы сандықша»**<br>Есік қағылып сандықша әкелінеді. Сандықшада суреттер,тақпаққа байланысты, дыбыстық жаттығу бойынша. | **Ойын – жаттығу**<br>Шаршасаңдар, балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Саусақтармен ойнаңдар,<br>Қолдарыңды сермеңдер.<br>Денелерің шынықсын,<br>Саналарың тынықсын. | **Фонетикалық ойындар мен жаттығулар**<br>**«Кім не естіді?»**<br>балалардың біреуі шымылдықтың артында тұрып, қоңырау соғады, қасықпен шыны стақанды, металды немесе ағаш затты соғады және т.б. Балалар дыбысты және дыбыс арқылы затты анықтайды. | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Кім ақылды? » **ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдануда дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуді | **Сауат ашу негіздері**<br>**«Буынға буын қос» дид/қ ойыны** | **Математика негіздері**<br>«Фигураларды орналастыр» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларға әртүрлі мөлшердегі цилиндр текшелер | **Сауат ашу негіздері**<br>**«Буынға буын қос» дид/қ ойыны** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Бұл неге ұқсайды?» **дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты:** балаларға геометриялық денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру;<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Жалпы атауын ата» ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>«Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр), жанссыз табиғи заттар адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуді үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Күшті, батыл және үлкен боламын!» **ойыны**<br>**Мақсаты:**Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру; | **Мақсаты:** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету;<br><br>**Математика негіздері**<br>«Сиқырлы дорба» **ойын**<br>**Мақсаты:** балаларға шарды, текшені, цилиндрді, үшбұрыш, шеңбер тәрізді заттарды сипап сезу арқылы ажырата білуді үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Үш сөз» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Таныс ертегілерді еркін талқылауға , зейін қойып тыңдауға, сөздерді күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br><br>**Музыка**<br>**«Күннің көзі және бұлт »**<br>**Мақсаты:** Әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білуге үйрету. | жиынтығын қарастыруды және оларды өлшемнің өсуіне (кемуіне) қарай орналастыруды жаттықтыру;<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Мамандықтың бәрі жақсы» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**«Не қажет?» ойыны**<br>**Мақсат:** Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Мерген бол» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу. | **Мақсаты:** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету;<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Таңдап ал да, атын айт» **ойыны**<br>**Мақсаты:** балаларға шағын көркем шығарманы еркін талқылауға, сөздерді күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Айырмашылығын тап » ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну;<br><br>**Музыка**<br>**«Музыкалық үйшік»**<br>**Мақсаты:** Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдауға үйрету. | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Кием шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. ( өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Қар ұшқындарын бақылау**<br>Мақсаты:<br>Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аударып, салыстыра білуге үйреніп, танымдық белсенділіктері дамиды.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Тым-тырақай»<br>Мақсаты: шапшаңдыққа, ептілікке дағдыланады.<br>Ойын шарты: Ойнаушы балалар шеңберге тұрады да, бір баланы санамақ айтып, ортаға шығарады. Балалар тәрбиешінің белгісімен:<br>Ал, кәнеки балалар,<br>Бір, екі, үш-деп санаңдар<br>Бір, екі, үш—<br>Ал тараңдар-деп<br>Жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң тәрбиеші бір, екі, үш деп санағанша балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Терезеге қарашы<br>Табиғат тұр жарасып<br>Таза аулаға құлайды<br>Көлеңкелер адасып<br>**Еркін ойын :** Ойын түрін анықтау арқылы өз бетімен жұмыс істеу қабілетін анықтау.Ойын әркеттерін қалыптастыру және дамыту белсенділіктеріне тәрбиелеу. | **Әр түрлі күн райына қарай қардың өзгеруін байқау**<br>Жылымық кезінде қар жабысқақ болады, қардан ойыншық аққала істеуге болатынына балалардың көңілін аудару керек, ал аязды күндері қар үгітіліп , құрғап тұрғанда ештеңе істеуге болмайды.<br>Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың қасиеті өзгеретінін байқап отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.<br>Тәжірибе. Қардың қасиеттері.<br>Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.<br>Қарды сумен суарсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық.<br>Табиғаттағы еңбек:<br>Ауа райына байланысты қардың өзгеруіне көңіл бөлуді жалғастыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қарағайлы ормандағы аю»<br>Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиеленеді.<br>Ойын шарты: Алаңның бір жағына аюдың іні сызылады. Екінші жағына үй белгіленеді, онда балалар тұрады. Тәрбиеші інде отырған аюды таңдап алады. Тәрбиеші « балалар», серуендеуге барыңдар! – дегенде балалар үйден шығып орманға барады. | **Жердегі мұзды бақылау**<br>**Мақсаты:** Балаларға мұздың ерекшеліктері туралы түсінік алып, мұздың өзіне тән ерекшеліктерін атап, ажыратуға өз ойын толық жеткізе білуге үйренеді.<br>Мұздың пайдасы мен зияны туралы түсініктері кеңейіп, білімдері артыру.<br>Бақылау барысы:<br>Балалар, ал сендер білесіңдер ме, мұз неден пайда болады?<br>Балалар мұз демек судан пайда болады.<br>Мұздың түсі қандай? (Түссіз)<br>Мұз қай жерлереде кездеседі? (өзедерде, көлдерде)<br>Мұзды жаз мезгілінде қайдан көруге болады? (тоңазытқыштан) Мұз қандай қатты ма, жұмсақ па? Мұздың үстінен қалай жүру керек?<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Ауладағы қоқыстарды жинау.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Жүгір де, ұста!»<br>Мақсаты: балалар ептілік танытады, лақтырған допты ұстап алады.<br>Ойын шарты: Тәрбиеші қолына үлкен әрі әдемі допты алып, баланың алдында 1,5 арақашықтықта тұру қажет.Допты жоғары лақтырып қағып алады да,тәрбиеші бірнеше қадам артқа жүреді де былай дейді: «бір лақтырдым,екі лақтырдым,үш лақтырдым | **Терең қар жамылғысының тереңдігін бақылау.**<br>Мақсаты :<br>Балалардың көңілін мектеп ауласында қай жерлерінде қалың қар жатқанына бөлу.Балаларға қаншалықты терең екенін білуін ұсыну.Ұзындығының шартты өлшемімен адамдар метрді орнатқанын түсіндіру.Балаларға метрді көрсету және әр жерде қар жамылғысының тереңдігін өлшеу; қалың қарды күрекпен кесу, қардың қалыңдығымен бөлігіне көңіл бөлу.<br><br>Тәжірибелер және эксперименттер<br>Ашық орынға қарағанда, неліктен шарбақтар мен қуыстарда қар қалың болатынын балаларға ойлануды ұсыну.<br>Қорытынды. Бұл орындарда желмен ұшып кетпей, тұрып қалады.<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Гүлзарда қар тоқтатуды орнату<br>Қар тоқтату жөніндегі пікірді ұлғайту(қарды тоқтатады, жел соққанда), оларды орнатуда тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орнатуға үйрету, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Олар хормен мына өлеңді айтады.<br>Аю жүрген орманнан<br>Жидек тере мен барғам<br>Аю отыр гүрілдеп,<br>Жарамайды мұның,-деп<br>« Гүрілдеп» дегенде аю балаларды қуады.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Тіл ұстарту жаттығуы:<br>Ыс-ыс-ыс<br>Келіп қалды қыс<br>Ша-ша-ша<br>Жап-жасыл шырша<br>Ар-ар-ар<br>Аппақ екен қар<br>Ла-ла-ла<br>Жасап алдық аққала.<br>**Еркін ойын :** балалардың құрдастарымен еркін ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау,белсенділігін қолдау. | – жүгүір де қағып ал!».Бала жүгіріп келіп допты ұстап алуға тырысады,бірақ тәрбиеші допты өзі қағып алады да былай дейді: «ұстай алмадың-кері қарай жүгір!».Бала өз орнына қайтып келеді.Ойын 2-3 рет қайталанады да, тәрбиеші балаға допты қағып алуына мүмкіндік береді. Бала шеңбер бойымен допты басынан асыра ұстап жүреді.<br>Ресурс : доп<br>**Жеке баламен жұмыс:** қыс айларын жаттатқызу.<br>**Еркін ойын :**<br>Белсенді балалар өз құрбыларының ынталарын баспауын қадағалау, жасқаншақтарға ұялшақ балалардың ойнауына көмектесеміз. | бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерді қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ұшақтар»<br>Мақсаты: балаларды бір-біріне соғылмай жүгіріп, белгі бойынша қозғалып, кеңістікті дұрыс бағдарлауы дамиды.<br><br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Қыс келгенде далама,<br>Қызығып тек тұрмаймын.<br>Ат жегіп-ап шанама,<br>Аппақ қармен зырлаймын.<br><br>**Еркін ойын :**<br>Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері»**<br>**Мақсаты:** Суретте бейнеленген негізгі белгілері бойынша әр жыл мезгілдері жайлы түсініктерін бекіту.<br>**Ойын шарты:** Балалар жыл мезгілдеріне сәйкес түстерді шеңберге тізбектеп, ретімен жүйелі құрастырады. Оған қатысты суреттерді қажетті орнына орналастыруы тиіс.<br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту -Көркем әдебиет, Қазақ тілі***,жапсыру)** | **Дидактикалық ойын: «Жануарларды орналастыр»**<br>**Мақсаты:** Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету. заттарды кеңістікте орналастыруды, қозғалыс бағыттарын үйрету .<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу )** | **Үстел-үсті ойындары:**<br>Пазл құрастыру, суретті жалғастыр.<br>**(шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту , Дене шынықтыру**-жапсыру, дене шынықтыру)** | **Дидактикалық ойын: «Үйдің құрылысы»**<br>**Мақсаты:** Балаларды үй құрылысымен таныстыру, пішіндерді ажырата білуге үйрету<br>**Ойынның барысы:** Тәрбиеші балаларға үйдің суреттерін көрсете отырып, үйдің неше бөліктен тұратынын, оның қандай пішіндерге ұқсайтынын сұрайды. Пішіндерден үйді құрастырады.<br><br>**(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті,** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту-математика, құрастыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айталама?<br><br>**Жандосұлы Алпамыс**<br>сурет бойынша әңгіме құрауға, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады: берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастырауды | ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауда **Көпенғали Мәнер**<br><br>Балаларға «Ғажайып сандықша» ойынын ойнатып сандықшанын ішінен шыққан заттарды сипаттап береді неден жасалғанын ,не үшін керек,сипаттап айтып беруді үйрету. | мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолданып қазақ халқының ыдыс-аяқтарын, зергерлік бұйымдарын мүсіндейді және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіруді ?<br>**АлпамысЖұмабай**<br>мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдана отырып тостағанды безендіруді үйрету. | әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыра алады (түсі, пішіні, өлшемі, материалы,қолданылуы)<br>**Есенқұл Дильназ**<br>«Фигураларды орналастыр» ойынын пайдалана отырып балаларға түсіндіру. | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.<br>Ата-анаға кеңес: «Баланың үйдегі күн тәртібін ұйымдастыру» | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу. | Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін ескеру және кеңес беру.Балалардың балабақшаға ыңғайлы киіммен келуін түсіндіру. | |

Тексерілді:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Тлепова Ш.Ж

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп

Мектепалды «Б» сынып

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 19.12 —23.12.2022 ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 19.12.2022** | **Сейсенбі 20.12.2022** | **Сәрсенбі 21.12.2022** | **Бейсенбі 22.12.2022** | **Жұма 23.12.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br>Дидактикалық ойын:<br>**«Не жетпейді?»**<br>Мақсаты: Жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететіп, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру.<br><br>**(Көркем әдебиет -қарым-қатынас іс –әрекеті, Қазақ тілі***)** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br>**«Машина»**<br>Мақсаты: Айнала қоршаған ортадан көргендерін , алған әсерлерін бейнелей білуге жаттықтыру.<br>Тіктөртбұрыш, дөңгелек пішіндерден тұратын заттық сурет салу қабілеттерін жетілдіру.<br>**(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Ретімен қой»**<br>Мақсаты:Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br><br>**(қоршаған ортамен танысу, музыка ****- танымдық іс әрекет, зерттеу іс әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br>**Жаңылтпаш жаттау**<br>Шеше, шеше<br>Неше кесе<br>Сынды кеше<br>«Үй жасаймыз»<br>Қиынды суреттермен жұмыс<br>**(Сөйлеуді дамыту , жапсыру - қарым- қатынас іс –әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті )** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Менің сүйікті ертегім»<br>Мақсаты:Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айтуға дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді дамыту-қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі***)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың әл-ауқаты, демалыс күндері туралы әңгімелер. | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты | Ата-аналармен балаларының балабақша деген көзқарастары туралы әңгімелесу. | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру (жеке) | Ата-аналармен жеке әңгімелесу. балабақшаның күн тәртібін сақтаудың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу. | | | маңыздылығын еске түсіріңіз. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Аңдар қысқа қалай дайындалады?»** Мен әдемі сурет сала аламын және мүсіндеймін. Балалар орталықтарға бөлініп жұмыстарын жасайды. **(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | **Дидактикалық ойын «Қарлы сөздер»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын дамыту. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілі ерекшеліктерін айту. **(Қарым- қатынас іс –әрекеті- көркем әдебиет, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- сурет салу)** | **Дидактикалық ойын «Қайда мекендейді?»** Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Жануарларды үй және дала жануарлары деп ажырата білуге үйрету. Ойын шарты:Балалар орман мен үйдің суретіне жануарларды ажыратып, атап қыстырғышпен орналастырады. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** | **Құрастыру жұмыстары.** Алдарына құрастыруға арналған қиындылар беріледі.Сол<br><br>қиындыларды үйлестіріп құрастырады. **(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | **Дидактикалық ойын «Вагондарға дөңгелек таңдау»** Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады. **(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-математика негіздері)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Желтоқсан айы ( III – IV апта )**<br>**1. Тізбекте жұптасып жүру, жүгіру.**<br>**2 . кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру;**<br>**3. Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу;**<br>**4. кедергілер арасынан еңбектеу;**<br>**5 . аяқ арасын алшақ ашып тұру, құрсауды төмен ұстау**<br>**6. аяқты алшақ ұстап тұру, қолды төмен түсіріп тұру. Алға қарай еңкею, қапшықты жерге қою, б.қ. 5-6 рет қайталау.**<br>**7. қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу, қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.**<br>**8. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);**<br>**9. Жұбымен шеңбер бойымен жүру** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері** ***«Жүректен жүрекке»***<br>Біздің топта ұл қыздар,<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>Айналаға, бар адамға<br>Тек мейірім сыйлаймыз.<br>Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз.<br>**(Қазақ тілі***, музыка**** )** | **Шаттық шеңбер.**<br>Қуанышы баланың,<br>Қуанышы ананың.<br>Бізді өсірген апатай,<br><br>Еңбегің де зор екен.<br>Құтты болсын «апатай»,<br>Құтты болсын мерекең!<br><br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Тіл ұстарту жаттығуы**<br>Ін –ін –ін<br>Жерге шықты егін.<br>Өн –өн –өн,<br>ұсақ сары дән.<br>Ай –ай –ай<br>Өсті алтын бидай.<br>Ан ан-ан<br>Міне ыстық нан.<br><br>**(Қазақ тілі***, )** | **Дидактикалық ойын: «Ойыншықтарды топта»**<br>Ортаға ойыншықтар қойылады. Балаларға аттарын ататып, неден жасалғанын айтып, топтастыру керек екендігі түсіндіріледі.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Шаттық шеңбер:**<br>Күн жылуын аямасын,<br>Шуағын аяласын.<br>«Достық» деген бәйтеректі<br>Барлық бала саяласын.<br><br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Таңдап ал да, дауысын сал» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Түбірлес сөздерді | **Сауат ашу негіздері**<br>«Буынға бөлу» **ойыны** | **Математика негіздері**<br>«Мен бастаймын, сен жалғастыр»<br>**Мақсаты:** балаларға | **Сауат ашу негіздері**<br>«Жоғалған буын» **дидактикалық ойыны** | **Сауат ашу негіздері**<br>«Буынды қос» **дидактика/қ ойыны** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекет** | жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдануды үйрету.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Мен бастаймын, сен жалғастыр» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретмен («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») бағдарлап анықтауды үйрету;<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Ол кім ? Бұл не?» ойыны**<br>**Мақсат:** Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Асық алу» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; | **Мақсаты:** Буындардан сөздер құрай алу дағдыларын жетілдіру;<br><br>**Математика негіздері**<br>«Алдымен – содан кейін»<br>**Мақсаты:** балаларға «кеше», «бүгін», «ертең» туралы тәулік бөліктерін анықтау дағдыларын жетілдіру;<br><br>**Қазақ тілі**<br>Дидактикалық ойын:<br>**«Сөйлемді аяқта»**<br>**Мақсаты:** Шағын өлеңдерді, санамақтарды, жаңылтпаштарды шапшаң және сөздерін анық айтуға үйрету;<br><br>**Музыка**<br>**«Ырғақты лото»**<br>**Мақсаты:** Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар, шығармаларымен таныстыру. | «алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек» оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айту дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**«**Мамандықты анықта»<br>**дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**«Кімнің заты?» ойыны**<br>**Мақсат:** Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, заттардың атауларын сипаттау.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Терек» **қимыл-қозғалысты ойын**<br>**Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; | **Мақсаты:** Буындардан сөздер құрай алу дағдыларын жетілдіру;<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Қайтала, есте сақта» **ойыны**<br>**Мақсаты:** балаларға тақпақты сөздерін есте сақтап, тақпақтарды жаттату, жұмбақтарды шешкізу, оның ішінен таныс сөздерді таба білу дағдыларын дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Сумен танысайық» ойыны**<br>**Мақсат:**<br>Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну;<br><br>**Музыка**<br>**«Қатты және ақырын әуен »**<br>**Мақсаты:** Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдауға үйрету. Әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білугеии үйрету. | **Мақсаты:** Буындардан сөздер құрай алу дағдыларын жетілдіру;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**«Сиқырлы сандық»**<br>**Мақсат:**<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу;<br><br>**Жапсыру**<br>**«Гүлдер дүкені»** ойыны<br>**Мақсаты:**<br>Сюжеттік жапсыруда пропорцияларын беру сәйкес бейнелерді құрастыру;<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Секір-секір» **қимыл-қозғалысты ойын**<br>**Мақсаты:**<br>Жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;<br>белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіру; |
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.Серуенге ойын құралдарын дайындау.Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>Мақсаты:Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктері қалыптасып, (күн қысқарады, түн ұзарады); қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба біледі.<br><br>**Табиғаттағы еңбек:** Ағаштар түбін қармен көму.<br>**Қимылды ойындар:**<br>**«Қарлы әткеншек»**<br>Мақсаты: балаларды әрбір ортаға бейімделуге жаттықтыру.<br>Ойын шарты: Балалар аққаланың жанында қолдарынан ұстап шеңбер болып тұрады.Тәрбиешінің белгісімен балалар жай, одан кейін қаттырақ, ақырында жүгіреді.Балалар бірнеше рет айналғаннан кейін тәрбиеші айтады: «Жел өзгерді,қарлар басқа бағытқа ұша бастады.» Балалар тоқтап кері қарай жай жүреді және қаттырақ, ақырында жүгіреді.Бірнеше рет айналған соң тәрбиеші: «Жел басылды, қарлар жерге жаймен жауып жатыр.»Қарлы әткеншектің қимылдары жайлап балалар тоқтап қолдарын жібереді. Кішкене дем алғаннан кейін ойын қайталанады.<br><br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>Елемейді ешкімде,<br>Суық пенен боранды. | **Ауа-райын бақылау**<br>Мақсаты: Қыс мезгіліндегі ауа райындағы өзгерістермен таныстыру. Жансыз табиғатта балаларға қыс жөніндегі өзгеріс туралы түсінігін қалыптастыру.Қыс табиғатының әсемдігіне, сүйіспеншілікке тәрбиелеуге талаптандыру.<br><br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Қардан демалыс орнын тазарту.<br>Тапсырма. Балаларға қар бетінде жүріп өтуді және аяқ астында қалай сықырлайтынын тыңдауды ұсыну.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Ақсүйек»<br>Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйренеді.<br>Ойын шарты: Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылғанбағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? - дейді.Ойын шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып | **Желді бақылау**<br>Мақсаты: Өлі табиғат туралы білімдері байып, табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтары қалыптасады.<br><br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Сырғанақ төбешік соғу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Көжектер мен түлкі»<br>Мақсаты: балаларды шапшандыққа,ұйымшылдыққа үйренеді.<br>Ойын шарты: Бір бала түлкі болып сайланады,қалған балалар көжек бет пердесін киіп,дөңгелене отырады.<br>Ойын жүргізуші:Көжектерім тұршы,беттеріңді жушы<br>Ну орманға<br>барайық,тамақтанып алайық.<br>Қоян:Жалмандаған қу түлкі,келіп қапты орманнан.<br>Көжектерім қайда?-деп,еріп келеді соңымнан.<br>Көжектер ән ырғағымен секіріп,қаша жөнеледі,түлкі қуады.<br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>«Затты тап»<br>Мақсаты: мектеп ауласын бағдарлай біледі, затты сипаттау бойынша табады.<br>Еркін ойын:<br>Ойын түрін анықтау арқылы өз бетімен жұмыс істеу қабілетін анықтау.Ойын әркеттерін қалыптастыру және дамыту белсенділіктеріне тәрбиелеу. | **Бұрқасынды бақылау**<br>Мақсаты: Қыс мезгіліндегі табиғаттағы құбылыстарды айта отырып, бұрқасын туралы түсініктері қалыптасады.<br><br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Балаларды бала-бақша ауласындағы телімдерде жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету.Телімдегі тәртіп пен тазалықтан разылық сезімін қалыптастыру.<br>**Қимылды ойындар**:<br>«Мысық пен тышқан»<br>Мақсаты: балалардың ептіліктерін, шапшаңдықтарын дамыту.<br>Ойын шарты: Мысық рөлін ойнайтын бала тандалады.Қалған ойыншылар- «тышқан» болады. Мысық серуендеп жүргенде, тышқандар үйшікте отырады. Ал мысық ұйықтаған кезде,тышқандар серуенге шығады.Тышқандар ойын алаңында еркін ойнап жүреді. Осы уақытта мысық оянып, мяулап тышқандарды ұстайды. Тышқандар үйшіктеріне қашады.<br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>Мақал<br>Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды.<br>**Еркін ойын:** | **Адам таситын көліктерді бақылау**<br>Мақсаты: Адам таситын көліктерді бақылап, қандай пайдасы барын біледі.<br><br>Оларға автобустың арнайы тротуарға жақын аялдамаға тоқтайтынын түсінеді. Көлікке міну және түсу тек қана аялдамада рұқсат етілетінін түсінеді.<br><br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>«Қардан сырғанайтын тау жасау»<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Поезд»<br>Мақсаты: бірінің-артына бірі тұрады, дыбысқа жауап береді.<br>Ойын шарты: Балалар бірінің артына бірі тұрады. Алдында тұрған бала паравоз болады. Бұл ролді ең бірінші жүргізушінің көрсетуіне болады. Ол ысқырып, жолға шығады. Балалар қолдарын бүгеді. Ысқырықты бейнелеп, олар ең алдымен ақырын қозғалып, кейін жылдамдықтарын үдетеді.<br><br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>«Ойлан, тап, ата!»<br>Машинаның құрылысы туралы білімдерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күні бойы тынбайды,<br>Суығына тоңбайды.<br>**Еркін ойын:**<br>Мақсаты: балалардың қимыл белсенділігін ұйымдастыруда<br><br>ойнайтын орынды жабдықтап беру. | алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br><br>**Жеке баламен жұмыс**<br>Жаңылтпаш<br>Қыс қыспаса қыс па,<br>Құс ұшпаса құс па?<br>**Еркін ойын:**<br>Әр балаға оны қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіншілік беру. | | Бала қоғамы өмірінің ұйымдастыру формасы ретіндеойынды дамытуына, бірқалыпты балалық ойын бірлестігінің пайда болуына, балалардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастыру. | жетілдіру. Балаларды машинаның негізгі бөлшектерін (двигатель, кузов, кабина, дөңгелек рамалары), кабина<br><br>құрылғыларын (руль, құралдар, орындық, әйнек) атай білуге үйрету.<br>**Еркін ойын**<br>Балаларды ойынға керекті құрылыс заттарын жасауға үйрету(үй, пароход және т.б.) Ойынның мазмұны мен тақырыптарын кеңейту және дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету.<br>Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Ортақ әңгіме» ойыны**<br>**Мақсаты:** топ мүшелерінің логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**(Көркем әдебиет, Қазақ тілі*** - Қарым-қатынас іс-әрекеті )** | **«Сөйлемді аяқта»**<br>**Мақсаты:**Балаларды бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білуді үйрету.<br><br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті -** | **«Кім көп біледі?»**<br>**Мақсаты:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын үйрету, үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br><br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет- сауат ашу негіздері , қазақ тілі***)** | **Табиғи материалдармен жұмыс:** шемішке, орех қабығы,жапырақтар.<br><br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | **«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»**<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту. Көрнекілік: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер.<br>**Ойын шарты:**Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр.<br><br>**(танымдық және зияткерлік** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **қоршаған ортамен таныстыру)** | | | **дағдыларды дамыту,математика негіздері)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | таныс ертегілердің мазмұнын айтып беруі;<br>таныс бірнеше шығармаларды атауы?<br>**Қуанай Замира**<br>«Арыстан мен тышқан» ертегісі баяндалды. Таныс ертегінің мазмұны бойынша ертегі желісімен кездескен кейіпкерлерді ор наластыру. Ертегі мазмұнын айтуға бейімдеу. | таныс ертегілердің мазмұнын айтып беруі;<br>таныс бірнеше шығармаларды атауы?<br>**Наурызбекқызы Айзере**<br><br>**«Арыстан мен тышқан»** ертегісі баяндалды. Таныс ертегінің мазмұны бойынша ертегі желісімен кездескен кейіпкерлерді ор наластыру. Ертегі мазмұнын айтуға бейімдеу. | қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуы?<br>**Қуанай Замира**<br>«Сан мен суретті сәйкестендір» ойынын ойнату. Санның қанша екенін анықтау үшін суреттегі заттарды санау, санға сәйкестендіру, өзі бос орынға санды көшіріп жазу. | қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуы?<br>**Наурызбекқызы Айзере**<br><br>«Сан мен суретті сәйкестендір» ойынын ойнату. Санның қанша екенін анықтау үшін суреттегі заттарды санау, санға сәйкестендіру, өзі бос орынға санды көшіріп жазу. | үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін, үй құстарын атауы?<br>**Марат Нұрхан**<br><br>үй жануарлары мен жабайы аңдар, төлдерін үй құстарының суретін көрсете отырып, танып айтуға, тапсырманы орындауда жапсыруға, үй жануарларының жейтін қорегін сызбамен сәйкестендіруге жаттықтыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.<br>Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.<br>Сау болыңыздар! | Ата-анаға: балаға жиі қазақтың ертегілерін оқып беуге ұсыныс айту.<br>Қайырлы кеш!<br>(коммуникативтік дағдыларды дамыту) | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.<br>Қош, сау болыңдар!<br>(коммуникативтік дағдыларды дамыту) | Ата-аналарға балалардың жасаған шығармашылық жұмыстарымен таныстыру.<br>Сау болыңдар, балалар! | Ата-аналарға А вирустық геапатит аурудың алдын алу жөнінде кеңесі (медбике)<br>Көріскенше балалар! |

Тексерілді:
Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Тлепова Ш.Ж

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп
Мектепалды «Б» сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 26.12—30.12.2022 ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 26.12.2022** | **Сейсенбі 27.12.2022** | **Сәрсенбі 28.12.2022** | **Бейсенбі 29.12.2022** | **Жұма 30.12.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу. **«Мектепке келе жатырғанда не көрдік?» Мақсаты:** балалардың ауызекі сөйлеуде сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту. **( Музыка****, қоршаған ортамен танысу -қарым-қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті )** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу. **«Кітап бұрышына саяхат» Мақсаты:** суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әркеттерінде бейнелеген суреттері бойынша әңгімелер құрастыруға баулу. **(Көркем әдебиет - қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу. **«Біз әйбат» Мақсаты:** отбасы мүшелерін атау, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық жасауға үйрету, музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. **(қоршаған ортамен танысу, музыка ****-танымдық іс әрекет, зерттеу іс әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Әнұран айту. Еліміздің рәміздері жайлы әңгіме жүргізу. Көк байрақтың кескінін жапсыру. **«Көңілді таяқшалар»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту, физикалық үйлесімді дамыту; спортқа деген қызығушылықты арттыру. **(Сөйлеуді дамыту , дене шынықтыру- қарым-қатынас іс-әрекеті , дене шынықтыру** )** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу. Танымдық ойын: **«Мынау қай пішін?»** Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білуді, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып атай білу. **(Математика негіздері - Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану. | **Ата-аналармен әңгіме**: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме**: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **Үстел үсті ойыны: «Домино»** | **Үстел үсті ойыны:** «Мозайкадан аққалалар | Ертегі: «Мақтақыз бен мысық» | **Қимыл ойындары:** «Сол жақ па, оң жақ па?» | **Кітапханаға саяхат** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>**(Көркем әдебиет, Қазақ тілі***- қарым-қатынас іс-әрекеті)** | құрастыру» Логикалық ойлауын дамыту.<br>**(Құрастыру, жапсыру , музыка ****-<br><br>шығармашылық іс-әрекеті)** | Мақсаты: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету;<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту- Көркем әдебиет, Сауат ашу негіздері )** | **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, -математика негіздері, Дене шынықтыру**)** | Кітап бұрышындағы ертегі кітаптардың суретін тамашалау. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Желтоқсан айы ( ІІІ – ІV апта )<br>1. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру;<br>2 Заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру;<br>3. аяқ арасын сәл ашып тұру, қолды жанға түсіріп тұру, оң қолда доп. Оң қолды жоғары көтеру, сол қолды жоғары көтеру, допты оңнан солға, сол қолдан оң қолға ауыстырып келу 6 – 8 рет қайталау.<br>4. саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.<br>5. Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір- біріне беру.<br>6. гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру.<br>7. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу<br>8. өкшені қосып аяқ ұшын ашып допты жерге қойып тұру. Доп жанында, қос аяқтап секіру.<br>9. Жүру, жүгіру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері:**<br>Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз. | **«Көңілді күн» (Музыка)**<br>Теріп едік жемісін сезім бақтың,<br>Сыйластықтың алауын өзің жақтың.<br>Сенің думан тойыңның әнін естіп,<br>Есігіңді шыдамай өзім қақтым.<br>Бүгін қандай тамаша көңілді күн.<br>Көңілді күн, көңілді күн<br>Сені қуанышыңмен құттықтаймын,<br>Бақытты бол жан досым. | **Ойын – жаттығу**<br>Шаршасаңдар, балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Саусақтармен ойнаңдар,<br>Қолдарыңды сермеңдер.<br>Денелерің шынықсын,<br>Саналарың тынықсын. | **Шаттық шеңбер.**<br>Қуанышы баланың,<br>Қуанышы ананың.<br>Бізді өсірген апатай,<br>Еңбегің де зор екен.<br>Құтты болсын «апатай»,<br>Құтты болсын мерекең! | **Саусақ ойыны:**<br>**«Не қалай дыбыстайды?» .**<br>Мақсаты: кейіпкерлерді (ит, мысық, тышқан, әтеш)<br>көрсетіп дыбысын салуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Кел танысайық » **ойыны**<br>**Мақсаты:** Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларына үйрету,бір-бірімен танысып,әңгіме құрай алу дағдысын меңгерту.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Мен мектепке дайынмын» **ойыны**<br>**Мақсаты:**Балаларға танымдық қызығушылықтарын,білуге құмарлықты,оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға деген ынтасын арттыру,мектепке қажетті құралдармен таныстыру,аттарын атап айтқызу.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Жұмбақтар- табиғат құбылыстары» ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату;<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Спортзалда ойнаймыз» **қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Спортқа деген | **Сауат ашу негіздері**<br>«Сөзді өлшеп көрсетейік» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсініктерін, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулды қалыптастыру.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Мектепке саяхат жасаймыз» **ойыны**<br>**Мақсаты:**Танымдық қызығушылықтарын,білуге құмарлықты,оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға деген ынтасын арттыру,мектептің ішімен таныстыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Аудармашы» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытып,ойын барысында бір-бірімен сөйлесу арқылы тілдік қорларын дамыту.<br><br>**Музыка**<br>**«Аю мен құс »**<br>**Мақсаты:** Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің темврлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар, шығармаларымен таныстыру. | **Математика негіздері**<br>«Мектепке саяхат жасаймыз» **ойыны**<br>**Мақсаты:**Танымдық қызығушылықтарын,білуге құмарлықты,оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға деген ынтасын арттыру,мектептің ішімен таныстыруды жалғастыру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Адал дос»<br>**Мақсаты:** Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға,достық қарым - қатынас орнатып диоглог жүргізуге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**«Ертегілер мен жұмбақтар» ойыны**<br>**Мақсат:**<br>Санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, түрлі ертегілер атауын айту өнеріне баулу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Денсаулықтың құпиялары» **қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру,сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру; | **Сауат ашу негіздері**<br>«Сөз жарысы» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсініктерін, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулды қалыптастыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Кім көп біледі?» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытып,ойын барысында бір-бірімен сөйлесу арқылы тілдік қорларын дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Не қайда өседі?» ойыны**<br>**Мақсаты:** Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату;<br><br>**Музыка**<br>**«Біздің саяхат»**<br>**Мақсаты:** | **Сауат ашу негіздері**<br>«Сөзді өлшеп көрсетейік» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсініктерін, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулды қалыптастыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**«Суретті құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауын, айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту;<br><br>**Мүсіндеу**<br>**«Пішіндер»**<br>**Мақсаты**: балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту. Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу, әртүрлі геометриялық пішіндерді мүсіндеп үйрету; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; | | | Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдауға үйрету. | **Дене шынықтыру** «Денсаулықтың құпиялары» **қимыл-қозғалысты ойыны**<br>**Мақсаты:** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру,сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру; |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Бұлт пен тұманды бақылау**<br>**Мақсаты:** Қыс кезіндегі табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейтіп; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басатынын; ақырын қар жауа бастайтынын біліп түсінеді.<br>Бақылау барысы :<br>Жұмбақтар<br>Көшіп жүріп желменен,<br>Сеуіп шықты тамшысын.<br>Қыраттарға шөлдеген. (бұлт)<br>Аспан түйді қабағын,<br>Сұр пердесін керді де,<br>Жапты жердің табанын.<br>(тұман)<br>Сұрғылт түтін,<br>Бүркесе маңайды,<br>Адастырар талайды. (Қарлы бұлт)<br>**Табиғаттағы еңбек:** Ойын үшін қардан жасалған құрылыс (ұшақ, қалашық, машина)<br>Біріккен іс-әрекет арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау; құрастыру қабілетін дамыту, құрылыс жасау үшін конструктормен жұмыс жасау.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ақ серек көк серек»<br>**М**ақсаты: Балалардың тіл байлығын жетілдіріп, достық қарым-қатынастарын дамытады. | **Бақылау «Қардағы құс іздері»**<br>**Мақсаты:** қардағы құс іздерін тани білуге үйренеді.<br>Бақылау барысы:<br>Балаларға сұрақтар:<br>Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? (құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)<br>Зерттеу жұмысы<br>Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау. | **Қар ұшқындарын бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аударып, салыстыра білуге үйреніп, танымдық белсенділіктері дамиды.<br>Бақылау барысы:<br>Балаларға сұрақтар:<br>Жауған қар қандай?<br>Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай?<br>Жақсылап қараңдаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?.<br>Зерттеу жұмысы: Алақандағы қар неге ериді?<br>Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге?<br>Қар ерігенде не пайда болады?<br>**Табиғаттағы еңбек:** Қардан аққала жасау.<br>**Қимылды ойын:** «Қарлы әткеншек»<br>**Мақсаты:** балаларды әрбір ортаға бейімделуге жаттықтыру.<br>Ойын шарты: Балалар аққаланың жанында қолдарынан ұстап шеңбер болып тұрады.Тәрбиешінің белгісімен балалар жай, одан | **Күннің көзін бақылау**<br>**Мақсаты:** Қадағалауды, әуесқойлықты, көңіл бөлуді дамытып; жансыз табиғат құбылысы жөніндегі білімін нығайтып,таңертең,күндіз және кеш бейімделуі бойынша күннің көзі жолдарын ажырата біледі.<br>Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.<br>Бақылау барысы<br>Жұмбақ.<br>Ақ сандығым ашылды<br>Ішінен жібек шашылды.<br>(күннің көзі)<br>Қысқы мерзімде күннің көзін бақылауды жалғастыру.<br>Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды).<br>Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Қыстың аяғында күннің нұры жылулық шашады, күннің көзі жоғары,күн ұзарады.<br>«Күннің тұрған жағдайы және биіктігі анықталды» | **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды ағашты күтуге үйреніп,қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұратынын, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсініп, балалар табиғатты сүюге үйренеді.<br>Бақылау барысы:<br>Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудару.<br>Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты.<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту.Қай ағаш жасырынды, соны тап.<br>Балаларға ағаштардың әртүрлі екендігін ажыратуды үйрету.<br>Олардың эстетикалық танымын байыту.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Не жүреді және ұшады?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіредіме ?<br>**Көпенғали Мәнер**<br>«Заттардың ортақ қасиеті» ойыны арқылы алдарына берілген үлестірмелі материалдардан заттардың ортақ қасиеті бойынша біріктіреді. Үлкен-кіші жиын, жемістермен көкөністерді бір бөлек орналастырады. Қайсысы көп ,қайсысы аз жиын болды соны анықтайды . | берілген буынға сөз құрастыру?<br>**Асылбек Айсұлтан**<br>«Буынға буын қос » ойынын пайдаланып Бекжанға буындар жазылған карточкалар берілді.<br>Мысалы : Ба-балық, бас,бақа.<br>Қа-қара, қала, қасық<br>Са-сабын, сағат, сағыз<br>Буындардан сөз құруды жаттығуда. | «Қанша?», «нешінші?» сұрақтарын ажыратады, оларға дұрыс жауап бердіме?<br>**Қайратқызы Азиза**<br>Балаларға «Ретімен қой» ойыннын пайдаланып, ойыншықтарды ретімен қойып , балаларға сұрақ қою.<br>- Қоян нешінші тұр?<br>-Күшік нешінші тұр?<br>-Қайсы екінші тұр?<br>Ойыншықтарды ретімен қойып ,нешінші тұрғанын байқау,оларды санау. | 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйретуді жалғастыру.<br>**Қайратқызы Азиза**<br><br>«Сан мен суретті сәйкестендір» ойынын ойнату. Санның қанша екенін анықтау үшін суреттегі заттарды санау, санға сәйкестендіру, өзі бос орынға сандарды жапсырады. | үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін, үй құстарын атауы?<br>**Камзаева Дильназ**<br>Балаларға « Төлін тап ойынын ойната отырып, үй жануарлары мен жабайы аңдар, төлдерін тауып жапсыруға, үй жануарларының жейтін қорегін сызбамен сәйкестендіруге жаттықтыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналармен балалардың төлем ақысы, балалардың тазалығы,балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.<br>Қайырлы кеш! | Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру.<br>Сау болыңдар! | Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу.<br>Қайырлы күн болсын! | Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.<br>Сау болыңдар балалар! | Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.<br>Көріскенше балалар! |

Тексерілді:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Тлепова Ш.Ж

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп

Мектепалды «Б» сынып

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.02-17.02.2023 ж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 13.02.2023 | Сейсенбі 14.02.2023 | Сәрсенбі 15.02.2023 | Бейсенбі 16.02.2023 | Жұма 17.02.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br><br>**Әңгімелесу:** «Мектепке келе жатырғанда не көрдік?»<br>**Мақсаты:** сөздік қорын дамытып, айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту.<br><br>**(Қазақ тілі***-қарым-қатынас іс –әрекеті)** | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br><br>**«Ертегі бұрышына саяхат»**<br>**Мақсаты:** ертегі кейіпкерлерін өз бетінше қарап сипаттауға, түрлі балалар әркеттерінде бейнелеген ертегі бойынша айтып беруге баулу,ертегі кейіпкерінің қимылдарын көрсету арқылы дамыту.<br><br>**(Көркем әдебиет- қарым-қатынас іс-әрекеті,дене шынықтыру**)** | Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру.<br><br>**Үстел үсті ойыны «Пазлдар»**<br>**Мақсаты:** балаларға ойыншық суретері бар берілген суреттердің бөлігін тауып құрастыра білуге үйрету. Тілдік және артикуляциялық аппаратты,таза дикцияны дамыту,дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. (Қазақ тілі***,құрастыру-шығармашылық іс-әрекет,бейнелеу іс-әрекеті) | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br><br>**«Сиқырлы пішіндер» ойыны**<br>**Мақсаты:**балаларды геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша,үшбұрыш,шаршы, тіктөртбұрыш) тани білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу,артикуляциялық аппаратты,таза дикцияны дамыту,ү,ұ,ө,қ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру.<br><br>(**Математика негіздері-танымдық іс-әрекет,зерттеу іс әрекеті,қазақ тілі***** ) | Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу.<br><br>**«Өзім және отбасым» ойыны**<br>**Мақсаты:**балаларға өз отбасының мүшелеріне қамқорлық білдіруді, үй шаруасына көмектесу,отбасы мүшелеріне алғыс айту,сыпайы сөйлеу дағдысын меңгерту арқылы «Бір үйде біз нешеуміз?»санамағы арқылы таныс әуенді жеке және шағын топпен орындауға үйрету.<br><br>**(Қоршаған ортамен таныстыру,музыка **** )** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың әл-ауқаты, демалыс күндері туралы әңгімелер. | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу. | Ата-аналармен балаларының балабақша деген көзқарастары туралы әңгімелесу. | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру (жеке) | Ата-аналармен жеке әңгімелесу. балабақшаның күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіріңіз. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Сол жақта – оң жақта»**<br>Мақсаты: Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта), жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br><br>**(Математика негіздері-танымдық іс-әрекет,зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі***)** | **Танымдық-қимылды ойын:**<br>«Аңдар жүрісі»<br><br>**Мақсаты:** Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.<br><br>**(Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық іс-әрекет)** | **Суреттік боямалар**<br><br>**«Кім, қайда өмір сүреді»**<br>Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.<br><br>**(Қазақ тілі***, музыка****)** | **«Қолғап»**<br>Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту. Ою-өрнекті қолдана отырып қолғапты сәндеуге үйрету.Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**(Сурет салу,мүсіндеу, жапсыру-шығармашылық іс-әрекет,бейнелеу іс-әрекеті)** | **Баяу қимылды ойын: «Адасқан сандар »**<br>**Мақсаты:**баланың танымдық қызығушылығын,ойлау жылдамдығын арттыру арқылы адасқан сандардың реттілігін дұрыс орындауға баулу.<br><br>**(Дене шынықтыру**, математика негіздері - танымдық іс-әрекет,зерттеу іс-әрекеті )** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Ақпан айы ( I – II апта )<br>1.Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру;<br>2. қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру, заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру<br>3. Тепе-теңдікті сақтау: аяқтың ұшымен жүру ,скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру,<br>4. гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту;<br>5. Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>6. «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру.<br>7. Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр),<br>8. бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру, ұзын және қысқа секіргіштен секіру,<br>9. сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Ең тәтті дүние?»<br>**Мақсаты:** Балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;<br><br>**Математика негіздері**<br>«Аспазшы боламыз »<br>**ойыны**<br>**Мақсаты:** Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыруды үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Қайсысы қайда мекендейді?» ойыны**<br>**Мақсаты:** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Кім зейінді?» қимыл-қозғалыс ойыны<br>**Мақсаты:** Балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға жағдайлар жасау; | **Сауат ашу негіздері**<br>«Кім көп сөз айтады»<br>**ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөздерге дыбыстық талдау жасауға, жуан, жіңішке дауысты дыбыстар туралы түсініктерін жетілдеру;<br><br>**Математика негіздері**<br>«Пицца пісіреміз»<br>**дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Бүтін және бөлікті салыстыруды,8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыруды,ойын арқылы жеткізіп,білімдерін шыңдау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Менің дене мүшелерім»<br>**ойыны**<br>**Мақсаты:** Өз бетінше сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу;<br><br>**Музыка**<br>**«Қуыршақтар ұйықтайды және билейді »**<br>**Мақсаты:** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. | **Математика негіздері**<br>«Дұрыс ата» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Бүтін және бөлікті салыстыруды,8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыруды,ойын арқылы жеткізіп,білімдерін шыңдау.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Қысқы қызықтар» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз н-ң дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**«Ғажайып текше» ойыны**<br>**Мақсат:** ойын арқылы белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беруге баулу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Кім зейінді?» қимыл-қозғалыс ойыны<br>**Мақсаты:** Балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға жағдайлар жасау; | **Сауат ашу негіздері**<br>«Түсіп қалған дыбысты тап»<br>**дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөздерге дыбыстық талдау жасауда,қатаң дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін жетілдіру;<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Мың бір мақал»<br>**ойыны**<br>**Мақсаты:** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына баулу.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Жануарлар доминосы» ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттап үйрету.<br><br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>«Түсіп қалған дыбысты тап» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөздерге дыбыстық талдау жасауда,қатаң дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін жетілдіру;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**«Ғажайып текше» ойыны**<br>**Мақсат:** балаларға текшедегі суреттер арқылы берілген образды сомдауда эксперимент жасауға, өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;<br><br>**Сурет салу**<br>«Ағаштар мен бұталар»<br>**ойыны**<br>**Мақсаты:** Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу;<br><br>**Дене шынықтыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **«Қуыршақтар ұйықтайды және билейді»**<br>**Мақсаты:** Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру; | «Жыл мезгілдеріне саяхат» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шанамен сырғанауға баулу; |
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. | | | | |
| **Серуен** | **Бұлт пен тұманды бақылау**<br>**Мақсаты:** Қыс кезіндегі табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейтіп; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басатынын; ақырын қар жауа бастайтынын біліп түсінеді.<br>**Жұмбақтар**<br>Көшіп жүріп желменен,<br>Сеуіп шықты тамшысын.<br>Қыраттарға шөлдеген.<br>(бұлт)<br>Аспан түйді қабағын,<br>Сұр пердесін керді де,<br>Жапты жердің табанын.<br>(тұман)<br>Сұрғылт түтін,<br>Бүркесе маңайды,<br>Адастырар талайды.<br>(Қарлы бұлт)<br>**Табиғаттағы еңбек:** Ойын үшін қардан жасалған құрылыс (ұшақ, қалашық, машина) Біріккен іс-әрекет арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау; құрастыру қабілетін дамыту, құрылыс жасау үшін конструктормен жұмыс жасау. | **Бақылау «Қардағы құс іздері»**<br>**Мақсаты:** қардағы құс іздерін тани білуге үйренеді.<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? (құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)<br>**Зерттеу жұмысы** | **Қар ұшқындарын бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аударып, салыстыра білуге үйреніп, танымдық белсенділіктері дамиды.<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Жауған қар қандай?<br>Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай?<br>Жақсылап қараңдаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?.<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Алақандағы қар неге ериді? Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар еригенде не пайда болады?<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Қардан аққала жасау.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Қарлы әткеншек»**<br>**Мақсаты:** балаларды әрбір ортаға бейімделуге жаттықтыру. | **Күннің көзін бақылау**<br>**Мақсаты:** Қадағалауды, әуесқойлықты, көңіл бөлуді дамытып; жансыз табиғат құбылысы жөніндегі білімін нығайтып,таңертең,күндіз және кеш бейімделуі бойынша күннің көзі жолдарын ажырата біледі. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ.**<br>Ақ сандығым ашылды<br>Ішінен жібек шашылды.<br>(күннің көзі)<br>Қысқы мерзімде күннің көзін бақылауды жалғастыру.<br>Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Қыстың аяғында күннің нұры | **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды ағашты күтуге үйреніп,қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұратынын, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсініп, балалар табиғатты сүюге үйренеді.<br>**Бақылау барысы:**<br>Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудару.<br>Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты.<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту.Қай ағаш жасырынды, соны тап.<br>Балаларға ағаштардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын:**<br>**«Ақ серек көк серек»**<br>**Мақсаты:** Балалардың тіл байлығын жетілдіріп, достық қарым-қатынастарын дамытады.<br>**Ойын шарты:** Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>Жаңылтпаш:<br>Қыс қатты-ақ,<br>Қыспаққа-ап.<br>Құс тоңып жүр,<br>Қыстап қап.<br>**Еркін ойын**:<br>Ойынға керекті құралдармен жабдықтап үйрету; ойын барысында табиғи заттарды қолдануды үйрету(су, құм т.б.). | Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>**Қимылды ойын:**<br>***«Жүгір де, ұста!»***<br>**Мақсаты:** балалар ептілік танытады,лақтырған допты ұстап алады.<br>**Ойын шарты:** Тәрбиеші қолына үлкен әрі әдемі допты алып, баланың алдында 1,5 арақашықтықта тұру қажет.Допты жоғары лақтырып қағып алады да,тәрбиеші бірнеше қадам артқа жүреді де былай дейді: «бір лақтырдым,екі лақтырдым,үш лақтырдым – жүгіір де қағып ал!».Бала жүгіріп келіп допты ұстап алуға тырысады,бірақ тәрбиеші допты өзі қағып алады да былай дейді: «ұстай алмадың-кері қарай жүгір!».Бала өз орнына қайтып келеді.Ойын 2-3 рет қайталанады да, тәрбиеші балаға допты қағып алуына мүмкіндік береді. Бала шеңбер бойымен допты басынан асыра ұстап жүреді.<br>Ресурс : доп.<br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>Ақша қар, ақша қар,<br>Аппақ болып қонасың.<br>Тоса қалсам қолымды<br>Алақаныма толасың.<br>**Еркін ойын:**<br>Жаттығу ойындары:<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру... | **Ойын шарты:** Балалар аққаланың жанында қолдарынан ұстап шеңбер болып тұрады.Тәрбиешінің белгісімен балалар жай, одан кейін қаттырақ, ақырында жүгіреді.Балалар бірнеше рет айналғаннан кейін тәрбиеші айтады: «Жел өзгерді,қарлар басқа бағытқа ұша бастады.» Балалар тоқтап кері қарай жай жүреді және қаттырақ, ақырында жүгіреді.Бірнеше рет айналған соң тәрбиеші: «Жел басылды, қарлар жерге жаймен жауып жатыр.»Қарлы әткеншектің қимылдары жайлап балалар тоқтап қолдарын жібереді.<br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>«Суретші қыс» К. Нүсіпов<br>Қонақтайды бақтарға,<br>Ақ көбелек, ақ мамық.<br>Аунап таза ақ қарға,<br>Балалар жүр мақтанып.<br>Тазарып бар кір, шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет сала бастады.<br>**Еркін ойын:**<br>Жаттығу ойындары<br>«Байқап өт»<br>Мақсаты: заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету. | жылулық шашады, күннің көзі жоғары,күн ұзарады.<br>**Тәжірибелер және эксперименттер**<br>«Күннің тұрған жағдайы және биіктігі анықталды»<br>Нақты өлшем көмегі кезінде балаларды күннің тұрған жағдайын өлшеуге үйрету.<br>**Табиғаттағы еңбек:** Қар тоқтатуға дайындық. Жөндеу<br>**Қимылды ойын:**<br>***«Жер, су, ауа»***<br>**Мақсаты:** балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын шарты:** балалар екі жаққа тең бөлініп тұрады. Бастаушы ортаға шығады. ол ойынға қатысушылардың кез-келгеніне допты лақтырып жібереді де, «жер», «су», «ауа» деген үш сөздің біреуін айтады. Егер бастаушы «жер» десе,допты қағып алған бала жерде өсетін өсімдіктің немесе жер бетінде тіршілік ететін тіршілік иесін тез айтуы керек. Ал «су» сөзі айтылса, суда мекендейтін тіршілік иелерінің аты айтылады. «ауа» дегенде ауада жүретін көлік түрлерін немесе құстың атауын айтылуы керек. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Дыбыс арқылы санды тап»** | әртүрлі екендігін ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Не жүреді және ұшады?»**<br>**Мақсаты:** қимыл үйлесімділігі, зейін және есту анализаторлары, қол мен аяқ-қимылдары дамиды.<br>Ресурс: Әртүрлі жануарлар, құстар,жәндіктерді суреттері бейнеленген карточкалар.<br>**Ойын шарты:**<br>Жүргізуші әртүрлі суреттерді көрсетіп, ненің қалай жүретінін талқылайды. Кейін ойынды бастайды. Карточканы көрсетіп сұрайды: «Ол қалай қозғалады?» Бала қимылдарымен жауап береді:жорғалайды, секіреді және басқа да тәсілдермен кілем үстінде қимыл жасайды.<br>**Жеке баламен жұмыс**<br>Қар жамылды бар алқап,<br>Жүрмедік біз құр қарап.<br>Бір топ бала бірлесіп,<br>Жасап алдық сырғанақ.<br>**Еркін ойын:**<br>Балалардың өзіндік ұжымын дамыту негізінде қарым-қатынастың жақсы формаларымен топтамаларын пайдалану. Белсенді балалар өз құрбыларының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту. | | **Мақсаты:**Дыбысты естіп санауға үйрету.<br>**Ойын шарты:** тәрбиеші түрлі дыбыстар шығарады. Мысалы: үстел қағады, қасықты соғады, шапалақтау т.б.Бала сол дыбыстарды санап, қанша дыбыс естігенін айтады.<br>**Еркін ойын:**<br>Тұрақты балалар бірлестігін нығайтуға талаптандыру. Дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу. | ынталарын баспауын қадағалау, жасқаншақтарға ұялшақ балалардың ойнауына көмектесеміз. |
| **Серуеннен оралу** | Серуенен оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету.<br>Сыныпта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>**(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Айырмашылығын тап» **ойыны**<br>Мақсаты: балаларға ауызекі сөйлеуде қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.Суреттердің айырмашылығын таба білуге,әңгімелеп айта білуге дағдыландыру.<br>**( Қазақ тілі ***)** | «Ғажайып қап» **ойыны**<br>**Мақсаты:** балаларды заттардың өзіне тән белгілері бойынша тануға үйрету.Сипау арқылы таныс затты табу. Затты қаптан алып, тек ол туралы айтылған соң ғана оны көрсету; егер зат дұрыс аталмаса, суреттеу бойынша танылмаса онда қапты ашпау.<br>Тәрбиеші ойынды ұйымдастыра отырып, балаларға таныс заттарды таңдау.<br><br>**(Сөйлеуді дамыту-қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі*** )** | «Қанеки, есіңе түсір!» **ойыны.**<br>**Мақсаты**: Ауызекі сөйлеуді қарым қатынас құралы ретінде дамыту.Сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>**Ойын шарты:**<br>«Бұл мектепте неше қабат бар?», «Дәліздегі перделердің түсі қандай?» «Бүгін Мәди не киіп келді?» «Мектепке нешеде келеміз?» «Үйге нешеде қайтамыз?»т.б. Бәріне нақты жауап берген оқушы жеңімпаз атанады.<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері, қазақ тілі***)** | «Ұзын ба, қысқа ма заттарды ұзындығы бойынша салыстыр ?» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Заттарды әр түрлі белгілері бойынша салыстыруға үйрету.Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын беруге үйрету.<br>**(Танымдық және зерттеу іс-әрекеті - математика негіздері, шығармашылық іс - әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- жапсыру)** | «Менің сыныбым» **ойыны.**<br>**Мақсаты:** Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу<br>**Ойын барысы:** Фото сурет құрастыру. Фото суреттен бейнеленген гүлдерді және сыныпта өсіп тұрған гүлдерді ажыратып табу, әдемі орналастырып жапсыру.<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру**)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруін ? **Русланқызы Айару** өзі білетін ертегі, әңгімелердің суреттерін көрсете отырып, сұрақ қойып ,толық жауап беруге, ертегі мазмұнын айтуға бейімдеу. | Сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету. **Баки Нұржан** Балаларға «Сөз ойла, тез ойла » ойынын ойнатып суреттегі заттардың атауы қандай дыбыстардан басталып тұрғанын сұрау және дыбыстардың орныны анықтау. | Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруін ? **Тұрлан Әбубәкір** өзі білетін ертегі, әңгімелердің суреттерін көрсете отырып, сұрақ қойып ,толық жауап беруге, ертегі мазмұнын айтуға бейімдеу. | Сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету. **Асылбек Айсұлтан** Балаларға «Сөз ойла, тез ойла » ойынын ойнатып суреттегі заттардың атауы қандай дыбыстардан басталып тұрғанын сұрау және дыбыстардың орныны анықтау. | үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін, үй құстарын атауы? **Камзина Дильназ** Балаларға « Төлін тап ойынын ойната отырып, үй жануарлары мен жабайы аңдар, төлдерін тауып жапсыруға, үй жануарларының жейтін қорегін сызбамен сәйкестендіруге жаттықтыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалармен қызықты демалыс күндерін өткізуге кеңес беру, отбасылық серуен ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндіру. | Балалармен қызықты демалыс күндерін өткізуге кеңес беру, отбасылық серуен ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндіру. | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. | Балалармен қызықты демалыс күндерін өткізуге кеңес беру, отбасылық серуен ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндіру. | Балалармен қызықты демалыс күндерін өткізуге кеңес беру, отбасылық серуен ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндіру. |

Тексерілді:
Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Тлепова Ш.Ж

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп
Мектепалды «Б» сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 20.02-24.02.2023 ж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 20.02.2023 | Сейсенбі 21.02.2023 | Сәрсенбі 22.02.2023 | Бейсенбі 23.02.2023 | Жұма 24.02.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Үстел үсті ойындары:** Мен әдемі сурет сала аламын және мүсіндеймін. Балалар орталықтарға бөлініп жұмыстарын жасайды.<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет,бейнелеу іс-әрекеті)** | **Дидактикалық ойын «Қарлы сөздер»**<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорларын дамыту. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілі ерекшеліктерін айту.<br>**Ойын шарты:**<br>Бастаушы сөйлемді өзі бастап береді:<br>-Қар қандай? (суық,ақ,жеңіл.....)<br>-Қар неге ұқсайды? (мақта,қант,балмұздақ...<br>-Қарлы сөздерді ата?<br><br>**(Сөйлеуді дамыту-қарым-қатынас іс – әрекеті)** | **Дидактикалық ойын «Вагондарға дөңгелек таңдау»**<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойынның барысы: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.<br><br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** | Құрастыру жұмыстары. Алдарына құрастыруға арналған қиындылар беріледі.Сол қиындыларды үйлестіріп құрастырады.<br><br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | **Дидактикалық ойын «Қайда мекендейді?»**<br>**Мақсаты:** Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Жануарларды үй және дала жануарлары деп ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:**Балалар орман мен үйдің суретіне жануарларды ажыратып, атап қыстырғышпен орналастырады.<br><br>**(қоршаған ортамен таныстыру,музыка **** )** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың әл-ауқаты, демалыс күндері туралы әңгімелер. | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу. | Ата-аналармен балаларының балабақша деген көзқарастары туралы әңгімелесу. | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру (жеке) | Ата-аналармен жеке әңгімелесу. балабақшаның күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіріңіз. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы** | **Суреттік боямалар**<br><br>**«Кім, қайда өмір сүреді»**<br>**Мақсаты:** Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. | **Танымдық-қимылды ойын:**<br>«Аңдар жүрісі»<br>**Мақсаты:** Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады. | **«Сол жақта – оң жақта»**<br>**Мақсаты:** Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта), жетілдіру, есте | **«Ең жылдам және дәл» ойыны.**<br>мақсаты: Дене шынықтырудың әр түрлі нысандарында шығармашылық, танымдық, сөйлеу қабілеттерін дамыту. | **«Ғажайып қап» ойыны**Мақсаты: балаларды заттардың өзіне тән белгілері бойынша тануға үйрету.Сипау арқылы таныс затты табу. Затты қаптан алып, тек ол туралы айтылған соң ғана оны көрсету; егер зат дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқа әрекеттер)** | **(шығармашылық іс-әрекет,бейнелеу іс-әрекеті)** | **(қоршаған ортамен таныстыру,музыка **** )** | сақтау қабілеттерін арттыру.<br><br>**(Математика негіздері-танымдық іс-әрекет,зерттеу іс әрекеті,қазақ тілі*** )** | Ойын шарты: балалар таяқшалармен ойнайды. Уақыт берілгенде таяқшалардың түстеріне қарай жылдам бөліп шығаруы тиіс. Бөлген таяқшаларды санайды.<br><br>**(Дене шынықтыру**, математика негіздері-танымдық іс-әрекет,зерттеу іс әрекеті)** | аталмаса, суреттеу бойынша танылмаса онда қапты ашпау.<br><br>Тәрбиеші ойынды ұйымдастыра отырып, балаларға таныс заттарды таңдау.<br><br>**(Сөйлеуді дамыту-қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі*** )** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Ақпан айы ( I – II апта )<br>1.Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру;<br>2. қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру, заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру<br>3. Тепе-теңдікті сақтау: аяқтың ұшымен жүру ,скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру,<br>4. гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту;<br>5. Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>6. «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру.<br>7. Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр),<br>8. бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру, ұзын және қысқа секіргіштен секіру,<br>9. сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жаңылтпаш жаттау**<br>**Мақсаты:**сөз өнеріне, жаңылтпаш айту өнеріне баулу.<br>Шеше, шеше,<br>Неше кесе.<br>Сынды кеше.<br><br>**(Көркем әдебиет-қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Тіл ұстарту жаттығуы**<br>Ін –ін –ін<br>Жерге шықты егін.<br>Əн –əн –əн,<br>ұсақ сары дән.<br>Ай –ай –ай<br>Өсті алтын бидай.<br>Ан ан-ан<br>Міне ыстық нан.<br><br>**(Сөйлеуді дамыту-қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру** )** | **Шаттық шеңбері «Жүректен жүрекке»**<br>Біздің топта ұл қыздар,<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>Айналаға, бар адамға<br>Тек мейірім сыйлаймыз.<br>Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз.<br><br>**(Қазақ тілі***, музыка**** )** | **Жаңылтпаш жаттау**<br>**Мақсаты:**сөз өнеріне,жаңылтпаш айту өнеріне баулу.<br>Шеше, шеше,<br>Неше кесе.<br>Сынды кеше.<br><br>**(Көркем әдебиет-қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **«Не жоқ?» ойыны**<br>**Мақсаты:** балалардың логикалық ойлауын дамыту, жоғалған сандарды айтуға, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**(Математика негіздері-танымдық іс-әрекет,зерттеу іс-әрекеті )** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Ажарлы қыс **» ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауды меңгерту.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Ойыншықты тап» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Кеңістік туралы түсініктерді, сол жақтан оң жаққа,оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа ұғымдарын бекіту,ойын ойнау арқылы білімдерін шыңдау.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Сурет құрастыру» ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады, қоректенеді, өсуі және көбейу туралы түсінік беру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Еркін тыныс ал, көркем ойла!» **ойын -жаттығуы**<br>**Мақсаты:** Ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып секіру; | **Сауат ашу негіздері**<br>«Буынды өзгерт» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөздерді буындарға бөлу, олардың<br><br>саны мен ретін анықтауды жалғастыру;<br><br>**Математика негіздері**<br>«Қарама-қарсы бағдарды ата» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Кеңістік туралы түсініктерді, сол жақтан оң жаққа,оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа ұғымдарын бекіту, ойын ойнау арқылы білімдерін шыңдау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Дыбыстар әлемі» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Қазақ тіліне тән<br>ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру;<br><br>**Музыка**<br>**«Жалғасын тап»**<br>**Мақсаты:** Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру; | **Математика негіздері**<br>«Өз өрнегің туралы айтып бер» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Кеңістік туралы түсініктерді, сол жақтан оң жаққа,оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа ұғымдарын бекіту, ойын ойнау арқылы білімдерін шыңдау.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Әжесі қайсысын жақсы көреді?» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып,сөйлегенде қолдана білуді үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**«Жұбын тап» ойыны**<br>**Мақсат:**<br>Балаларға суреттер бойынша **ө**леңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Көңіл күйіңді көрсет» **ойын-жаттығуы**<br>**Мақсаты:** Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді,екінші | **Сауат ашу негіздері**<br>«Кім көп сөз біледі?» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөздерді буындарға бөлу, олардың<br><br>саны мен ретін анықтауды жалғастыру;<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Дыбыстар әлеміне саяхат» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру,ойын арқылы дыбыстарды меңгерту.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**«Жануарларды қоректендір»** дидактикалық ойыны<br>**Мақсаты:**<br>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: мекендеу орны,табиғи-климаттық аймақтары бойынша топтастыра білуге үйрету;<br><br>**Музыка**<br>**«Күн мен жаңбыр »**<br>**Мақсаты:** Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындаға үйрету; | **Сауат ашу негіздері**<br>«Сөз жарыс» **дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** Сөздерді буындарға бөлу, олардыңсаны мен ретін анықтауды жалғастыру;<br><br>**Көркем әдебиет ойыны: «Лақтар мен қояндар»**<br>**Мақсат:**<br>Ойын арқылы суреттегі жануарлар туралы өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға дағдыландыру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>«Тиінге саңырауқұлақтарды таратуға көмектес» **ойыны**<br>**Мақсаты:** жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Шеңбер» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет);<br>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет), қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бала оның аяғына отырады (5-6 рет); | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау**<br>**Мақсаты:** Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктері қалыптасады.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Аппақ етіп айналаны,<br>Ақ көбелек айналады.<br>(Жапалақтап жауған қар)<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>♦қыс айларын атаңдар?<br>♦қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады?<br>♦қарқатқақ қалай пайда болады?<br>**Табиғаттағы еңбек :** сырғанаққа су себу.<br>**Қимылды ойын: «Әр түрлі доптарды лақтыру»**<br>**Мақсаты:** Иық бұлшық етін, зейінін тұрақтылығын дамыту.<br>Ресурстар: Кішкентай және әртүрлі доптар.<br>**Ойын шарты:** Жүргізуші еденге баланың алдына доптарды қояды, кейін оларды қалай лақтыру керектігін көрсетеді: біртүсті кішкене доптарды(мысалы, қызыл)- сол қолмен, ал басқаларын- оң қолмен. Кейін «әртүрлі доптарды лақтырамыз» деген бұйрықпен балалар доптарды лақтыруды бастайды. Жүргізуші алысқа лақтыруды және тапсырманы дұрыс | **Терек ағашын бақылау**<br>**Мақсаты:**Балалардың ағаштар туралы білімдері молайып; Ағаштарға қамқор болуға үйренеді.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші әңгімелейді:<br>Адам таза ауамен тыныс алады.<br>Таза ауамен тыныс алған адамның дені сау, өмірі ұзақ болады.сол себептен бабаларымыз «Өмір жасыңды ұзартқың келсе ағаш ек» деген.<br>**Табиғаттағы еңбек:** қар жинауға көмектесу.<br>**Қимылды ойын: «Алға жылдам жүр, тек жүгірме»**<br>**Мақсаты:** Өкпені тыныс алуын, жалпы дене қимылын,ептілігін дамыту.<br>**Ойын шарты:** Балалар бірінің артынан бірі екі қатарға түзіледі. Әр қатардың алдында тұрған баланың алдына старт сызығын сызады. 20-30 м қашықтықта мәре сызығы сызылады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалармәре сызығына жылдам жетулері керек.<br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>**Мақал-мәтел:**Бір тал кессең, он тал ек.<br>**Тыйым сөздер:**Өсіп тұрған ағашты кесуге немесе балталауға болмайды. От жағуға | **Күн мен түн неге ауысады?**<br>**Мақсаты:**Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні, жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күннің ұзаруын туралы түсінік алады.<br>**Бақылау барысы:**<br>Балаларға жұмбақ жасыру<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан.<br>(күн)<br>Жартысы жадыратып нұр себеді,<br>Жартысы қара мақпал бүркенеді. (түн)<br>Орақ болып туады,<br>Табақ болып тынады (ай)<br>Күндіз білінбейді,<br>Түнде дірілдейді<br>(жұлдыз)<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Құстарға жем шашу.<br>**Қимылды ойын: «Тышқан мен қонжық»**<br>**Мақсаты:** Терең ырғақты дем алып шығаруға жаттықтыру,қимылдың дұрыстығын дамыту,омыртқа бұлшық етін дамыту.<br>**Ойын шарты:** Жүргізуші қимылдар көрсетіп, сөздер айтады:<br>Қонжықтың үйі үлкен.(тіктеліп, аяқ ұшына тұру,қолдарды жоғары көтеріп, созу, қолдың ұшына қарап, дем алу) | **Қыстап қалған құстарды бақылау**<br>**Мақсаты:** қыстайтын, алаңға келетін құстардың аттарын анықтап, олардың сыртқы бейнесін, қандай жемді жақсы көретінін, қалай тұрып, қалай жүретіндерін анықтайды. Балаларды байқағыштыққа, құстарға жанашыр болуға тәрб/у.<br>**Табиғаттағы еңбек:**Қане бәріміз жем шашайық (жемсауыттарға жем, нан қиқымын салдырту).<br>**Қимылды ойын:«Ұялардағы балапан құстар»**<br>**Мақсаты:** ептілікке, құстарды қамқорлауға дағдыланады.<br>**Ойын шарты:** Алаңның немесе бөлменің әр шетінде 3-4 ұя жасалады. Құстар ұяларға орналасады. Тәрбиеші белгісі бойынша олар ұяларынан ұшып шығады да (кедергілерден аттап өтеді) алаңда ұшып жүреді.<br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>Құстар туралы тақпақ<br>Құстар біздің досымыз<br>Күнде оларды көреміз<br>Қамқор болып әрқашан<br>Ұя жасап береміз<br>**Қимылды ойын:**<br>Жаттығу ойындары:<br>Торғайларға ұқсап секіріп алайық.Қарғаларға ұқсап адымдап жүрейік. | **Табиғат күнтізбесі арқылы ауа райын бақылау**<br>**Мақсаты:** ауа райын бақылап, ауа райына көңіл бөліп, байқау өткізеді.<br>**Бақылау барысы:**<br>1. Күн желді ме, жоқ па?<br>2. Балалар қалай киінген?<br>3. Қар жауып тұр ма?<br>4. Жуырда қар жауып, өттіме ме?<br>Серуендеп келген балаларға бүгін өздері көріп, бақылаған ауа райының жайын күнтізбеге белгілеулері керектігін естеріне салу.<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.<br>**Қимылды ойын: «Паравоз»**<br>**Мақсаты:** Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып жүруге паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйренеді.<br>Ойын шарты:<br>Қатар-қатар тұрайық,<br>Кәне, кәне, сұрайық<br>Кімнің болса бойы ұзын<br>Паравозы пойыздың<br>Кімнің, апай, бойы ұзын<br>Паравозы ол пойыздың?!<br>Тәрбиеші бойы ұзын баланы көрсетеді. Сол бала паравоз болып алда тұрады. Ал қалғандары соның артынан ұстап тұра бастайды.<br>Ал, паравоз баста алға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындауын бағалайды.<br>Балалар доптарды кезек-кезекпен лақтырады.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Жауды,міне қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды,<br>Тегістепті оларды.<br>Үстін жауып көлдердің,<br>Бетін бүркіп белдердің.<br>Жастық етіп тауды асқақ,<br>Жантайыпты жамбастап.<br>**Қимылды ойын:**<br>Жаттығу ойындары «Кім алысқа секіреді?».<br>Мақсаты: белгіленгшен жерге дейін екі аяқпен секіру. | қураған ағашты пайдалану керек.<br>**Қимылды ойын:**<br>Жаттығу ойындары Бір аяқпен секіру<br>Мақсаты: жоғары секіруге және жерге дұрыс түсугежаттықтыру. | Тышқанның үйі өте кішкентай.(тізені құшақтап отыру, басты төмен қарай түсіріп, «шшш» деген дыбыс шығару)<br>Тышқан қонжықтың үйіне қонаққа барады. Ал қонжық тышқанның үйіне кіре алмайды, себебі сыймайы.Өлең қимылдармен 4-6 рет қайталанады.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>**Мақал-мәтел:** Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.<br>**Қимылды ойын:**<br>Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту «Шығырыққа лақтыру».<br>Мақсаты: мергендіктерін дамыту. | | Бәрімізді басқар да!<br>Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік<br>Жүрісті біз гулетіп<br>Жүрісті біз гулетіп<br>Гу-гу, гу-гу, гуілдеп<br>Қалып қойма біріңде<br>Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік<br>жүрісті біз үдеттік.<br><br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Далада қандай тамаша,<br>Ақ мамыққа оранған.<br>Ақ дастархан жапқандай,<br>Көз тоймайды қарасаң.<br>**Қимылды ойын:**<br>Ойын түрін анықтау арқылы өз бетімен жұмыс істеу қабілетін анықтау.Ойын әркеттерін қалыптастыру және дамыту белсенділіктеріне тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Серуенен оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету.<br>Сыныпта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Пішіндерді орналастыр» **ойыны**<br>**Мақсаты:** Бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау.<br>**Ойын шарты:**<br>Пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады. Дөңгелек пішінді мүсіндеу. Пішіндерге арналған әнді тыңдау.<br>**(Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- мүсіндеу, музыка**** )** | «Ақымақ қасқыр» **ертегісі**<br>**Мақсаты:** Ертегі мазмұны бойынша негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, бірізді айтуын дамыту.Дауыс қарқынын реттеу. Тыныс алуды , таза дикцияны дамыту.<br>**Шарты:** Балалар «Ақымақ қасқыр» ертегісін теледидардан көріп, балалар өздері рөлдерге бөлініп ойнайды.<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті- көркем әдебиет)** | **«Өз түсіңді тап» ойыны.**<br>**Мақсаты:** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.<br>Ойынның шарты: Балаларға үш түрлі түстерді беріп, музыка ойнағанда араласып билеп, музыка тоқтағанда өз түстерін тауып тұра қалады.<br>**(Дене шынықтыру**, музыка ***)** | **Дидактикалық ойын: «Сөйлеп тұрған кім?»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі мамандық иелері туралы ұғымдарын қалыптастыру.Балалардың өзінің қарым қатынасын білдіруге, көркем сөздерді қолдануына ынталандыру.<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті- сөйлеуді дамыту, қазақ тілі***)** | «Сөздерді ата» **(суреттермен) ойыны.**<br>**Мақсаты:**<br>Дыбыстарды айтылуы және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға баулу.<br>Бірнеше суреттерді атау, бірінші дыбысын атап, дауысты, дауыссызды ажыратып, дыбыстық талдау жасау.<br>**(Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері, қазақ тілі***)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы?<br>**Нұрлан Нұрали**<br>«Құмырадағы гүл» ойыны ойнатылды. Құмырадағы гүлдің сұлбасына гүл күлтешесін өзінің бірінші   дыбысына сәйкес суретті жапсыру тапсырылды.. | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы?<br>**Онгарова Малика**<br>«Құмырадағы гүл» ойыны ойнатылды. Құмырадағы гүлдің сұлбасына гүл күлтешесін өзінің бірінші дыбысына сәйкес суретті жапсыру тапсырылды..   | таныс ертегілердің мазмұнын айтып беруі; таныс бірнеше шығармаларды атауы?<br>**Сабырғали Амир**<br>Балаларға «Арыстан мен тышқан» ертегісі кейіпкерлерінің жеке суреттерін атау, интерактивті тақтадан ертегіні көру, есте сақтау үшін сыныптағы балаларға сахналап көрсету жұмыстары жүргізілді. | таныс ертегілердің мазмұнын айтып беруі;<br>таныс бірнеше шығармаларды атауы?<br>**Онгарова Малика**<br>Балаларға «Арыстан мен тышқан» ертегісі кейіпкерлерінің жеке суреттерін атау, интерактивті тақтадан ертегіні көру, есте сақтау үшін сыныптағы балаларға сахналап көрсету жұмыстары жүргізілді. | негізгі қимылдарды орындаудың қимылдық дағдыларына және техникасына ие болуы?<br>**Русланқызы Айару**<br>**-** баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіреді;<br>-белгілі бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, өрмелейді;<br>-әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай гимнастикалық скамейка бойымен жүру жаттығуларын орындайды. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалармен қызықты демалыс күндерін өткізуге кеңес беру, отбасылық серуен ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндіру. | Балалармен қызықты демалыс күндерін өткізуге кеңес беру, отбасылық серуен ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндіру. | Үйде ойнайтын ойыны мен ойыншығы туралы пікір алмасу. | Балалармен қызықты демалыс күндерін өткізуге кеңес беру, отбасылық серуен ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндіру. | Балалармен қызықты демалыс күндерін өткізуге кеңес беру, отбасылық серуен ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндіру. |

Тексерілді:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Тлепова Ш.Ж

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп
Мектепалды «Б» сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 27.02-03.03.2023 ж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 27.02.2023 | Сейсенбі 28.02.2023 | Сәрсенбі 01.03.2023 | Бейсенбі 02.03.2023 | Жұма 03.03.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
